Бақыт Мұстафин

Досыңды шақыр

Позови друга

БАҚЫТ МҰСТАФИН

Досыңды шақыр
әңгімелер

Позови друга
рассказы

Петропавл, 2016

УДК 808(082) 122
ББК 76.01
М 86
Мұстафин Б.
Досыңды шақыр. Әңгімелер. **Позови друга.** Рассказы.
- Петропавл. 2016 - 316 бет

ISBN 978-601-7247-65-7

Редакторы:
Мәлікова С.З., тарих ғылымдарының кандидаты

Құрастырған:
жазушының зайыбы Дәмелі Бүркенқызы Мұстафина

Бақыт Мұстафиннің есімі республика көлемінде кең таныс. Оның балаларға арналған әңгімелер жинағы баспасөзде жиі жарияланды, орыс тіліне аударылып журналдарда жарық көрді. Көркем тіл, келісті ойлармен жазылған әңгімелері осы жинаққа енді. Бұл туындылар жас оқырмандар жүрегіне жол тауып, оларды Отанды, туған жерді сүюге, үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеп, достық, бірлік, ынтымақ сияқты ұлы ұғымдардың сырын түсінуге үйретеді.

к-53683

УДК 908(082)
ББК 76.01

ISBN 978-601-7247-65-7

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

МҰСТАФИН
Бақыт Мүтәллапұлы

Қымбатты жас достар!

Мына қолдарыңа ұсынып отырған кітаптің авторы Бақыт Мұстафиннің есімі сендерге жақсы таныс. Ол отыз жылдан аса балаларға арнап әңгімелер жазып келеді. Оның туындылары республикалық газет - журналдарда, облыстық баспасөзде көп жарияланды, жеке кітап болып шықты.

Бәкеңнің «Алғашқы қадам» атты әңгімесі Ленинградта шығып тұратын, дүниежүзініе көп тарайтын «Костер» балалар журналында алғашқы бетке жарияланып бірден қалың қауымның наза-

рын аударған, жас достарының сүйіспеншілігіне бөленген.

Бақыттың әңгімелері республикалық «Балдырған» журналының конкурсында бірнеше рет жүлделерге ие болды, талай жинақтарда басылды.

Мен Бақытпен мектепте, университетте бірге оқыған едім. Оның ұдайы кілең «беске» оқығаны, әрқашан тәртіпті, өнегелі болғаны бізді қызықтыратын, сүйсінтетін. Кейін үлкен өмір жолында да оның осы қасиеттері жарқырап көрінгені, ел құрметіне бөлінгені, еліне жан - тәнімен көп еңбек сіңіргені бәрімізді қуантады. Оны осындай биікке ұмтылдырған ең бір ғаламат күш - қуат – туған жерге, елге деген махаббат, халқына арналған сүйіспеншілік деп білемін.

Жас достарына Бақыт аталарың ұсынып отырған жаңа кітаптің аты «Досыңды шақыр» аталыпты. Мен осы атаудың өзінен жазушының балдырған достарына қызыға қарап тұрған, олардың алғашқы қадамына қатты тебіреніп, толқып, құшағына алып сүйгісі келіп тұрған қуанышты қалпын, мейірім - махаббатқа толы кейпін танығандай боламын. Жазушы осы әңгімесімен: «Алғашқы қадамың құтты болса бүкіл өмірің көркейер» деген аталы ұлағат айтып тұрғандай сөз арнайды балаларға.

Осы кітапты оқып отырғанда қаламгердің әр әңгімесінен жас ұрпаққа ұқтырған ғибратты, өнегесі, үлгісі, тәлім тәрбиесі көркем тіл келісті оймен жүрек жаулайды. Туған жерге – Қазақстанға, оның тамаша табиғатына – кең даласына, асқар тауларына, шалқар көлдеріне, шалқыма теңіздеріне, нулы ормандарына сүйіспеншілік, туған елге – ата - анаға, ағайын - туғандарға, достарға шексіз махаббат адам бойындағы асыл қасиеттер – кіршіксіз адалдық, айнымас достық, айтқан сөзге беріктік, қайсарлық, батылдық, әділдік, еңбексүйгіштік – осы кітаптағы туындылардың арналы тақырыптары.

«Жақсы кітап жан азығы» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мына кітап жан достарымыздың, жан азығы болар, жан дүниесін көркейтер, жақсы өнеге, үлгіге үйретер қымбат дүниесі, дос серігі болар деп сенемін.

Еслəм Зікібаев

Туған жер

Күз жақындаған сайын Бейбіт алыстағы ауылды аңсап, атасын жиі - жиі ауызға алып жүрді. «Бикеге қашан барамыз? Күз әлі болған жоқ па? Күзде келіндер деп еді ғой атам», - деп папасы мен мамасын күніне бір мазалап қояды.

- Егін піскен жоқ әлі, - дейді папасы.

- Енді бір апта тос, - дейді мамасы.

- Егін піскенде барамын, атама, - деп бала үлкендердің ыңғайына көніп, бір мезгіл басылғандай болады. Сөйтсе де сағынышы күшті. Оның да өзіндік сыры бар еді.

... Көктем туып, егіншілер дала төсін дүбірге бөлеп жатқан кезде қалада тұратын Бейбіт папасына еріп Бике ауылына нағашы атасына келген - ді. Екінші класта оқитын ол көктемнің жылы лебі есіп, бусанып жатқан даланы көргенде қатты қуанып кетті. Сай - салада сарқырап қар еріп жатыр. Ал қырқалар қара мақпал көрпе жамылып, теп - тегіс бетінде жеңіл бу ғана бұрқырайды. Ормандар мұнартып көгілдір тартып тұр. Кей тұстарда қылтиып көк көріне бастапты.

Есік алдында қорапты арбаға жуас қаракер биені жегіп жатқан атасы қонаққа келген жиенін еркелетіп:

- Мен бүгін Бейбітке туған жерін көрсетейінші, - деді.

- Ата, мен қалада тудым ғой? – деп Бейбіт таңырқай түсті.

- Жоқ, сен анау қалың ағаштың қойнауында қыстауда туғансың, - деді атасы.

- Мамамнан сұрайыншы.

- Сұрамай - ақ қой, қазір арбаға мінген соң мен жолда айтамын сенің қайда туғаныңды.

- Арбаға мінейін бе, ата?

- Міне бер, қазір кетеміз. Туған жеріңе бір аунатып алайын, - деп атасы күлді.

- Үстім топырақ, шаң болмай ма? Аунамаймын, ата.

- Туған жердің топырағы асыл, аунап - аунап жерді сүзгілесең ештеңе етпейді, - деп атасы мұртын сипап мырс - мырс етеді.

- Ата, не дейсің?

- Ойнап айтамын, айналайын, жүр кеттік, - деді де атасы арбаға мініп, делебені қағып қалды.

Қаракер бие жортақтап орманға қарай бет қойды. Бейбіт атасының аузына қарап қалыпты. Туған жерін білгісі келіп тақақтап отыр. Атасы шақырайып көтеріліп бара жатқан күн көзіне бір қарап алды да, көктем шуағына сүйсінгендей бөркін бір көтеріп қойды.

- Әне анау орман Қоянқарта деп аталады, сол орманның қойнауында қойшылар қыстауы болған.

Алай - дүлей ақ борандарда біз сол ықтасында қой бағып, қыстау жайлап отырдық. Мен қой бақтым. Осындай қар кетіп көктем шыққанда мамаң біздің қыстауда қонақтап жатқанда сен туғансың. Туған жерің әне анау. Адамның туған жері өзіне ыстық болады әрқашан, - атасы жиенін құшағына ала отырып әңгімесін қоңыр үнмен нәштеп жеткізді. Оның даусы салмақты, жүзі сабырлы еді бұл тұста. Туған жер туралы тебірене сөйлеуді ұнататыны байқалады. Бейбіт те атасына еліктеп, демін ішіне тарта, тына тыңдап қалыпты.

Әңгімеге елтіп отырып атасы мен жиені Қоянқартаға қалай тез жеткендерін де аңғара алмады. Орманның қойнауы тып - тымық. Делбенің сәл ғана іркілісін тез түсінген қаракер бие тоқтай қалды. Бейбіт арбадан түсіп жан - жағына қарады.

- Ата, қыстау қайда? – деді ол.

- Міне, мына жер ғой, осы біз тұрған жер. Қой фермасы көшкен соң қыстаудың орнын жыртып тастаған. Енді міне егін себейін деп жатыр екен ғой. Күзде келсең көресің, - деп атасы айналасына мақтанышпен көз тастап тұрды. Кенет ол жиенін бауырына қарай тарта түсіп, еркелетіп маңдайынан иіскеді де, ақырын ғана жерге жығып, аунатып - аунатып алды.

- Ата - а - а - а, - деп Бейбіт сықылықтап күліп жатыр. – Үстім топырақ болды.

- Ал, туған жеріңе аунатып алдым, енді мықты боласың, енді туған жеріңді ұмытпайсың, - деп атасы күлімдейді.

- Туған жерге аунаса мықты бола ма, ата?

- Туған жер шіркін қасиетті ғой, өз топырағынан жаралған перзентіне қуат береді. Мықты болып өсесің енді. – Атасы жиенінің үстін сілкіп, тағы да арқасынан қақты. «Мықты боласың» дегенге Бейбіт масаттанып қалды. Атасы итере салса тағы да аунай кеткісі келіп ыңғайланып тұр. Бір кезде:

- Мықты болам, ата, мықты болам, ата, - деп ол жерге құлай кетіп, аунап - аунап алды. Атасы қызыға қарап қарқ - қарқ күлді.

- Жарайсың, айналайын, сен аунаған жердің егіні де бітік болар. Ертең күзде келші, көрейік.

- Рас па, ата? – деп Бейбіт тағы да таңырқай қарады. Атасының сөзі бірінен - бірі асып қызықтырады.

- Рас болар. Перзенті шын жүрегімен сүйіп аунап - қунап, аймалап жатса жер анасының да емшегі иіп кететін шығар. Күзде көрейік.

- Келемін, ата, келемін күзде! – деп еді сонда Бейбіт.

Содан бері Бейбіт Бике ауылына баруды аңсап жүрді. Туған жерін тағы көргісі келді. Сағынатын сияқты. Күз жетіп, егін толысып, орақ басталған шақта ол папасы мен мамасын бол-

май қолқалап демалыс күні ауылға тартты. Ал ауылға келген соң - ақ атасының жанынан шықпай Қоянқарта жаққа көз салды да тұрды. Атасы жақсы көретін жиенін тағы да арбаға отырғызып алып, қаракер биені бүлкілдетіп жөнелді.

Бейбіттің қуанышында шек жоқ. Жолдың қос капталындағы қалың егін сап - сары болып пісіп толықсып тұр.

- Биыл егін керемет! – деп қояды атасы. – Ал Қоянқартаның егіні тіпті тамаша!

Қаракер бие орманның өзіне таныс қойнауына келіп тоқтағанда Бейбіт арбадан секіріп түсті. Қуанғаны сонша табаны жерге тиер - тиместен егінге қарай жүгіре жөнелді. Ал сыңсыған сары алтын егін ғажап екен шіркін. Бейбіттің бойымен бірдей, киіздей қалың, тап - таза. Кере қарыс масағы сап - салмақты болып, самал тербесе - ақ ырғала толқиды.

- Айтып едім ғой, айналайын, сен туған жер неге жаман болсын. Егін биыл неткен бітік! – деп атасы масаттанып мұртын сылайды. – Жылда келіп жүрсең жылда осылай жайқалып тұрады.

Бейбіт мәз - мейрам. Егін теңізінен таңданып көз алмады.

- Ата, тағы да келемін. Жылда келемін, - дейді ол. Сөйтіп кішкентай Бейбіт туған жерін ұмытпауға бекінді.

Қызыл шоқ

Қызылжар өңірінің күзі керемет жомарт болады. Бұл жақта бос жатқан бір тілім жер көре алмайсыз. Түп - түгел егін толқып тұрады. Тұтасқан қалың ырыс ырғала толқып жатқан жайқын теңіз тәрізді. Тек қана көгілдір ормандар ортасында мұнартып ойдым - ойдым арал болып көрінеді.

Егін бас тартып, балауыз байлана бастаған шақта жеміс - жидек те әбден пісіп, әсіресе ормандардың бауыры, қойны - қоншы қып - қызыл жосадай болып жатады. Осы кезде ауыл балалары орман кезуге құмар - ақ. Қолдарына бір - бір топатай ұстаған жеті - сегізден іріктеліп, ауылдан ұбап - шұбап жөнелгендері қызық.

Бүгін бір топ бала Асылбек үйінің жанына жиналды. Бәрі де үшінші - төртінші класта оқитындар. Басқаларға қарағанда бойы қалқыңқы болған соң бұлар Асылбектің ыңғайына көніп, соның дегенімен жүреді көбіне. Кеше кешке осы жерде тез табысып, жидектің нағыз сыңсыған қордасына баруға келіскен еді. Көнтек ерін, тақыр бас қара бала Асылбек те достарын терезеден көріп, үйінен жүгіріп шықты.

- Қайда барасыңдар? Қай ағаштан іздейсіңдер? – деді Асылбектің шешесі.

Балалар үндемеді. Бір - біріне жалтақ - жалтақ карады да қойды.

- Алысқа ұзамаңдар.

Балалар аңтарылып қалды. Қай ағаштан жидек терерлерін білмей тұр. Күбір - күбір етісіп маңайдағы шоқтарды бірінен соң бірін атай бастады.

- Мама, Ұзынағашқа барсақ қайтеді? – деді Асылбек рұқсат сұрағандай шешесіне қарап.

- Одан кеше теріп кетті ғой. Ана Аманкелділер теріп келген, не қалдырды дейсің? Текке шаршайсыңдар ғой. Одан да мына бетке барыңдар, - деп шешесі қолымен түстік жақты нұсқады. – Әзір осы жақ сау тұрған шығар. Солай қарай кеткен кісі көрмедім. Ал Қызыл шоққа кірмеңдер. Қорықшы ұстап алады. Сендерді ұстап алып, кеңсеге мені шақыртып жүрмесін. Қызыл шоқ тұнып тұрған шығар. Мал да, жан да баспайды ішін. Жылда жидегін ешкім татпайды. Тұрып - тұрып ағып кетеді. Қалың ағаштың бауырындағы жидек бармақтай - бармақтай болады. Ана жылдары теріп жүргенімізде табандаткан бір шелекті бір сағатта жинап алып жүре беретінбіз. Қазір Қызыл шоқ айнала егін ғой. Онда бармаңдар. Қорықшы Есләмбек ұстап алса жидектеріңді төгіп тастайды. – Асылбектің шешесі балаларға қатты тапсырып тұрып, қызыл шоқтың арғы жағындағы көлденең түскен қара шіліктің бауырына қарай сілтеді.

Балалар осы нұсқаумен түстікке бет түзеп топталып тартты. Жидек терудің бір қызығы сол, бүкіл орман - тоғайды тінткілеп сүзіп, жаяу кешеді. Ауыл төңірегінің әр талына дейін танып, жаттап алады. Осылардың қайсысынан сұрасаңыз да, өздері өткен орманның ағаш сынып түскен ағашын да жаңылмай айтып береді. Былтырлар өз беттерімен қия басуға қорқақсып, тайсақтап тұратын. Ал биыл көктем шыға класс болып орманды біраз аралап түскен еді. Мұғалім тәтейі туған өлке табиғатымен таныстырып қызық - қызық әңгімелер айтқан. Жидек, бүлдірген, шие, қарақат сияқты орман жемістері жайлы тіл үйіргендей тамсандырып сыр ақтарған - ды. Содан бері жаз бойы Асылбек бастап өздері далаға жиі шығып жүр.

Ауылдың дәл шетінен басталатын егінді жарып ілгері тартқан қара жолды бойлап балалар Қызыл шоққа қарай жөнелді. Биіктеп қалған егіннің арасынан қылтиып бастары, кейде төбелері ғана көрінеді. Даланың керемет тәтті жидегі қызықтырып, орманның бауырына жеткенше ынтыға түседі.

- Қызыл шоқтың бауырында жидек төгіліп жатқан шығар? – дейді балалардың бірі қимағандай кейіппен әлгі ағаштың тұсынан өтіп бара жатқанда.

- Жыпыр - жыпыр жидек. Біреу әдейі төгіп астаған сияқты.

- Бір еңкейген жерден көтерілмейсің.

- Менің мамам бұрын теріпті, - десіп балалар жарыса тамсанып, өздері көргендей қызыға дәттейді.

- Асылбек, мұны неге Қызыл шоқ дейді, жапырағы жасыл емес пе? – дейді кішкентай Қанат.

- Мен атамнан сұрағанмын оны. Көктем шыға бұл шоқ қызарып кетеді. Кәрі ағаштар құлап біткен. Енді жаңасы өсіп келе жатқан балапан қайыңдар қалыпты. Олар көктемде балтыры ғана ағарып, бұтақтары қызарып тұрады, - деді Асылбек кәдуілгідей нық түсіндіріп. Осы жердің бар тарихынан хабары орнықты сияқты. Атасынан көп нәрсені жалықпай сұрай берсе керек. Бәрін біледі. Содан да болар, достары оның сөзін естуге ынтығып, маңына үнемі үйіріле кетеді.

Қызыл шоқ расында да балаларды қызықтырады. Аумағы онша үлкен емес шағын шоқ арала сияқты егіннің ортасында тұр. Көктемнен бері олай қарай малдың да, жанның да ізі түспегені анық. Айнала егіннің бір сабағы да сынбай көз тұндыра тербеледі. Мынадай дәулетті кеуделеп киіп - жарып жапырып өтуге ешкімнің дәті жетпеген сияқты. Бір масақтың мұрты

сынбағаны таң қалдырады. Самал соқса сыбдыр - сыбдыр етіп, толқындана тербеліп кетеді.

- Аң да өтпепті Қызыл шоққа қарай.

- Атымен із жоқ.

- Тап - таза, қалың егінге із бірден түседі, бұл жерде ешқандай із көрінбейді.

- Жидегі қандай екен?

- Ешкімнің қолы тимеген соң бармақтай болып бартиып тұрған шығар? – десіп балалар Қызыл шоқтың тұсынан тамсана - тамсана өтті. Қайта - қайта қарай береді. Ұзап бара жатып арттарына бұрылып та қарады.

Қара шіліктің бауырына жеткен соң балалар қалың шөпке қадала еңкейіп, қолдарымен жапырақтардың астын көтеріп, сығалап жүріп, жидек іздей бастады. Бірен - саран ғана ұшырасады. Шіліктің төңірегін түгел тінткілеп шығысты. Олай да, бұлай да жүгірісті. Тіпті таптырмауға айналды. Анда - санда сабақта салбыраған жалғыз - жарым жидек көзге түседі. Орнығып отырып теретін қордалы тұнба кездеспеді.

- Мал жайылып өтіпті.

- Мүлде жоқ.

- Текке шаршаған екенбіз.

- Үш шақырым жүрдік пе?

- Одан көп жүрдік.

К-53683

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. М. КАНОВА
г. Петропавловск

- Енді не істейміз? – балалардың салы суға кетіп, ұнжырғасы түсіп қалды. Мана келерде ара - арасында бірін - бірі қуып, жүгірісіп, ойнап - секіріп, мәз - мейрам еді. Енді бір түрлі томсырайып - томсырайып тұнжырасады.

- Ауылға қайтайық, бұдан әріде жидек жоқ, - деді біреуі.

- Ертең атпен келу керек, алысқа барайық, - деді екіншісі.

- Атты кім береді саған?

- Атамның биесін сұраймыз.

- Берер саған.

- Атам өзі алып барады.

- Онда сөйтсек қайтеді. Ауылға қайттық.

Осылай әркім әрқилы ұсыныс айтып бұлар біраз жол жиегінде үйіріліп тұрды. Көбі Қызыл шоққа қарайлай береді. «Шіркін - ай, Қызыл шоқтың іші тұнып тұрған шығар?» деген өкініш жүздерінен кетпей қойды. Балалар үн - түнсіз бұрылып, ауылға қарай беттеді.

- Осы Қызыл шоққа жалғыз аяқ жол бар шығар. Іздейікші, - деді бір кезде Асылбек. Басқалары да ең бір қиын сұрақ шешілгендей дуылдасып қостай жөнелісті.

- Бар шығар.

- Айнала қарайық.

- Бір із болса бәріміз сол ізбен кіреміз.

- Із бар.

- Бар, - деді кішкентай Қанат та.

- Сен қайдан білесің? – дейді Асылбек кәдуілгідей оған сеніп.

- Ағам отын әкелген.

- Қашан?

- Көктемде.

- Е...е...е... онда егін сепкен жоқ қой. Егін сепкен соң бұл шоққа қарай адам баласы аяғын баспайды. Оны білесің бе? Айнала егін.

- Білемін.

- Білсең ізді көрсетші, кәне?

Әлгіндей емес балалар тез ширап, елпілдеп кетті. Аяқтарын жып - жып басып, сүріліп - қабынып, тек ілгері ұмтылып Қызыл шоққа өтетін ізді кесе бастады. Тамылжыған мына жайды күнде бауыры қарауытып тыныштыққа шомылып тұрған шоқтан жанарларын алмайды.

- Міне, міне таптым! – деген Қанаттың даусы шар ете түсті. Бәрі елең етісіп, соның жанына үйірілісе кетті.

- Қане.

- Көрсетші.

- Міне мына жерден біреу өтіпті.

- Биенің ізі?

- Елік шығар?

- Білінбейді ғой.

- Әне, егінді ептеп қана жарып өтіпті. Сабақтарын қолмен екі жаққа ығыстырып,

бәрімізге бір ізбен өтуге болады, - деп Асылбек енді өзінің шешімін де айтып берді.

Расында да тұтасқан біркелкі егіннің үстіне ептеп қана сызат түскендей, білінер - білінбес із жатыр. Әр тұста егін сабақтары үйіріліп, кимелеген кеуденің әсерімен ығысыңқырап қалыпты. Орман тағысы өтетін тәрізді. Осыны ойлағанда балалардың көкірегін қорқыныш дірілі шарпып өтті. Бірақ онысын бір - біріне білдірген жоқ.

- Өтейік пе? – деп Асылбек достарына қарады.

- Сен білесің.

- Сен баста, - десті балалар.

- Ал ендеше менің ізіммен жүріңдер. Бір тал егінді жапырмай байқап басыңдар. – Асылбек өзі бастап егіннің ортасына түскен әлгі ізбен Қызыл шоққа қарай тартты. Басқалары да оның соңынан еріп, егіннің ішінен бастары ғана қалқиып тізіліп келеді. Арғы жаққа өткенде барып қана арттарына қарады. Әлгі із сол қалпына ұқсайды. Егін онша жапырыла қоймапты. Балалар бейне бір теңізді кешіп өткендей демдерін ішіне тартып өздерінің ізінен көз алмайды.

- Бір сабағы да сынбапты, - деді Асылбек. – Дұрыс жүріп өттік.

- Жас егіннің сабағы сынбайды деген атам. Қазір жапырылса да жаңбырдан соң қаулап кетеді, - деп кішкентай Қанат та көп нәрсені білетінін аңғартады.

- Қорықшыны қара? – деп Асылбек бұға қалды. Басқалар да зәре - құты қашып жерге жабысты.

- Енді қуады.

- Жидегімізді төгеді.

- Қамшының астына алар, - десіп бір - біріне ақырын сыбырласады. Қорықшы Есләмбектің мінезі қатал екенін балалар білетін. Оның турашылдығы біраз жұртты тітіркендіреді. Егінге түскен малды қамап тастап, талай кісілерге тапжылмай отырып айып төлеткен. Есләмбектің атын естігенде зыр ете қалатындар да бар. Совхоздың егіні десе ішкен асын жерге қоятын адам. Әсіресе қалың нәубеттің уызы тола бастаған осындай қауырт шақта күні - түні дамыл таппайды. Сол қорықшы міне қаталдығынан айнымағандай айбарымен атын ойнақтатып балалардың шоқтан шығуын тосып тұр. Қашан келгені белгісіз. Дыбыс бермей үнсіз қарайды. Сонысының өзі сесті. Өзі де егінді таптағысы келмейді. Әйтпесе мана - ақ шапқылап келіп, балаларды дырқырата қуып шығуына болатын еді. Өйткен жоқ. Тағаты таусылмай - ақ тосты. Балалар сонысынан қорықты. Бас көтеріспей бұғып алды бұлар. Асылбек қана ақырын сығалайды. Қорықшы сасатын емес. Ат үстінде орнықты отыр. Айналасын шола қарап алды да, бері қарай бұрылып қадалып тұрды. Балаларды көзі шалған шәксіз. Бірақ ашу шақырып, одыраңдаған мінезі байқалмайды. Бей

- жай. Егінге қызыққандай. Төңірегін тамашалап, тербелген егін толқынына ұзақ - ұзақ жүз тосады.

- Кететін емес пе, - деп сыбырлады балалардың бірі Асылбекке.

- Бізді тосып тұр.

- Енді не істедік?

- Білмеймін.

- Көрді ме бізді?

- Көрген шығар. Ізімізді аңдып тұр.

- Басқа жақтан шығып кетейік. Кейін бұрылсақ қайтеді, - деді қорқақтау біреуі.

- Егінді айнала таптай берсек тіпті ұрсады ғой, - деп Асылбек оны құптамады.

Балалар орындарынан тұрып, бастары қылтиып Асылбектің жанынан жақындап үйірілісті. Осы кезде ат үстіндегі қорықшы басындағы қалпағын қолына алып, айналдыра бұлғады. «Қорықпаңдар, мұнда келіңдер, тимеймін», деген белгісі еді бұл. Зекіген де, кірген де нышан жоқ. Ақылмен ойлауға ымдаған ишарат бар. Қалпағымен ауаны оскылап, жұлқынбайды, жұмсақ қана шақырады.

- Жүріңдер, кеттік, - деді Асылбек. – Бір ізбен жүрейік. Егіннің бір талын баспаңдар.

Бірінің соңынан бірі шұбап балалар бақайларының ұшымен басып егін ортасында қалқып келеді. Олар жақындағанда таңданып көздері ежірейе қарады. Қорықшы күліп тұр екен. Тіпті күтпеген жай. Бұлай қарсы алар деп бірі

ойламаған еді. Қалпағын басына киді де, ол аттан түсті. Аяғында былғары етік. Қарында құрық. Күлімсіреп жақындады.

- Балалар - ау, сендерді жақсы көруші едім, бұларың не? Егінді басқандарың не? Мына қылықтарыңмен ағаларыңды ұрмай - соқпай сабадыңдар ғой, - деп жұмсақ үнмен жымия түсіп алдымен Асылбектің арқасынан қақты. – Әйтеуір оңдағанда, қуанып тұрғаным сол – егіннің қадірін біледі екенсіңдер. Бір ізбен кіріп, шығып, жұқалап айтқанда егіннің мұртын да сындырмапсыңдар. Оларың жарайды делік. Ал сонда да ескертейін: бұдан былай егін қурай бастағанда мұндайға жол бере алмаймыз. Осы ақырғы болсын. Соған келісеміз бе? Кәне өздерің айтыңдаршы.

- Келісеміз, ағатай.

- Енді егінді баспаймыз, - десіп қорықшының жылы қабағын көрген соң балалар да жамырасып жатыр. Есләмбек қорықшының да көңілі жадырап жүре берді.

- Жидектің көп жерін менен неге сұрамайсыңдар? Мен өзім бастап апаратын едім ғой, - деді қорықшы балаларды өзіне тарта түсті.

- Ағатай, айтыңызшы.

- Қай жерде жидек көп?

- Бізді апарасыз ба? – десіп балалар тіпті қуанысып қалды.

- Сендерге айтуға болады. Сендер менің көмекшілерім емессіңдер ме? Егіннің үстінде жапа - тармағай жүгіріп, тығылмақ ойнаған қиқарларды да көріп едім. Ондайларды қамшының астына алып сабағаным да бар. Ал сендер жарайсыңдар. Егінді баспа деп кім үйретті өздеріңе?

- Атам айтты.

- Әжем.

- Мұғалім.

- Комбайншы ағам... – Осылай балалар енді жарыса үндеп жатты. Дауыстарында мақтаныш лебі аңғарылады.

- Ендеше ертең өзім бастап апарамын жидекке! – деп қорықшы Есләмбек балаларды Қызыл шоқтан ауылға қарай ұзатып салды.

Тұлпардың тұяғы

Күн ұзақ даланы салт шарлап келген бригадир Есләмбек қатты шаршап қалыпты. Қарагер жорғасынан үзеңгіге оралып зорға түсті. Көктемнің жылы шуағынан да болса керек, сәйгүліктей баптап мініп жүрген атының жоны жалтырап, қара тер шыланып қалыпты. Қарагер таңертеңгідей ойнақшып баспай басын шұлғып жай ғана оқыранады.

Тізгінді есік алдындағы адалбақанға қазықбау шалып үйге қарай беттеген Есләмбек екіншіде оқитын баласы Айбекті іздеді. Сабағын жаңа ғана оқып, тәмамдап, далаға шығып кеткен бала ойын қуып бұл арадан алыстап кетсе керек. Тапсырмақ шаруасын бірінші кластағы Ернарға айтты.

- Мына ат кішкене суыған соң Айбек суарып келсін. Мен көз іліп алайын, - деді де үйге кіріп кетті. Ауыл баласы емес пе, аттың суығаны – терін басып, қызуын түсіргені екенін Ернар айтпаса да біледі.

- Жарайды, - деп Ернар далаға жүгіре жөнелді. Ағасы Айбекке үлкен жаңалықты айтқанша, көшені біраз шарласа да оны таппады.

Кішкентай Ернар енді оның келмеуін жақсы көріп отыр. Есік алдында ауыздығы алынып, қаңтарулы тұрған қарагер жорға жүйріктің жүйрігі болса да, жуастың жуасы еді. Ағасы

Айбек қарагерді шарбаққа жанастырып қойып, мініп алып жүре береді. Күн сайын өзенге апарып суарып әкеледі. Бірер рет Ернардың да жорғаға мінгені бар. Жап - жалпақ жонарқаға қонжиғанда таудың төбесіне шыққандай болатын. Қазір тағы бір жорғалатып келсе артық болмас еді.

- Айбек әлі жоқ, атты суарып келсем қайтеді? – деді ол шешесіне батылданып.

- Құлыным - ау, құлап қаласың ғой! – деген шешесінің сөзі баланың намысына тигендей болып, одан сайын қайрай түсті.

- Құламаймын. Қарагерге талай рет мінгенмін. Папа суар деді ғой.

- Ендеше мен мінгізейін, ақырын аяңдатып барып кел. Қатты жүріп құлап қалма.

- Папам шаршады ғой мен суарайын, - деп елгезектеген Ернар шешесінің демеуімен тырмысып, жорғаның үстіне жарбиып мініп алды. Биік аттың үстінде тіпті кіп - кішкентай болып көрінеді. Шешесі баласының қылығына сүйсініп қарап тұр. Бала бос тастаған тізгінді шұлғып тартып қарагер ақырын аяңдап барады.

- Қас қарайып қалды. Өзен жақтан қорықпайсың ба? – деген даусына Ернар көңілді жауап қатты.

- Қорықпаймын.

Ернар ат суарып өзен жақтан оралғанда папасы есік алдында тұр екен. Иесін көрген қарагер таңауын делдите оқыранып қоя берді.

- Сусыны қанбапты ғой, Ернар? – деп папасы күлімсіреп қарсы жүрді. Ұлының шалағай ісін танып, онысын ұрыспай жайлап қана ұқтырғысы келген кейпі бар. – Өзенге ардың ба?

- Иә, - айтуын айтса да Ернар сөзінің соңын жұтқандай болып күмілжіп қалды.

- Қорыққан жоқсың ба? – Бұл жолы бала естімегендей болып үндемей қалды.

- Жүр, ендеше, екеуіміз өзенге тағы барып келейік, - деп папасы Қарагерге ырғып мініп, Ернарды алдына алғанда - ақ жорға өзенге қарай өзі бұрылып тайпала жөнелді.

Көз байланып бара жатқан шақта өзен жағасындағы тоғайлар қарауытып расында да қорқынышты көрінеді. Жаңа Ернар өзенге ұзамай іргедегі қарасудан қайтқан - ды. Енді папасына өтірік айтқанына қысылып, үн - түнсіз томсара берді.

Өзеннің құмдауыт жағасына келген соң бұлар аттан түсіп, жүгенін тізгінін түріп қоя беріп еді, қарагер жорға бауырына дейін су кешіп барып, мойынды созып жіберді де, дәл тұнығынан сылқылдатып жұтты - ай келіп. Сусыны қанғанда барып, жүгенді сылдырлатып дүр сілкінді де кейін бұрылды. Мана Ернар қаншама жебелеп ысқырса

да қарасудың бетінде шыбын - шіркей қаптаған тұнбасына тұмсық тигізіп, ерінді сылп еткізгені болмаса, ішпей қойған. Енді, міне, баланың өтірігін бетіне басып, бір бөшкедей суды бір - ақ қотарған шығар. Ернар тіпті тоңазығандай болып көзі жыпылықтай береді. Өзі және де іштей таңыркап тұр. Көл суынан осқырынған жорғаның өзен суына ынтыққаны несі екен. Баласының бұл сұрағын көзінен ұққандай әкесі жауап берді.

- Жылқы малы тазалықты сүйеді. Мынау тұлпардың тұяғы емес пе, бес күн шөлден қатырсаң да көлдің қоға татыған суын ішпейді, тісіне тигізеді де қояды.

Ернар өз қателігін енді түсінді. Қорыққанын жасырамын деп өтірік айтып алғанына өкінді. Тіпті, жылап та жібергелі тұр. Папасы соны сезді де тезірек атқа қонды.

Тәтті сәбіз

Көктем туып, жер қыза үйдің іргесіндегі бақшаға Береке мен папасы қияр, сәбіз, қызанақ отырғызған еді. Көп кешікпей бәрінен бұрын сәбіздің жас сабағы күлтелене қылтиып келе жатты. Қатар - қатарда жыпыр - жыпыр етіп тіпті әдемі көрінеді.

Қуанып кеткен Береке тағат таппай әлгі сәбіздің сабағынан күніне бірнеше рет алақанымен сипап қояды.

- Балам - ау, сәбіз сипағанға өсе ме? – деп бір күні күтпеген сұрақ қойды. Береке ойланып қалды. Сонда барып папасы:

- Сипалап қол тигізе берсең түбі босап қалады. Одан да сен күн сайын су құй, арам шөбін жұл, - деді. Содан соң - ақ Береке бақшадағы сәбіздерін дамылсыз күтумен болды. Ойнап кеткен жерінен қайырылып оралып, кішкене шелегімен у тасып жүрді. Достарына мақтанатынды.

- Сенің сәбізің ең тәтті сәбіз, соңыра өскен соң көрерсің, - деді бірде папасы.

- Оны қайдан білесің, папа? Тұқымы жақсы ма? – деп бала қызыға түсіп дамылсыз сұрай береді. Папасы айтқандай - ақ сәбіз өсіп, толысып келе жатқанда Береке бір түбін жұлып алып, жуып жеп көрді.

- Тәтті ме кене? – деді папасы.

- Қант қосқан сиякты, - деді сүйсінген Береке. – Папа, ең тәтті сәбіз болатынын қайдан білдің?

- Ісіңнен. – Бала таңырқай түсті. – Сен оны сумен ғана емес, еңбекпен де суарған едің. Тәттілігі содан ғой. – Береке сәбізін достарына көрсетпек болып жүгіре жөнелді.

Дос ашуы

Сабақтан келген соң Ерік Берікті үйінен ертіп алып шыққан - ды.

- Жүр, велосипед тебейік. Біраз ойнайық, - деген Ерік. Берік алғашында көніңкіремеді.

- Менің велосипедім жоқ, саған жалына беремін бе? Одан да үйде ойнаймын, - деді ол. Бірақ бірге оқитын досы еркіне қоймады, ақыры азғырып алып шықты. Екеуі велосипедті кезекпен тебуге келісті.

Алғашында бәрі де ойдағыдай еді. Екі бала қалтарыстау қалған тыныш көшеде ерсілі - қарсылы зуылдап велосипед қызығына беріліп кетті.

Арада әжептәуір уақыт өткен еді, бір мезетте үйдің есігі қатты ашылып, қабағы келіспей кірген Берік – диванға келіп бұртиып отыра кетті. Ауызы томпиып ашулана қалыпты.

- Саған не болды? – деп сұрады мамасы. Бала үндеген жоқ. Тек төмен қарап тұқжыңдай берді.

- Төбелестіңдер ме?

- Жоқ. Біз ешқашан төбелеспейміз, - Берік бұл сөзді кәдуілгідей қопаңдап, мақтанып айтқандай болды.

- Енді неге ренжіп тұрсың? Ерік ренжітті ме?

- Иә. Мақтанып велосипедін тебуге бермеді. Өзі шақырып алып шықты. Енді онымен ойнамаймын.

- Екеуің дос емессіңдер ме? – деп мамасы қасына келіп, баласының бұртыңдап ашулана қалған қызық кейпіне күле қарайды.

- Дос болғамыз, - деп Берік күмілжиді.

- Ә, ендеше достар бір - біріне ешқашан ашуланбайды. Ал, егер ашуланса ашуы бес минуттан аспай тез тарқайды. Кәне, мен сағатқа қарайыншы. Сендер доссыңдар ма, жоқ па, соларыңды мына сағат айтып берсін. Екіден он минут кетіпті, - деп мамасы қабырғада ілулі тұрған сағатқа қарады. Берік те еріксіз солай бұрылды. Сағатқа қараймын деп басын көтергенде мамасына көзі түсіп күлімсіреп жіберді.

- Ол өзі келмесе бармаймын, мен кінәлі емеспін ғой, - дейді ол манағыдай емес жібіңкіреген кейіппен.

- Сен де кінәлісің, - деді мамасы ұлына қарап.

- Қалай кінәлімін?

- Солай. Тек жаман адам ғана жоқтан өзгеге ашуланады. Ал, жақсы достар бір - бірінің кемшілігіне кешірімді болады. Бұртыңдап ашулана бермейді. Соны түсін.

- Түсінемін оны. Өзі велосипедін бермейді. Не істейін. – Берік өз кемшілігін мойындағандай орнынан тұрды.

Осы кезде есік те ашылып Еріктің басы көрінді.

- Берік, сен неге кетіп қалдың? Мен екі - екіден айналайық дедім ғой. Түсінбей бір - ақ тарттың, - деп ол тіпті араларында ештеңе болмағандай аңқылдап сөйлейді. – Ал, енді сенің кезегің.

Ұялған Берік қызарақтап сағатқа қарап еді екіден он бір минут өтіпті. Тықылдаған сағат тілі де бұлардың достығына шек келтірмей енді ілгері жылжып бара жатқан сияқты. Әлгінде бір орында тұрғандай көрініп еді.

- Мама, бір - ақ минут өтіпті, - деген Берік далаға ата жөнеліп Еріктің соңынан тартты.

Кім озды?

Тетелес өсіп келе жатқан Бірлік пен Ерлік таңертең дастархан басында тағы да қағысып қалды. Кешеден бері екеуі айтысып бірін - бірі жеңе алмай жүр. Осыдан бірнеше күн бұрын папасы бұларға қызық бір шарт қойған еді.

Бірінші Майға дейінгі бір айда кімнің күнделігінде бестік көп болса, сол озып шығады, - деді ол біріншіде оқитын Бірлік пен екіншідегі Ерлікке. Екеуі сабаққа ынталанып - ақ берілді.

Дәл мереке күні демонстрацияға барар алдында Бірлік пен Ерлік тағы да папасынан төрелік сұрады:

- Кім озды, папа?

- Екеуің қатар келесіңдер, бестіктерің бірдей, тепе - тең, - деді папасы.

- Менің төртім көп қой.

- «Бес» артық па, «төрт» артық па? – десіп екеуі тағы тайталасты.

Мынадай мереке күні озып шыққанды екеуі де жақсы көреді.

- Жарайды, таласпаңдар. Бесті ғана есепке алайық, - папасы екеуін екі қолтығына қысып, арқасынан қақты.

Тамақ ішіп болған соң орнынан бірінші болып тұрған Бірлік:

- Папа, мұғалім мерекеде үйлеріңнің айналасы тап - таза тұрсын деген. Сыпырғыш пен күрек қайда? – деді.

- Үлкен күрекке тиме, оны мен аламын, сенің оған әлің келмейді, - деп шайын тауыспай шәшкесін төңкере салған Ерлік те асықты.

- Мен кішкентай күрекпен де сенен қалмаймын, - деп Бірлікпен жарысып Ерлікте сыртқа жүгірді.

Екеуі далаға шыққан соң жаңағы айтысқандарын да ұмытып, бір - біріне көмектесіп, әп - сәтте үйдің айналасын сыпырып - сиырып тазалап қойды. Содан соң ғана ойынға кірісті. «Кім озды?» - деп бір - бірінен сұраған да жоқ.

Кемелдің күлкісі

Бір күні кешкісін сабаққа әзірленіп отырған Кемел мен Емел жоқ жерден айтысып қалды. Үшінші класта оқитын Емел өзінен бір жас кіші Кемелдің титтей бір кемшілігін көрсе қолын шапалақтап алақайлап шыға келетін. Ондайда бүкіл үй ішіне жар салып, інісін әбден мазақтап маза бермейді. Бұл жолы да ол Кемелдің күнделігіндегі екі «үштік» бағаны көріп қалып, оны қатты қорқытты.

- Енді сені демонстрацияға жібермейді.
- Неге? Жібереді.
- Бәс тігейік, жібермейді.
- Жібереді. Барамын. Папамнан сұрайық?

Екеуі таласқан бойы папасына келді. Бұл шынында да қиын сұрақ екен. Папасы да тосылып қалып желкесін қасыды.

- Жібереді ғой, бірақ... – деп күмілжи беріп еді, Емел өз дәлелімен кимелеп кетті.

- Демонстрацияға барған кісі қуанып, күліп жүруі керек. Сен үшіне қуанып, күлесің бе? Одан да бармаған артық, - деп ол Кемелді тіпті жасытып тастады. Інісінің көзі жасаурап кетті. Ол осы уақытқа дейін Республика күні демонстрациясына бармақ болып әзірленіп жүр еді. Емелдің жаңағы сөзі сол арманын алыстатып жібергендей

болды. Әйтеуір папасының айтқан ақылы көңілін қуанышқа кенелтіп, үміт ұшқынын үрлеп жіберді.

- Мерекеге дейін әлі уақыт бар. Үшінді түзетсең сен де демонстрацияға күліп барасың, - деді папасы.

Сол күннен бері Кемел өзгеріп сала берді. Күн сайын сабағына мұқият әзірленіп, кітабына қадалады да отырады

Айтқандай - ақ арада көп күн өтпей оның да күлкісі түзелді.

- Папа, демонстрацияға барамын ба? – деп қуанып оралды ол мектептен бес алған күні.

Кішкентай Кемел де осылайша мереке демонстрациясына әзірлене бастады.

Асыл дәрі

Күн ұзаққа далада ойнаған Жомарт пен Мереке кешкісін үйге тығылып, диван маңын айналсоқтай берді. Жомарт қолымен қайта - қайта жағын басады. Екі беті алабұртып қызара қалыпты. Дивандағы жастыққа сәл қисаяды да тағы тұрады. Шыдай алмай олай - бұлай жүріп барып тағы да жастыққа басымен көміліп кетеді. Сірә суықтан болса керек, тісі қақсатып жүр. Мереке де оның маңынан шықпайды.

Жомарт көрші ауылдан Мерекеге қонаққа келіп еді. Көптен көріспеген соң ба, әйтеуір екеуі асыр сала шаттанып көп ойнады. Ойынды Жомарттың тіс ауруы ғана бөлді. Ол тіс ауруын емдейтін дәрінің бәрін біледі екен. Бірінен соң бірін мамасынан сұрап алып ауру тісіне басып әлектенді. Бірақ тістің қақсағаны басылмады. Жомарт солқылдап жылауға айналды.

Бүкіл үй іші аяғынан тік тұрды. Келген қонақтар, Мерекенің папасы мен мамасы да абыржып қалған. Әркім өздері білетін дәрінің пайдасын айтып жатыр. Бірақ бала байыз таппады. Тісі сәл басылып, қайтадан солқ ете түскенде жан даусы шығады.

Біраздан соң Жомарт ақырын ыңқылға көшті. Сөйтіп жатып ұйықтап та кетті. Үй іші де жайла-

нып, дастархан басына отырған. Шай кесесін ала берген қонақтың бірі:

- Балалар бірін - бірі сағынып қалыпты - ау, - деді.

Жұрттың бәрі жалт қараса, Мереке Жомарттың тісі ауырған жағынан сүйіп жатыр екен. Өзіне қадалған көп көзден ұялып тұкжыңдап қалды. Кейін барып қана Мереке Жомарттың папасының құлағына сыбырлап керемет күшті асыл дәрі туралы айтты.

- Жомарт енді ауырмайды, - деді Мереке.

- Неге?

- Мен ауырған жағынан сүйдім. Енді ауырмайды. Менің атам қандай ауырса да мен сүйгенде атып тұрады. Жомарт қазір ұйықтап жатыр. Оянса ауырмай атып тұрады.

- Сенің сүйгенің керемет дәрі екен ғой.

- Атам сенің сүйгенің асыл дәрі дейтін! – осыны айтты да Мереке масаттана қарады.

Дастархан басындағылардың бәрі бұл жаңалыққа таңырқап, рақаттана күлісті. Ал расында да Жомарт ояна сала ойнап кеткен еді. Асыл дәрінің қуатына Мерекенің өзі де әлі күнге дейін таң қалады.

Болашақ қиқыш

Алмат пен Қанат екеуі де бастауыш кластарға барып жүрген тетелес ағалы - інілер. Алмат естиярлау болған соң папасы ылғи соның есімін бұрын атап, ұсақ - түйек шаруаға жиі жұмсайтын. Ондайға бала да елгезек. Ауыз үйде отырған папасы:

- Алмат, ұстараны әкелші, - деп еді Алматтың төбе құйқасы шымырлап қоя берді. Папасы бұлардың шашын алмақ болып жатқанын бірден түсінді де, шапшаң ұстараны апарып беріп, далаға асықты. Дырылдатып шаш алғанды жаны жек көреді. Басының ақ құйқасын сыр - сыр еткізіп, шашын сыпырып жатқанда кейде шыдай алмай жылап жіберетіні бар - ды. Мұндайда кішкене болса да Қанат қайсар.

- Алмат, қайда асықтың? – деп папасы күлгенде барып ол есіктен кейін бұрылып, ұяң жымиған қалпы әкесінің жанына келіп отырды. Бұл өзінің жасқаншақтап, қашқалақтағанына ұялған түрі еді.

- Қорықпа, біздің Қанатты қарашы, түк қорыққан жоқ, - деп еді, кішкене ұлы шешесіне шашын сабындатып келіп, ұстараға басын өзі тосты.

- Шіркіннің шашы қатты, мінезі де солай болмаса жарар еді, - деді мамасы.

- Шашы қатты болса, қайратты болғаны, - деп папасы қылпылдаған ұстараны тізесіне бір - екі жалатып, жанып - жанып жіберді.

- Менің де шашым қатты, - деді Алмат та басын ұстап.

- Сен де қайраттысың, Қанаттың ағасы емессің бе? – деді папасы.

Өткір ұстара лыпылдап сызып түскен сайын шашы сыпырылып Қанаттың басы тақырланып келеді. Қанат бір де бір рет қыңқ еткен жоқ. Кенет папасы Алматқа қараймын дегенде ұстарасы тайып кетіп, болмашы ғана қан жылтырай қалды.

- Ойбай, кесіп кетті, - деп Алмат алдымен жар салды. Бірақ оған Қанат сасқан жоқ.

- Жыламаймын бәрібір, - деп ол отыра берді. Шашын алып, басын жуып, әбден мұнтаздай етіп болғанда барып папасы Қанаттан:

- Енді мүлдем жыламайсың ба? – деп сұрады.

- Папа, мен ешқашан да жыламаймын. Ұшқыш боламын. Ұшқыштар жыласа көзі жасаурап, алдын көре алмайды ғой. Сосын құлайды. Мен жыламаймын, - деді Қанат. Папасы мәз болып рақаттана күлді. Бұл кезде Алмат та шашын сабындап отырып жатқан - ды.

Қорықпайтын Қанат

Солтүстік Қазақстан өңіріндегі құтырынған қатты боранның бұрқырап - бұрқырап барып басылған бір мезеті болатын. Ауыл үйлерінің түтіні шудасын ширатып тік ұшады. Көшелерді көлденең кесіп, жал - жал теңкиген қалың күртіктер көсіліпті. Сол күртік таулардың төбесі қазір балалардың базарына айналған. Үсті - бастары ақ қарға көміліп бәрі сайранды салып жүр.

Қаладан қонаққа келген кішкене Қанат сол қызыққа терезеден құмарта қарап, тағы да далаға аңсары ауып тұрды. Жүгіріп шығып қазір - ақ құлындай ойнақ салып кетер еді, әттең суықтан қорқады. Мана есік алдына бір рет шығып еді, бүкіл бет - аузы қызарып мұрнын тартқыштап, дірдектеп оралды.

- Ойбай, қолың домбығып кетіпті ғой, деп мамасы оның қолын әрең жылытып алды.

Даладан бір құшақ суық ала кірген Әділге де әжесі ұрысып жатыр.

- Ана қонақты неге ойнатпайсың? Өзің ғана жүгіре бересің.

- Өзі ойнамайды. Суықтан қорқады, - деп Әділ де ақталып, өзінің тоңбайтынына мақтанған кейіппен қодыраңдап малмандай су болған биялайын пештің иығына қойды.

- Сен қорықпайсың ба?

- Біз қорықпаймыз. Қырық градус аязда да асыр салып ойнай береміз.

Әділдің мына сөзі Қанаттың намысына тигендей еді. Әрине, жаңағы қырық градус аязда ойнаймыз дегені артық болар. Бірақ бүгінгідей суықта ауыл балаларының асыр салып жүргені рас.

- Мама, енді суықтан қорықпаймын, - деді Қанат жылынған соң, тағы да далаға шығуға ыңғайланып.

- Әділ, ендеше екеуің ана күртік тауға шығып ойнаңдар. Қанат тоңып қалмасын, - деп мамасы Қанатты жылы киіндірді де, Әділге тапсырып бірге далаға жөнелтті.

Сыртта бораннан соңғы қалың қарды бекіткендей бетті шымшыған шыңылтыр аяз бар еді. Ауыздан шыққан лебің ақ бу болып бұрқырайды. Бетті қарыған аяз демінен тұла бойы түршігіп, Қанат есік алдынан ұзамай қалтиып тұрып қалды.

- Жүр, күртік тауға шығайық, - дейді Әділ қолынан жетектеп, бірақ Қанат тартыншақтап көнбейді. Суық тұла бойын кернеп бара жатқан сияқты.

- Тоңамын.

- Суықтан қорықпа. Қорықпай қимылдасаң тоңбайсың. Міне, осылай жүгірші, - деп Әділ күртік таудың басына жүгіріп шығып, сырғанап қата түсті. Тіпті, суықты елең қылар емес. Қанат,

біраз тұрған соң, алдымен саусақтарының басы мұздайын деді. Сонсоң барып білегі тоңа бастады.

- Кәне, шанаға мін, - деп Әділ қонағын кішкене шанасына мінгізіп алып сырғыта сүйрей жөнелді. Зулатып ауылдың басына қарай алып кетті.

Шананың үстінде қалың киіммен иліге алмай отырған Қанаттың алдынан жел соққанда ол тіпті жаурай түсті. Көзінен жас парлап кетті. Көшенің басына келгенде жылап қоя берді. Сол жылаған қалпы шанадан домалап түсіп қалды. Қолы илікпеген соң биялайы да ұшып кетті.

Бұл кезде балалар үйден едәуір ұзап кеткен еді. Қанаттың қолы ісініп қып - қызыл болып қалыпты. Сасқалақтаған Әділ жалма - жан ақ ұлпаны көсіп алып Қанаттың қолын қармен ысқылай бастады. Кішкене Қанат жылауын одан бетер үдетті.

- Жылама, қазір қолың жылынады. Мә, биялайыңды ки! – деп Әділ қонағының қып - қызыл кішкене қолдарына биялайын кигізіп, жетелеп жүгіре жөнелді.

- Жүр, жүгір, үйге дейін жүгірейік. Сонда тоңбайсың!

Қанат жылаған қалпы қалың киіммен балпаңдап жүгірген болды. Әділ еркіне қоймай сүйрелеп келеді.

- Тоқтасаң тоңып қаласың! – деп қояды. Жүгірген сайын Қанаттың қолы қыж - қыж қайнап, бүкіл денесі бусанып келеді.

Бұлар үйге келгенде мамасы есік алдында аландап тұр екен.

- Тоңдың - ау, құлыным, - деп мамасы ұмтыла беріп еді, Қанат манағыдай емес көңілді үн қатты.

- Суықтан қорықпаймын, - деп жүгіріп барады.

Міне, осылай ол қорықпайтын Қанат атанды.

Қайсар

Сабақ біткен соң мұғалім тәтей балаларды алып қалып, әңгіме өткізген еді. Алуан түрлі сұрақтар туындап үшінші класс оқушылар өздерін қызықтырған жайларды сұрап жатты. Сөздің реті келген бір сәтте өз құрбыларынан кенжелеу сары бала Мереке қолын көтеріп:

- Тәтей, қайсар деп кімді айтамыз? – деді. Бұл сұрақ мұғалімді де елең еткізіп, әңгіменің жаңа бір арнасына ауысты.

- Балалар, рас - ау, қайсар деп кімді айтамыз? Сендер білесіңдер ме? – деп ол сұраққа ойланып қалған балаларды айнала шолып шықты. Енді балалардың өздерін тыңдағысы келіп, жауап күткен болып байқатты. – Ойланыңдар, сосын жауап беріңдер.

Жаңа ғана жамырап шуласқан балалар ауыздары бұлтиып монтия қалыпты. Бәрі де ойланып отыр.

- Гагаринді айтамыз! – деді бір бала қол көтеріп.

- Дұрыс, - деді тәтей. Осыдан кейін - ақ оқушылар желпініп бірінен соң бірі қол көтеріп өздері білетін батырларды атасты.

- Бәрі дұрыс. Ал біздің арамызда қайсар бала бар ма? – деп мұғалім оларды тағы да ойландырды.

- Бар. – Дүдамалды шыққан дауысқа бәрі жалт қарады. Қосан екен. Бүкіл класс өзіне бұрылғанда бір түрлі қысылыңқырап қалды.

- Кәне, айта ғой. Білгенің дұрыс, - деп мұғалім қостап орнынан тұрғызды.

- Біздің класта Қасым қайсар.

- Жарайды онда. Ал сен бізге Қасымның қандай қайсарлығын айтып бере аласың?

Орта тұста отырған Қасым балалардан ірілеу еді. Бұл кезде ол қопаңдап айналасына қораздана бір қарап қойды. Қосан ойланыңқырап, аузына сөз түспей бөгелектеді.

- Ботанның итін ұрғанымды айтсайшы, - деп бір кезде Қасымның өзі сыбырлап қалды.

- Тыныш отыр, Қасым! – мұғалім тәтей бәрін бақылап тұр екен. Қосан есіне жаңа түскендей күлімсіреп айта бастады.

- Біз әнеугүні Ботан үйіне Қасым екеуіміз барғанда иті қауып ала жаздады. Қақпаның артынан арс ете түскенде шошып кеттік. Сосын Қасым айырды ала салып итті ұрды - ай келіп. Қорыққан жоқ. Қасым қайсар емес пе, тәтей? – деп Қосан мұғалімге қарады.

- Ит байлаулы ме еді?

- Ия.

- Ендеше Қасым қорқақ. Байлаулы итті ешкім ұрмайды.

- Байлаулы итті қорқақ қана ұрады, - деп қыздар шу ете түсті. Қасым тұқжыңдап қызарақтайды.

- Бұл қайсарлық емес, - деп мұғалім балаларға үй жануарларын күту жөнінде біраз әңгімеледі. Сөйтті де бір сұрақ берді. Бірінші болып Мереке қол көтерді. Мұғалімнің көзі Қасымға түсіп еді, балалардың бәрі де солай қарай бұрылды. Ал Қасым әлгі сұрақты білмейтін еді. Партаға жабысып, алдындағы оқушының жауырынын қалқалап бұқжиып барады. Тіпті басын көтермейді. Қорқып, қыпылдап отырған сияқты.

- Кәне, Мереке, сен жауап берші, - кішкентай сары бала орнынан қаздиып атып тұрып, тақ - тақ етіп жауап берді. Тіпті кірпігін де қақпайды, қиын сұрақтан қорықпай қайсарланып жауап береді. Қасымның жауырыны осы кезде ғана көтеріліп, түзу отыра бастады.

- Ал, балалар..., - деп мұғалім тағы бір сұрақты ортаға салды. Балалар бірінен бірі озып түсуге қызығып, ойланыңқырап отыр еді. Мереке тағы да бірінші болып қол көтерді. Қасым тағы да көзі жыпылықтап, айнала бұралаң - бұралаң етіп, партаға бұқты.

Міне, осылай әңгімеден әңгіме туындап сұрақтар қиындай берді, ал кішкентай Мереке қайсарланып солардың бәріне қол көтеріп,

дұрыс жауап береді. Қасым қиын сұрақтан қорыққанынан қыпылдап түзу отыра да алмады.

- Балалар, сонымен кімді қайсар дейміз? – деп мұғалім әңгіме соңын түйіндеуге айналды.

- Қандай қиын сұрақтан қорықпаса, қасқиып тұрып жауап берсе, ол қайсар ма, жоқ па?

- Қайсар.

- Ендеше бүгін біздің класта кім көп жауап берді?

- Мереке.

- Мереке қайсар, - деп балалар бір ауыздан айтты. Мұны естігенде кішкентай Мереке құлағына дейін қызарып қуанып кетті. Қасым оған қызыққандай қайта - қайта қарай береді.

- Рас, әй, Мереке қандай қиын сұрақтан да қаймықпайды, - дейді ол қасындағы балаға.

Қасқа құлын

Есілдің осы бір сағасы жаз ортасында жайнап тұрады - ау, шіркін! Даланың ерке өзені әбден сабасына түсіп, мөлдір суы тұп - тұнық болып түбіндегі тастарға дейін көрініп жатады. Қазір жап - жасыл тоғай жапырағын жайып, күн нұрына балқып тұр. Аспан ашық. Мезгіл түске тармасқан шақ. Үп еткен жел де жоқ. Тып - тынық. Табиғат бейне бір тал бойын таранып, тамылжып тұрған тәрізді. Алуан түрлі шөптің, жайқалған гүлдің жұпар иісі мұрынды қытықтайды.

Қорықшы Сайран осы жерден шөп шабуды ұнататын. Қарны теңкиген құла биесін доғарып,жайдақ арбаның қос жетегін ұшынан көтермелеп тартып байлады да, аспанға қақырайтып қойды. Айнала шапқылап, манадан алды - артты орап ойнақтап жүрген құла қасқа құлын арандап қалмасын деп арбаның жанында ербиген ештеңе қалдырмай, түгел құнттап жинастырып тастады. «Ал енді еркің білсін, ойнақта, шапқыла, мейлің» дегендей ол қасқа құлынға қызыға қарап тұрды.

- Сурет сияқты емес пе, ә? – Қорықшы басын шайқап сүйсінгенін білдірді де, қасындағы кішкене Ақылбекке қарады. – Астанада осындай құлын көрдің бе?

- Жоқ, - деді бала.

- Тамаша ғой, ә?

- Жүйрік, - дейді Ақылбек көзі оттай жайнап. Қасқа құлын расында да, керемет көрікті еді. Ұзын сирақтары, оймақтай тұяқтары, күлтеленген жібек жалы – бәрі жарасымды да сүйкімді. Қылығы тіпті тәтті. Дәл бір еркелеген бала сияқты тайраң - тайраң етеді. Қасына келіп, ептеп жақындап жуасып, иіскеленіп, тұмсығымен әр нені түртінектеп тұрады да, кенет құлағын тікірейтіп алып, секіріп - секіріп айнала апыр - топыр қылып шапқылайды - ай келіп. Құлдырап ұзап кетеді, жалт беріп қайта оралады. Желмен жарысатын сияқты. Ойыны таусылмайды. Кейде монтиып енесінің жанында тұра қалады да, ұмытқаны есіне түскендей емшекке бас салып, биенің бауырын түрткілеп жатады.

Ақылбек соның бәріне тым қызыға қарайды. Ол осында папасымен қонаққа келген еді. Биыл алғаш рет мектепке бармақшы. Қорықшы Сайран шешесінің туған ағасы болатын. Мана арбаға бие жегіп, шөп шабуға бармаққа болғанда Ақылбек пен папасы «Есілді көреміз» деп бірге ере келген - ді. Екеуі де қасқа құлыннан көз алмай тұр. Сайран арбадан шалғыны алды да, күн көзіне шағылысып жалтылдаған өткір жүзін бармағымен басып көрді. Қалтасынан ақ қайрағын суырып, шалғысын жанып - жанып алды. Сосын

алақанына бір - екі түкірді де, тұнып тұрған көк шалғынды суылдатып ора жөнелді.

- Алақанға неге түкіреді? – деп Ақылбек папасының құлағына сыбырлайды.

- Күшің қайтпайды, шаршамайсың.

- Құлын шапқан шөпті жей ме?

- Ең жұмсағын, жұпардай тәттісін жейді.

- Мен құлынға беретін жұмсақ шөп жинаймын, - деп Ақылбек еңкейіп шалғынды кезе бастады.

Ол шынында да өмірінде құлынды бірінші рет көрген екен. Кешке дастархан үстінде үлкендер әңгімелесіп отырып, қасқа құлын мен Ақылбектің бүгінгі қылықтарын мәз болып еске алысты. Ақылбек құлынға жақындап, жүні жылтыраған денесінен сипағысы келеді екен. Бірақ анау маңына жуытпайды. Осқырынып тұрады да, бала қолын соза бергенде бір - ақ зытады. Ақылбек соңынан жүгіреді. Құлын шапқылап Ақылбекті айнала береді. Осылай екеуі күн ұзаққа біраз ойнап достасыпты.

Жұрттың бәрі дабырласып отырғанда Сайран нағашысы Ақылбек күтпеген өз ойын айтты.

- Қасқа құлынды жақсы көресің бе? – деп сұрады әуелі.

- Керемет жақсы көремін! – деді Ақылбек.

- Ендеше, нағашыңның саған мінгізгені болсын, сен иемден. Саған атадым, енді оның иесі сен боласың, - деп қорықшы Сайран жиенін бау-

ырына тартып, бетінен сүйіп, маңдайынан иіскеді. Асылбек не айтарын да, не істерін де білмеді. Сасқанынан нағашысының бетінен ол да сүйді. Отырғандар ду күлді.

- Нағашың ат мінгізген соң сүйіп жатырсың ба?

- Жарайды, жөн біледі өзі, - десіп бәрі мәз - мейрам. Ақылбектің мына қылығы тіпті қызық болып кетті. Күлкі көпке дейін тыйылмады. Бала ұялып қалып, біраздан соң папасының құлағына сыбырлап жатыр.

- Папа, енді не істеуім керек? Мен қателестім бе?

- Жоқ, өте дұрыс. Нағашыңды сүймегенде кімді сүйесің? Құшақтап сүйгенің дұрыс, - деді папасы.

Ауылға келерде папасы біраз ақыл айтқан еді. Үлкендерге сәлем беруді үйреткен. Оның бәрін Ақылбек дұрыс орындап шықты. Нағашылары разы болып жатты. Үй ішіндегі әңгіме саябырсыған бір сәтте Ақылбек папасына сыбыр етті:

- Қасқа құлынды бізге жай берді ме?

- Жай берді.

- Неге?

- Саған берді. Мінсін дейді.

- Неге жай береді.

- Сенің нағашың емес пе? Саған сыйлыққа берді. Ол сенің мамаңның туған ағасы, сені жақсы көреді. Сосын беріп отыр.

Сайран бұлардың әңгімесін естімеген болып теріс қарап қалған. Бірақ бәрін де тыңдап отыр. Ақырын күлімсірейді. Ақылбек папасының дәл құлағының түбіне аузын тақап тағы да сыбырлады:

- Құлын қанша тұрады?

- Оны қайтесің, ондай сұрақ қойма, нағашың ренжіп қалады.

- Неге?

- Ол саған сатып отырған жоқ қой.

- Сонда да...

- Сұрама, жарамайды...

- Мен оған не беремін? Жай алуға болмайды ғой.

- Қойшы енді. Ол сенің бауырың емес пе. Ертең өскенде өтейсің борышыңды.

- Қалай өтеймін?

- Ол қартаяды, қалжырайды. Сен жігіт боласың, өсесің. Сонда қолтығынан аласың, көмектесесің.

- Әй, құлыншағым, мында келші, менің тіземе отыршы, - деп Сайран жиенін алдына шақырды. Елжіреп, емірене қарайды балаға. Ақылбек қызарақтап нағашысына қарай аяғын ақырын басып барады.

- Папаң да, мамаң да сені тағы қылып өсірген екен. Манадан екеуіннің әңгімелеріңді құлағым шалып отыр. Не сыбырласып отырсыңдар? Алдымен мынаны ұғып ал: нағашыңның алдында ешқашан ұялма, сыбырлап сөйлеспе. Әлде қорқасың ба?

- Жоқ.

- Ендеше еркін, ашық сөйле. Екіншіден, мен сенен қасқа құлын үшін ақша сұрадым ба?

- Жоқ, - деп Ақылбек зорға үн қатып ұялғанынан қашып бара жатыр еді нағашысы жібермеді, арқасынан қағып бауырына тарта түсті.

- Тағы да ендеше дейін, мен сенен ақша сұрамаймын. Қасқа құлынды саған сыйға тартып отырмын. Қазір енесін еміп жүре тұрсын, ертең тай болғанда алып кет. Мінесің бе, не қыласың, оны өзің білесің. Менің сенен бір - ақ тілегім бар. Соны орындап жүрсең болды. Орындайсың ба?

- Орындаймын.

- Ендеше тілегім мынау: онда ауылға келгенде нағашыңа сәлем беріп, мойныма асылып, маңдайынан иіскетіп сыйлап тұрсаң болды. Бар қалауым осы. Келесің бе?

Ақылбек басын изеді.

- Ендеше құлыныңа ат қойып кет, - деді Сайран.

- Ақылбек олжалы болды ғой!

- Қайырлы болсын! – десіп жатыр үлкендер.

Осыдан кешке дейін Ақылбек қасқа құлынның маңына дейін кетпеді. Тоғайдың қойнауынан шауып әкелген көк шөпті уыстап аузына да тосады. Құлынның жұп - жұмсақ ерні жыбыр етіп, шөпті талдап жұлып күтір - күтір шайнайды. Сәби сиякты. Баланың кішкене алақанын да иіскелейді. Ақылбек оған жақсы ат іздеумен де әлектенді.

Қалада құлағына қаныққан талай аттарды санап шығып еді, папасы ұнатпады.

- Жұлдыздай аққан жүйрік болсын, жұлдызым десейші, - деп Сайран нағашысы қасқа құлынның атын өзі қойып берді.

Ақылбек түнде төсекте жатып та біразға дейін қасқа құлын – Жұлдызын ойлаумен болды содан соң Сайран нағашысы көздің алдынан бір кетпеді. Күлімсіреді де тұрады. Жүзі жылы. Бұлар таңертең қалаға аттанады. Ақылбек сонда қалай қоштасарын білмейді. Қол бере ме, құшақтай ма, бетінен сүйе ме? Әйтеуір Сайран нағашысын сондай жақсы көретінін білдіргісі келеді. Кішкентай басында осындай ойлар сапырылысып жатып ұйықтап кетіпті...

Түнгі оттар

Алтын күз деп ардақтайтын ғажап бір мезгіл еді. Есіл өңірінде осынау шақта шынында да сөз маржанының қандай зерімен кестелесе де сыйымды. Жер дүние сап - сары бояуға малынып тұр. Төңіректің бәрі тұтасқан егін. Судыр - судыр етіп қурап қалыпты. Өзі қандай қалың әрі биік. Масағы майысып ырғалғанда ырыс кернеп толқығандай болады. Танаптардың кейбірінен комбайндар жүріп өтіпті. Астығы жиналған. Жыпырылыған сабан шөмелелері ғана көрінеді. Көп комбайндар алысырақта көзге шалынады. Теңізге жүзген кемелер кейіпте елестейтіні рас.

- Осы жерге тоқташы. Ағаңа мына егінді бір көрсетіп алайық, - деді бригадир Мырзан, машинаны жүргізіп келе жатқан баласы Қайыргелдіге. Егін арасын індете қуалаған қара жолмен ақырын ғана баппен зырлап келе жатқан қызыл түсті «Жигули» тіпті дыбыссыз тоқтады. Доңғалақтарының кесек балшықтарды күтірлеткені ғана естіледі. Мотор үні болар - болмас қана гуілдеп құлаққа шалынады. Машина тіпті кей тұста өз екпінімен жеңіл сырғып келе жатқандай болған - ды.

- Ана Ақбас дөңіне бармадық па, папа. Сол жер керемет еді? – деп Қайыргелді машина есігін сырт еткізіп еппен жауып жатыр.

- Оған да барармыз, - деді. – Ал, қонағым, мінекей тың төсінің егіні осындай болады. Көруіңізге де, қуануыңызға да жетіп жатыр.

Үшеуіміз егін ортасына кірдік. Ілгері бойламай шетте тұрмыз. Мынадай кеудеден келетін керемет егінді жапырып басқымыз келмейді.

- Тамаша екен! Қайырлы - құтты болсын. Еңбегіңіз жанған екен, - деп таңданып. Мен де қуанып қалдым. Егіннің бітімі бөлек екені көзге айқын көрініп тұрды. Масақтары қызық. Әдеттегідей мысық мұрттары жоқ. Жұп - жұмыр, ұп - ұзын. Қорғасындай салмақты. Ауыр ырғалады.

- Аға, мынау бидайдың жаңа түрі, - деді Қайыргелді өз білгенінше түсіндіріп. Әкесі оны құптап басын изеді.

- «Омбы - 9» деген бидайымыз осы, - деді де Мырзан бір масақты үзіп алып алақанына салып укалап үгітті. Баласы да соны істеп жатыр. Мен де бір масақты алып, қауызын уатып дәнін саулатып алақаныма түсірдім. Қайыргелді кішкентай алақанындағы әлгі дәндерді жанталасып санап тұр.

- Елу алты дән, папа! – деді ол.

- Жақсы, - деді папасы.

- Гектарынан отыз бес центнер, папа! – деді Қайыргелді бізге жақындап.

- Рас, па? – дедім мен баланың сөзіне нанбағандай Мырзанға қарап.

- Одан асып түспесе, кем болмайды.

- Сен қалай білдің, Қайыргелді?

- Есептедім.

- Дәнін бе?

- Дәнін есептедім, қалыңдығын, тазалығын көзбен шамаладым.

- Өзің кереметсің. Мынау рекорд қой.

- Бұдан да жақсы жер бар, - деді Қайыргелді жүзіне жылы шырай жүгіртіп.

- Ол жерден қаншадан болады сонда? – деппін мен де қуана түсіп.

- Көрейік қазір, - деп Мырзан машинаға қарай ыңғайланды.

Бригадир екеуіміз арттағы орындыққа жайғастық та, рөлден басы ғана қылқиып көрінетін кішкентай Қайыргелді «Жигулиді» зырлата жөнелді. Өзім Алматыдан іссапарға келген журналистпін. Бұрын бұл өңірде болмаған едім. Тың қаһармандары туралы жазуды ойлап әдейі шыққан бетім осы. Жолым жаман болмайтын түрі бар. Алғашқы беттен - ақ диқанның нағыз көкесіне, егіннің нағыз нуына жолыққан сияқтымын. Қалам ұстап мақала жазған адамға бұдан артық олжа жоқ әрине. Осылай өзімше іштей мәз болып келе жатып рөлде отырған Қайыргелдіге де қызыға қараймын. Бір жағынан

баланың әбден кәнігі қимыл - қозғалыспен машинаны тізгіндеп меңгеріп алғанына қызыға қараймын, екінші жағынан бір жерде аударып алмаса жарар еді дегендей күдік те көкірекке кептеледі. Сол ойымды Мырзанға айттым.

- Балаңыз нешеде?

- Алтыншы класта биыл.

- Машинаны жүргізуге жас емес пе әлі?

- Қайдан білейін? – деп Мырзан қипыжықтап отырды да өзінің көкейінде жүрген бір ойын ірікпей айтты. – Көше емес қой бірдемеге килігіп қалатын. Далада үйренсін дегенім ғой. Ал ауылдың ішінде рөлге өзім отырамын.

- Машинаны жаман жүргізбейтін сияқты. Сонда да қауіпті шығар.

- Әзірге машинаны соғып бүлдірген жері жоқ. Майлап күту, май құю осының мойынында. Менің қолым тимейді ғой. Қазір көди - сөдиін жөндеуді үйреніп жүр. Қолы епсекті.

- Үйренген жақсы, - дедім сыпайылық әдетпен. Кішкентай баланың үлкен машинаны ұршықтай үйіріп зырқыратып жүргені қызық көрінеді әрине. Бірақ қорқыныш қабаттасқан соң көңіл құптай қоймайды екен. Қайыргелдінің сүп - сүйкімді момақан жүзі, әкесін үнсіз тыңдап, айтқанын қалтқысыз орындайтын елгезектігі, әр нәрсені білуге құмарлығы – бәрі де ұнады. Тек қана кіп - кішкентай болып машинаның руліне жап етіп

отыра қалуы әрине алғашында маған еркеліктің бір ұштығындай ерсі көрінгені рас. Сол ойымды жүзімнен танып қалды ма екен әкесі машина ырғағымен толқи түсіп маған бұрылды.

- Шет елге сапарға барғанымда бір фермердің егінін араладық. Сонда бізді он екі жасар бала автобуспен аралатты. Ештеңеден қорыққан да жоқ, рөлдің үстінде ойнады осы. Соны көріп отырып мен де ойланып қалдым. Даланың кең жазығында осылай бала да жүргізіп, машинаны үйрене берсе ағаттығы жоқ қой деймін. Диқанның баласы емес пе.

- Оныңыз рас. Бірақ... – дей беріп едім ол іле сөзін әрі сабақтады.

- Бәріміз де сол бірақ деп ойланып қаламыз. Баланың ісі балалық қана деп білеміз. Ал, абайлап, ақыл айтып, ақырын жұмсап отырсаң бұлар да біраз іс тындырады.

Қайыргелді әкесіне жалт қарап жымиып қойды. Мырзан баласының қолқанат болып жүргеніне сондай разы қалпын бүкпелемейді.

- Мінекей өзіңіз көріп отырсыз ғой. Осы Қайыргелді қазір маған таптырмайтын көмекші болып жүр. Ананы әкел, мынаны әкел деп жұмсаймын, соның бәрін зырқыратып барып машинамен алып келеді. Күніне екі сағаттан артық жұмсамаймын, сабағын оқиды. Сабағы да бес. Солай ма, Қайыргелді?

- Солай, папа, - деп баласы да жүзі қуанышпен нұрланып әкесіне елеусіз ғана көз қырын тастап қойды. Көбірек мақтағанды ыңғайсыз көрген белгісі бұл. – Кеше алгебрадан төрт алдым. Бәрі бес емес, папа.

- Бір - ақ төрт қой?

- Біреу.

- Ендеше ол көп бестің арасынан көрінбейді.

- Бәрі бес деп қалай өтірік айтайын, папа.

- Оның дұрыс. Ендеше бүгіннен бастап төртті беске түзетуге отыр. Бәрі бес болсын. Биыл әкеңнің егіні де бес деп өзің айтып едің ғой. Әкесі де, баласы да бес болып бір отырайық, - Мырзан көзі сығырая түсіп, биылғы орақтың барысына да, баласының оқуына да көңілі толған түрмен күлімсіреп отыр. Машина егін айдынында анда - санда ғана төбесі жалт - жұлт көрініп, біраз жерді шарлап келіп тоқтай қалды.

- Мынау Ақбас дөңі деп аталатын жер, деді Мырзан машинадан түсіп жатып. Шынында да ғажап егін көз алдымызда толқып тұр. Ұзақ тұрып қарағың келеді. Арамшөптен титтей де қылтанақ жоқ. Алтын жалатқандай тұтас сап - сары. Толқыған бидай. Бір - бір масақты үзіп алып алақанға уқалап, баданадай дәнін тіске басып көріп жатырмыз. Екеуімізден бұрын Қайыргелді үн қатты.

- Бір масақта 58 - 60 дән, папа.

- Гектарынан қанша? – дедім мен.

- 40 - 45 центнер! – деді Қайыргелді шімірікпестен. Даусы да нық естіледі. Егін өсіріп әбден үйреніп алған кәнігі дикан сияқты.

- Сіз не дейсіз? – дедім Мырзанға сенбегендей басымды шайқап.

- Солай болады. Мынау бұл жерде бұрын болмаған егін, - деді бригадир

- Нағыз керемет сіздің жерде ғой, - деп мен де сүйсінгенімді жасыра алмадым.

Енді біз «Жигулиге» отырып комбайндарға қарай тарттық. Жаңағы ересен егін де, мына қасымдағы дикан да, оның баласы Қайыргелді де мені ойландырып тастады. Тың атты ғаламат жердің орасан қуатын енді анық танығандай болып айналама қарай беремін. Ал айналаның бәрі шегі таусылмайтын телегей ырыс. Ақырын ғана Мырзан мен Қайыргелдінің жүздеріне көз салып қоямын. Әкесі ең бір тәтті ән тыңдағандай балқып, балбұл жанып отыр. Бала көңілі де көтеріңкі. Машинаны баппен зулатып жеңіл ғана толқытады. Әлгінде оның әр масақтағы дәнді есептегенде жан - тәнімен беріліп, бір түйірін шашау шығарып алса еңкейіп жерден іздегені қызық еді.

Егін жинап жатқан комбайндарды тамашалап біраз тұрдық. Алтауы да бірінің соңынан бірі қатар кетіп барады. Алдыңғысының маңдайшасында қызыл жалауша желбірейді.

Қайыргелді солардың бірінің иесі кім екенін тәптіштеп айтып берді. Диқандарды қазір тоқтатып әңгімелесуді жөн көрмедік те, кешке смена ауысар кезде келуді ыңғайлы санадық.

- Онда сізді Қайыргелді тағы аралатсын. Егінді көріңіз, дала қосына барыңыз, қарсы емессіз бе? – деді Мырзан. – Ал, мен ана комбайндардың бері оралуын тосамын. Сынған бірдеңесі болса жөндесемін.

- Сізге бөгемін болмайық, онда біз Қайыргелдімен аралайық, бірақ осы маңнан ұзамаймыз. Үлкен жолға түспейміз, - дедім мен де баланы алысқа ұзатуға батылым жетпей.

Біз онша көп жүргеніміз жоқ. Егінді кішкене араладық та, орман ішін жаяу кездік. Бірер сағаттан соң қайта оралып Мырзанды мінгізіп алдық та ауылға тарттық.

Қайыргелді үйіне келіп сабағына отырды да, біз кеңсе маңындағы шаруалармен кешке дейін жүріп қалдық. Ауыл үстін қараңғылық басқан кезде барып түнгі жұмысты көрмек болып тағы да далаға тарттық. Енді рөлге Мырзан өзі отырды. Жарты сағатта ораламыз деген соң Қайыргелді де бірге мініп, артқы орындыққа жантая кетті.

Ауылдан шығып манағы күндізгі жолмен жүріп келеміз. Түнгі дала да өз қызығын алға тосады. Жан - жағымыз тастай қараңғы. Тек алыста самсаған оттар жарқырайды.

- Анау қырман ғой, папа? – дейді Қайыргелді.

- Онда бармаймыз, комбайнға тартамыз, балам.

- Ана «Кировец» не қылып жүр. Жанында «Қазақстан» келе жатыр, - деп Қайыргелді оң жақ бүйірден көрінген жарықтарды нұсқады.

- Олар зябь жыртып жүр

- Комбайндар әне кетіп барады, деді Қайыргелді.

- Диқанның баласы ғой, комбайндар мен тракторларды түнгі жарығынан да таниды, - деп Мырзан мырс етті. Мен де Қайыргелдіге қарадым. Ол түнгі оттардан көз алмайды. Жанары да жана түседі. Самаладай самсаған түнгі оттар да диқан ерлігін паш еткендей жарқырайды. Қайыргелді сол түнгі оттарға қадала қарап отыр.

Сүйікті немере

Жомарттың атасы бүгін тағы да көңілді. Күндегі әдетімен есік алдында өзі әдемілеп жасап, сырлап қойған орындықта немересінің мектептен оралуын тосып отыр еді. Көктем күні түс кезінде шеке қыздырғандай өткір болатын. Қазір көкжиекке қарай еңкейіп кеш салқыны дым білдіріп тұр. Шоқша сақалы мен қияқ мұртын ақ дендеп бара жатқан зор денелі қария көктем шырайына рахаттанып айналасына сүйсінген жүзбен көз тастайды. Мына шәрбаттай тұнық ауаны сімірген сайын сергіп салатын сияқты. Анадайдан Ернар көрінгенде күлімсіреп қойды. Немересінің бүкіл қылығы, тіпті жүрісіне дейін жүрегіне жылы леп соғады. Жанары мейірге тола қалыпты.

- Бүгін ерте келеді ғой, - деді атасы өз - өзінен күбірлеп. Дауысында немересін айналып - толғанған адамның сүйсінген сезімі бар.

Есік алдында отырған атасының таудай тұлғасын алыстан аңғарғанда Ернар басын бұлғаңдатып, жүрісі кібіртіктеп қалушы еді. Күндегі әдеті солай болатын. Бұл жолы жүзі сынық тартып, сумкасын зорға сүйретіп келеді. Жақындаған сайын басы төмен салбырап божый берді.

- Не болды бүгін? Көңілсізсің ғой? – деді атасы немересі қасынан өтіп бара жатқанда. –Кел, маңдайыңнан иіскетші.

Ернар бұрылып келіп атасының алдына тұра қалды. Атасы арқасынан қағып, маңдайынан иіскеп жатыр.

- Бүгін не алдың?

- Менен сұраған жоқ.

- Дайындалып па едің?

- Бар ендеше, тамағыңды іш. – Ернар үйге кіріп кетті. Атасы ойланып отыр. «Бұған не болды екен? Балалармен ренжісіп қалды ма? Тіпті сұлық тұр ғой. Күнде жайраңдап келуші еді», - деп түрлі ойларға түсіп таңданды. Ернар атасы мен әжесінің бауырында өсіп келе жатқан сүйікті немересі болатын. Биыл үшінші класта оқиды. Сабағы да жаман емес. Үнемі төрт пен бес алып жүр. Тәртібі де оңды. Атасы кейде мектепке барғанда мұғалім тарапынан мақтау сөз ғана естіп мерейі өсіп қалатын. «Менің Ернарым осы қарқынынан таймаса үлкен инжинер болады», - деп сүйсініп келетін. Сол сүйікті немересінің жаңағы селсоқ реңі қария көңіліне кірбің түсірді. Ернардың әжесі үйден шығып, өзіне қарай бұрылғанда алдымен баланы сұрады.

- Әлгі не дейді?

- Ештеме деген жоқ, тамағын ішіп жатыр, - деді де ол да орындыққа келіп жайғасты.

- Екі алып қалған жоқ па өзі? - деп атасы күдігін айтты.

- Тек. Аузыңа дұрыс сөз түспей ме осы - деп әжесі кәдуілгідей ренжіп қалды. - Мектепке барғалы екі алып көрген жоқ.

- Кім біледі. Кешке далада көбірек ойнап еді. Өңі келіспейді бүгін.

- Бала емес пе. Ойнап жүріп сүрініп кетсе де жыламай ма.

- Онда жарады. Әйтеуір бірдемені жасырып, өтірік айтпаса болды.

- Осы күнге дейін өтірік айтып көрген жоқ. Қайдан білейін – деді әжесі. - Жетпіске келіп сақалың ағарғанша сен бір өтірік айтып көрген жоқсың. Қырыққа келген әкесі анау, адал сөзінен айнып көрген емес. Кімге тартып өтірікші болады.

- Соны ойлаймын да.

- Ойласаң сол, жаман сөзге аузың бармасын. Өтірікшінің оңғанын көрген емеспін. Бала күнінде үлкенді алдап өтірік айтса, ертең өскенде ұрлыққа да барады. Өтіріктің арғы атасы ұрлық емес пе.

- Ех, әлгі Ералының баласы кішкентай күнінде, мектепте жүргенде өтірікті судай сапырушы еді, әлі күнге сықпырт болып жүрген жоқ па. Сөзінде бір бәтуа жоқ. Өтірік айтып тұр ма, шын айтып тұр ма түсінбейсің, - деп атасы осы ауылдағы берекесіз біреудің қылығына күйінді.

- Өтірікші, суайттың оңғанын көргенім жоқ. Ана Қасымның баласы кім көрінгенді өтірік айтып алдап, ақыры ауылдан қашып, қаңғырып кеткен жоқ па. Несі жақсы дейсің? - деп әжесі де өз білгенін барынша айтып жатыр. Расында да бұл шаңырақтың адамдары барынша адал, ауылға үнемі үлгі болған құрметтілер еді. Ернардың атасы талай жыл колхозды басқарған, ел ағасы болған сыйлы кісі. Әжесі де еңбек етуден жалықпаған жан. Біреу - міреудің алда - жалда өтірігін естісе екеуі де тітіркеніп отырушы еді.

- Немерелерімнен аулақ. Тұқымында жоқ бәлекет өзімен кетсін. Өмірде өтіріктің не екенін біліп көрген емеспін, білмей өтейін. Енді сақал ағарғанда өтірік айтпайын да, өтірікті естімейін де, - деп атасы аза бойы тік тұратын.

- Бәрі тәрбиеден.

«Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деп халық бекер айтпайды - десіп екеуі біраз әңгімелесіп отырды да, атасы кенет үнсіз қалды. Көкірегінде бір алаң салқыны соққандай болды. Немересінің бүгінгі мінезі ұнамады. Ернар кеше далада әдеттегіден ұзақтау жүріп еді. «Баланың аты бала емес пе. Сөзіне сене бермей күнделігіне бір қарайыншы. Күнделікке қарамағыныма екі - үш күн өтіп кетті ғой», - деп ойлады да атасы орнынан тұрып үйге қарай беттеді.

Атасы табалдырықтан аттай бергенде Ернар да далаға шыға жөнелді.

- Осы неге тұрақтамай жүр? – деп күбірлеген атасы стол үстіндегі сумкасын ақтарып күнделікті қолына алды.

Ол саспай ақырын қимылдап қалтасынан көзілдірігін алып киді де, орындыққа әбден жайғасып алып күнделікті парақтай бастады. Әр бетте өзі талай көрген таныс бағалар аударылып өтіп жатыр. Сүйсінгеннен қайта - қайта қадалып қарап қояды. Міне, соңғы толтырылған парақты да ашты. Кенет жүзі қуқыл тартып бозарып жүре берді.

- Охо - оу, - деді де үні бәсеңсіп, жүрегі мұздап кетті. Қолымен кеудесін басқан қалпымен қимылсыз қалған. Күнделікте қызыл сиямен арбитып жазылған «екілік» тұр екен. Күтпеген осы бір жаман дақ жүрегіне оқтай қадалып, шаншылды - ау келіп. Өмірінде болмаған құбылыс еді бұл. Жүректі тесіп жауырынға сұғылған ине сияқты шаншу сірестірді де тастады. Қозғалтпайды.

Есіктен кірген әже де қариясының кескініне көзі түсіп шошып кетті.

- Не болды, атасы? – деп ұмтылды ол.

- Жаңа далада жел тиді ме немене бір шаншу... - деді атасы ақырын ғана.

- Жеңіл шыққаның не?

- Күнде осылай шығып жүрмін ғой.

- Қай жерің?

- Жүрегім...

- Дәрігер шақырайын ба? Ернар... Ернар, айналайын – деп әжесі немересін іздеді.

- Тұра тұр . басылар мүмкін ...

Ернар үй маңынан табылмады. Ал, атасының шаншуы басылудың орнына үдей түсті. Ол дәл төрде қос жастықтың үстінде шалқалап жатып қалды. Ауыл дәрігері шақырылды. Атасының ауырғанын көріп Ернар да үрпиіп қалды. Жүрекке қадалған осы шаншуға өзі кінәлі екенін немересі әлі білген жоқ еді. Ол тек ашық жатқан күнделікті көріп, атасына тура қарамай көзін тайсақтата берді. Дәрігер келіп, қарияның жүрегін олай - бұлай тыңдап көрді де емханаға жатуын өтінді.

- Бір нәрсеге қатты ренжігенсіз. Жүрегіңіз дертті. Анау - мынау ренішті көтере алмайды. Сізді кім ренжітті? – деп дәрігер атасына, әжесіне, Ернарға кезе - кезек қарады. Үшеуі де үндемеді. Бір мезетте дәрігер ашық жатқан күнделіктің бетіндегі «екілікті» көріп Ернарға бұрылды.

- Ә... ә..ә..ә... енді түсінікті. Атаңды ауырткан сен екенсің ғой, - деді дәрігер.

Ернар басы салбырап жылап қоя берді. Қорс - қорс етеді. Енді дәрігер қысылып қалды. Баланы жылатып адғанына ыңғайсызданып тұр.

- Ернар, жылама, екеуміз ертең - ақ атаңды жазып аламыз. Сен ертең мектептен екі - үш

«бестіктерді» алып келсең атаң бірден жазыла бастайды, - деді дәрігер.

- Рас, па, - деді қорс - қорс етіп тұрған Ернар.

- Рас.

Осы кезде атасының жүзі де бір түрлі жылығандай болып еді. Ернар сол күні енді қайтып өмірінде өтірік айптауға іштей ант берді. Екі алғанын неге жасырғанына қатты өкінді. Далаға да шыққан жоқ, сабағын оқып тіпті қозғалмай отырды.

Айт күні

Биылғы құрбан айты көктем шуағына бөленіп өзгеше нұрлы көрінгені анық еді. Күн көзі көкжиектен көтерілгенде - ақ күлімдеп тұрды. Қала көшелері шуға толып, ерсілі - қарсылы ағылған жұрттың қарасыны көбейген сайын айналаны жаймашуақ жылы толқын кернеп бара жатқандай болады. Қыстан қалған ызғарды ысырып күн сәулесі көкіректі аймалайды.

- Бүгін күн тамаша екен. Аллаға шүкір, - деп әжесі терезеден сыртқа көз салып тұрып ақырын ғана күбір етті. Екінші класта оқитын немересі Дәнияны мектепке аттандырып жатқан беті.

- Айт құтты болсын, менің балапаным. Бүгін айт екенін білесің бе? – деп әжесі сөмкесін ыңғайлап жатқан немересіне емірене бұрылды.

- Білем, әже.

- Ендеше не істеу керек?

- Айт құтты болсын, әже. Айттық, әже.

- Айттығыңды қазір берейін. Тыққан кәмпиттерім бар еді, - деп әжесі өзінің бұрышта тұратын сандықшасына беттегенде Дәния шыр ете түсті.

- Әже, кәмпит керегі жоқ. Мұғалім класқа кәмпит әкелмеңдер деген. Кеше менің жанымдағы Ләйлә кәмпит әкеліп, балалар таласып қалды. Тәтей ұрысты.

- Ендеше келген соң берермін. Жаныңдағы қыздарды ала кел. Әжем айттық береді деп әкел үйге. – Әжесі де бүгін ерекше мейірімді. Сондай жылы. Соны сезіп Дәния да мәз - мейрам.

Бүгін әжесі Дәнияны дәл мереке – мейрамдағыдай сәндеп киіндірді. Көйлегі де, шұлығы да, аяқ киімі де – бәріде жап - жаңа.

- Бүгін құрбан айты. Қасиетті күн. Мейрам. Таза киініп, сүйкімді бол, менің жарық жұлдызым, - деп әжесі кішкене немересіне күнде айтылатын ақылына тағы бір жаңа тағылым қосып ұқтырып жатыр.

Мұнтаздай болып киініп, тап - тұйнақтай жиналған. Дәния тұлымшағы желбіреп, қос жанары жаудырап әжесінің айтқандарына басын шұлғиды.

- Айт күні ешкімді ренжітпеңдер, тәртіпті болыңдар, шуламаңдар, алдымен мұғалім тәтейлеріңді құрбан айтымен құттықтаңдар.

- Біз ешкімді ренжітпейміз, әже, - деп Дәния әжесіне қарады.

- Тәртіпті екендеріңді білемін. Ал бүгін тіпті тәртіпті болыңдар. Әжеңді ренжітпе.

- Онда не істейін, әже?

- Өзің білесің, ақылдым. Сенің ақылың бір арба емес пе?! – деп әжесі немересін тағы да басынан иіскеп, құшағына алды.

Ол мектепке кетіп бара жатқан Дәнияның соңынан ұзақ қарап, айналып - толғанып көп тұрды.

Немересі сабақтан оралғанша тықыршып үйге де сыймады. Анда - санда айналып соғып терезеге көз тастайды. Тек соңына дәл өзіндей үш кішкене қызды ертіп жүгіре ентелеп келе жатқан Дәнияны көргенде көзі жасаурап күліп жіберді. Немересінің қуанышын жүрісінен таныды. Есіктің қоңырауы да қатты шылдырлады.

- Әже, айттық! – десті Дәния мен оның достары бірдей жамырап. Әжесі де құралақан емес еді. Сақтап жүрген қымбат кәмпиттерін қолына ұстап, есікті тез ашты да балапандай тізілген кішкене қыздарды құшақтап қарсы алды.

- Айттық, айттық! Кәне, құлыншақтар, төр сендердікі, айт сендердікі. Бүгін мейрам, күліңдер, ойнаңдар, қызыққа тоймаңдар. Мә, айттық шашуын жинаңдар! Бүгін ешкім ренжімесін. Алланың нұры жаусын, - деп әжесі қымбат кәмпиттерін балалардың төбесінен шашты. Дәния мен достары да мәре - сәре, шашылған тәттілерді қуана теріп алып жатыр.

- Әже, біздің класта бүгін ешкім де «екілік» баға алған жоқ.

- Тәтей бәрімізді тәртіптерің де, оқуларың да жақсы деп мақтады.

- Бәріміз де.

- Бәріміз, - десіп балалар бүгінгі қуаныштарын да жарыса жеткізеді.

- Айт күні осылай болу керек. Ата - әжелеріңді, әке - шешелеріңді күн де осылай қуанта беріңдер, айналайындар.

- Әже, Дәния бүгін екі «бес» алды, - деп кішкене қыздардың бірі сүйінші сұрағандай болып үлкен кісіні тағы қуантты.

- Бәрің де «беске» оқыңдар. Өсіңдер, түйедей болыңдар. Біріңнен бірің қалмаңдар. Әжесі әбден разы раймен балаларға мейірлене қарайды. – Дәния атасы мен әжесін ренжітпейтін, таластырмайын деген ғой. Бір «бесі» маған, екіншісі «бесі» атасына айттық еткені ғой. Бәрің де айт күні ата - әжелеріңе «бес» сыйлаңдар.

- Айжан да «бес» алды.

- Мен де «бес» алдым.

- «Беске» оқимыз, - дескен балғын үндер естіледі. Дәнияның әжесі сол үндерге жаны жадырап балаларды тағы да маңдайларынан бір - бір иіскейді.

- Айт күні кәрі кісіні қуанткан балалардан айналдым, - дейді ол.

Қиын есеп

Қап, көз жазып қалғанымызды қарашы. Қарамаппын ғой күнделігін, қарамаппыз. Жұмыстан қол тимей жүріп байқамағанымды! - деп Ерботаның папасы санын соғып, байбалақтап қалды. Қолында баласының, күнделігі. Шоқ басып алғандай шыжалақтап, таусылып тұр.

- Мына қарашы, мұғалімі күнделікке екіні қойып тұрып, «есепке шорқақ, еріншек, байқаңыздар» деп астына жазып беріпті ғой. Мұны ғой көрсетпейді де, айтпайды да. - Ол күйіп - пісіп жұбайына қарады.

- Үйдің шаруасы бітеме, мен де байқамаппын, - деп баланың шешесі де өкініп күмілжиді.

Екінші класта оқитын Ербота кінәсін мойындағандай папасының қасында үнсіз мелшиген.

- Бүгін үйге қандай тапсырма берілді? - деді папасы. Ербота тағы да тіс жарған жоқ.

- Тапсырманы білесің бе өзі? Үйге не берді? - Папасы ашулана бастап еді баласының міз бақпаған жүзін көріп амалсыздан жұмсарды да, енді жұмсақ сөйлесе бастады.

- Мұғалім үйге тапсырма бергенде класта отырған жоқ па едің?

- Отырдым.

- Қайда қарап отырдың?
- Терезеге.
- Онда не бар?
- Бір торғай қонып, соны көрдік.
- Пой - пой, сөйте ме екен, балам - ай. Енді тапсырманы не істейсің?
- Райханнан сұрап аламын.
- Бар, жүгір, ендеше, тапсырманы орындамай оралма, - деп папасы басын шайқап - шайқап диванға отыра кетті. Ербота күнделігін, дәптерлерін қолтығына қысып, өзімен бірге оқитын Райханның үйіне жөнелді.

Райхан есепке де, ана тіліне де зирек қыз еді. Ербота осылай қысылғанда соған жүгіреді. Райхан да көмегін аяған емес. Тек бұл жолы Ербота дәл қақпаның алдына келіп, тұтқаға қолын созған күйі тұрып қалды. Осыдан екі күн бұрын дөңнен шана теуіп жүргенде құлатып кетіп еді.

Түстен кейін балалардың, көп жиылатын жері Есіл өзенінің биік дөңі еді. Қыста қалың қарға көмілген бұл жерде шана тебу нағыз қызықтың көкесі болатын. Балалар дөннің дәл биігінен бастап кішкене жеңіл шанамен құйғытқан бойы төменге дейін заулап өзеннің арғы бетіне барып бір - ақ тірелетін. Бұл күні Райхан да, Ербота да үсті - бастары қарға көміліп шана тебуден тіпті де шаршаған жоқ. Әсіресе, Райханның, жеп - жеңіл

қызыл шанасы жиі - жиі суырылып алға шығып жүр.

Бірде дөңнің басында Ербота мен Райхан қатар келіп қалды да, шаналарын мұздай жалтыраған сорапқа тіркестіріп қойды. Алдында Райханның шанасы. Балалар қаумалап келіп шу ете түсті.

- Кәне, жарысыңдар. .

- Ербота қалып қояды.

- Райханның шанасы керемет, - десіп дүрлігеді бәрі. Намысы тұтанған Ербота болар емес.

- Кәне, жарысайық, - деді ол Райханға.

- Жарайды, кел жарысайық, - деді екі беті нарттай жанған кішкене қыз да тайынбай.

- Ендеше сенің шанаң алда тұр. Бұл әділдік емес. Кәне қатарласайық, - деп Ербота шанасын қозғай бастады.

- Қызды алға жіберу керек, керемет болсаң басып оз, - деп тақылдады қыздардың бірі.

- Олай болмайды.

- Қатар тұрсын, - десті көпшілігі.

Екі шана қатар қойылды да, «ал» деген айғай шыққанда Райхан мен Ербота жүйріктеріне қамшы басып шабандоздардай қос қолын ербеңдетіп төмен қарай құлдилай жөнелді. Екі шана биіктен жүйткіп барып өзеннің табанына іліккенде ғана баяулады. Екі бала да бар денесімен қаншама ілгері ұмтылып, ерсілі - қарсылы тенселгенмен бола ма шаналары қарға

кіріп тоқтады. Райхан бір адым озған екен. Ербота шанасынан атып түсіп, сенбегендей тағы да олай - бұлай карады.

- Менің аяғым тіреліп қалды. Кел, қайта жарысайық, - деді ол. Райхан жымиды да, шанасын сүйреп дөңге карай жүгірді.

- Қыздан қалып қойдың.

- Шана тебе алмайсың.

- Райхан бәрібір озып кетеді. - Балалардың дабырлаған осындай үндері Ерботаны ерегістіре түскендей еді. Ол тез ашуланшақ, шамшыл болатын. «Қыздан қалып қойды» деген сөз әсіресе бүйіріне удай тиді. Мұрнын қайта - қайта тартып, «кел жарысайық, кел жарысайық» дей береді.

Ербота болмаған соң екеуі үшінші рет, одан кейін тағы да жарысып көрді. Бірақ кішкене қыздың қызыл шанасы дес берер болмады. Әбден ызалаған Ербота соңғы ретте дөңнен түсе бергенде Райханды итеріп, шанасын басқа бағытқа бұрып жіберді.

Қызыл шана із түспеген қатты қардың үстімен жеңіл сырғып тартты да, етекке түсе оппаға килігіп үстіндегі қыз да аударылып қалған. Ербота оған карамады да. «Мен оздым, мен оздым» деді де үйіне карай шанасын сүйретіп жүре берді.

- Мақтаншақ, мақтаншақсың.

- Бұлай озған есептелмейді.

- Алдауышсың, - деп Райханның достары оның соңынан кіжініп қала берді.

Содан кейін Райхан оған өкпелеп жүретін.

Енді міне Ерботаның өзі келіп тұр. Қаншама жүрексініп, дәті жетпесе де оны еріксіз жетелеп әкелген «қиын есеп» еді. Мана класта отырғанда терезеге қонған торғайды қызықтаймын деп әуреленіп, мұғалімнің айтқандарын да түсіне алмады, тапсырманы да ұмытып кетті. Оның үстіне математикадан ылғи қиын есеп кездесіп жүр, берілген тапсырманы да өз бетімен шығара алмай мықшындайды. Райханға осылай жалынып келместе еді, әттең...

- Неге үйге кірмей тұрсың? - деген дауыс ту сыртынан естілгенде Ербота селк ете түсті.

- Жай, - деді сасқанынан.

- Жай тұра ма екен, жүр үйге кір, өзің қорқасың ба қалай, селк ете түскеннің не ? - деп Райханның әкесі баланы итермелегендей үйге ала кірді. Бұрын осында келгенде еркін жүретін Ерботаның мына момақан жүзіне ол да біртүрлі таңдана қарағандай болатын.

- Кімнен қорқасың? - деп күлімсіреді үй иесі.

- Қорықпаймын. - Ербота көзін төмен салып күмілжіді.

- Ынжықсың ба, әлде? - деп үлкен кісі баланың шамына тиіп, серпілткісі келген сияқты еді.

- Жоқ.

- Ендеше еркін басып төрге шық. Жасқанба.

- Осы арада тұрамын.

- Үйге кірген кісі есікте тұрмайтын болар, айналайын. Атамыз қазақтың дәстүрі ғой ол. Кім келсе де төріне оздырған аталарымыз. Төрге шық, тартыншақ болғаны несі, ей? - деп Райханның әкесі аңқылдап сөйлеп балаға ақыл да айтып жатыр. Бір кезде ол қызына қарады.

- Райхан, әлде сен мына Ерботаны ренжіттің бе, ұрған жоқсың ба өзің? Неге мұнша төменшіктей береді?

Бала тіпті сасқалақтады. Үйден ыта қашқысы келетіндей есікті сықырлата бастады.

- Жоқ, папа, мен оны ренжіткенім жоқ. Оның өзі мені дөңнен итеріп оппаға түсіріп жылатқан. Енді ұялып тұр ғой, - деді кішкентай Райхан әкесіне Ерботаның мына қылығының сырын түсіндіргендей болды.

- Е..... солай де. - Үй иесі күлімсіреп балаға еңкейе бергенде Ербота есікті итергендей босағаға жабысып қалды. Үлкен кісі қызын жылатқанға қахарланып ашуланған да жоқ. Қайта жүзі жылы тарта түскендей.

- Кінәлі екенсің ғой. Кінәлі болған соң ұялып тұр екенсің - ау. Оның жарайды. Ал жай келдің бе? - деді ол үні жұмсарып.

- Тапсырманы сұрайын деп...

- Ұялғаның дұрыс. Үлкеннің алдында да, кішінің алдында да ылғи осылай әдеп сақтап ұялып тұрсаң ғой. Бұдан былай ылғи осылай бола ма?

- Болады.

- Сөзің мығым екен. Райхан, көмектес.

Екі бала төргі үйге өтіп, столдың үстіне қағаз, кітаптарын жайып тастап, үйге берілген тапсырмалардың, біразын тыңдырды. Райхан қиын есептердің өзін қиналмай шығарып тастайды да, соның бәрін Ерботаға түсіндіріп әуреленеді.

- Түсіндің бе?

- Түсіндім.

- Ал енді мына есепті өзің шығарып көрші.

- Жоқ, түсінгенім жоқ. Тағы түсіндірші.

- Тыңдасайшы, тыңдашы.

- Тыңдап тұрмын.

- Терезеге неге қарайсың? Кітапқа қара. - Райхан осылай тапсырмаларды түгел түсіндіріп, бәрін тәптештеп болған соң Ербота үйіне ыңғайланып жатты.

- Мен енді саған тимеймін. Итермеймін, - деді ол момын жүзбен.

- Мен сенен қорқады дедің бе. Анада артымнан келіп аңдаусызда итеріп жібергенсің. Содан барып құлап қалдым. Байқамадым, - деп Райхан да қаймығатын емес. Әкесі далаға шығып кеткен еді, сонда да сескенбейді қияңқы баладан.

Енді мүлде тиіспеймін, - дейді Ербота тағы да.

- Есебіңді шығартып алған соң жуасыдың ба? Неге моп - момақан бола қалдың, Ербота?

- Есеп қиын, түсінбеймін, - деп бала шынын айтты.

- Тағы түсіндірейін, - деп Райхан көмектескісі келіп еді, Ербота:

- Ертең, ертең, - деді де шығып кетті.

- Қиын есеп қиқарды да түзетер, - деп есік алдында Райханның әкесі күліп, баланың соңынан қарап тұр.

Алтын бесік

Солтүстік өңірінің қысқы күні әдеттегідей бүгін де көкжиектен онша биік көтерілмеді. Таңертең қып - қызыл болып, аспанның ашық кенересінен сығалаған еді, содан соң бұлт астында тұмшаланып зорға - зорға көзге шалынып тұрды. Кешегі аяз әрі сыныпты. Болар - болмас жел ызғары бетке соғады.

Даниярдың атасы көрші ауылға барып келмек болып ат жегіп жатыр. Қара сырмен көмкерілген көшәуа шанасы ойыншық сияқты әп - әдемі. Өзі шағын ғана. Екі кісі қатар отыратын қорабы да кішкентай. Екі табаны да жұп - жұқа. Нағыз шебердің епті қолы сондай сымбаттап сүргілепті. Қарға түскен ізінің өзі келісті тартылады.

Танертең жылымшы суды әбден қана сіміртіп, нығыз қос уыс жем салған дорбаны атасы қара биенің басына іле салып еді. Жануар жемін біраз күтір - күтір шайнап тауысты да, басын сілкілеп дорбаны сүйрете берген соң Данияр айғай салды.

- Ата, жемін жеп болды.

- Ә, ендеше шөптен де бір шалып алсын, - деп атасы биенің басында салбырап жүрген дорбаны сыпырып алып, ашаның басындағы шегеге іліп қойды. Тоғыз жасар Данияр қораның іргесінде

сүйеулі тұрған айырды сүйрелеп шөп әкелмекке ұмтылды.

- Көп салма, - деді атасы.

- Білемін, ата. Кішкене ғана шөп беремін, - деп Данияр тақ - тақ еткен. Жолға шығар алдында жылқыға жемді де, шөпті де тартып беретінін, ал тойынған мал тыпырақтап, терге малынып жүре алмайтынын атасының ақылынан ұққан. Енді міне мүсіні сұлу қара бие нық тұяғымен қарды шықыр - шықыр еткізіп тықыршып тұр. Қос құлағын қайшыландырып, тікірейте түседі де, танауын делдитіп қайта - қайта пысқырады. Басын шұлғып, жүгенін сілке береді.

- Мынаның тықыршуын - ай, күн бұзылайын деп тұр екен, ә? - Атасы сыртына айналып бұрылып, бұлт қорғалаған күн көзіне қарады. - Боран болады. Ұзамайды енді. Мына қара биенің көріп келі бар.

- Ата, қара бие қайдан біледі? - деп Данияр таңырқаған жүзбен атасы Қожаға жақындай түсті.

- Жылқы малы бәрін біледі. Күн бұзыларда осылай құлағын қайшыландырып, пысқыра береді. Тез, жылы киін. Әлде, балапаным, бармасаң қайтеді? Боран болайын деп тұр ғой.

Қожакең қара биені шанаға жегіп болып немересінің қасына келген. Данияр болатын емес.

Бүгін күн демалыс болған соң атасымен бірге көрші ауылға қыдырып бармақ.

- Ата, бораннан қорықпаймын. Адаспаймыз, менде компас бар. Соны аламын. Қаладан ағам әкеп берген, - деп бала дәл бір қызық сапарға аттанардай қуанышпен жымыңдайды.

- Онысы несі? - деді атасы.

- Жарады онда. Жолды андағыңмен анықтап таба аласың ба?

- Табамын. Ағам көрсеткен, - деп Данияр қорбандап қалтасында томпиған бірдемені көрсетіп қойды.

- Онда жарады. Ендеше қорықпаймыз. Ал, кеттік, - деп Қожекең тұлыбын киіп, кәшәуа шанаға жайғасты да, алдына Даниярды отырғызып алды. Делбені ақырын тартып қалуы мұң екен, қара бие тайпалып жосылта жөнелді.

Көрші ауылға барған соң атасы да тез шаруасын бітіріп асыға түсті. «Боран басталайын деп тұр! Ауылға тез жету керек. Қасымда бала бар», - деп түскен үйінен аттанып кеткенше дегбірсіздене бастады. «Тәйірі, деген, баяғы жынды борандар жоқ қой қазір. Мидай далада екі күн адасқанда үйді тауып келе беруші едік қой. Шіркін сол шағымыз - ай десейші. Қазіргі боран боран ба? Ауылдың арасындағы бұрқасын ғой бұл. Апырмай, бүгінгі жұмада басталған боран келесі

жұмада бір - ақ тынушы еді - ау. Сол ақ боранды арландай тіліп өтіп, күнді күн демей, түнді түн демей жортқанымыз қайда...» деп атасының замандасы өткен күнді есіне алып бір масайрап қалған - ды. Қожекең де миығынан күліп мәз - майрам. Жастық қайраты, жалынды шағы еске түскендей жауырынын қопаңдатып қойды.

Бұлар өз ауылына қарай кері қайтқанда расында да боран көтеріле бастағаны білінді. Әуелі оппа қардың бетінде жыландай ирелеңдеп сусыған сырғыма соқты. Көз талдыратын аппақ алапта бірте - бірте боран түтеп бара жатты. Жапалақтап қар да жауады, жел де күшейе түсті. Атасы Даниярды бауырына қарай тартып, мол тұлыптың етегімен бастыра қымтап тастап еді. Көрші ауылдан ұзап шығып, даланқыға қарай көсілгенде немересі қорбаңдап орнынан қозғалақтай берді.

- Қозғалма, ұйықтап жат, боран соғып барады, - деді атасы. Данияр одан сайын еленңдейді.

- Боранды көремін, ата, - деп бала да болмайды. Қалтасына қолын жүгіртіп бірдеме іздеп әуреленіп жатыр.

- Не іздеп жатырсың?

- Компасымды көремін.

- Қой, оны, тоңып каласың.

- Ауылды іздеймін компаспен.

- Міне, қызықты қара, ал іздесең іздеші, - деп атасы күліп немересінің, қылығын кызықтап ырқына көне кетті. - Біздің ауыл қай жақта, соны таба қойшы. Кәне?

- Солтүстікте. - Данияр қалтасынан шығарған компасты қолымен қалқалап стрелкасына қарады. - Біз дұрыс келе жатырмыз, ата.

- Онда жарады.

- Атты мен жүргізейінші, ата.

- Немене, үйге компасыңмен апарайын деп пе едің.

- Ие.

- Боран соғып үдеп кетсе, сонда не боламыз.

- Адаспаймыз.

- Ендеше кереметіңді көрейік, ал делбені ұста, - деді де атасы Даниярды шананың алдыңғы тұсына ыңғайлап отырғызып делбені қолына берді. - Ана көмпісіңді қалтаңа сал, түсіріп аласың.

- Жоғалтпаймын, ата.

- Ендеше мен ұйықтайын ба.

- Тұлыпқа оранып ұйықта, ата. Мен апарамын, - деп Данияр көңілді үн қатады. Атасы да кутың - кутың, етеді. Немересінің мынадай шымырлығына сүйсінген шырайы бар. Тұлыбының жағасын көтеріп алды да, кішкене Даниярдың сонау тәй - тәй басқан, былдырлап

тілі шыққан күндерінен бергі тәтті қылықтары есіне түсіп, көкірегі жылып, шананың жайлы ырғағымен тербеліп отырды. Сөйткенше болған жоқ, көзі ілініп кеткенін өзі де аңғармады.

Ал Данияр делбенің қолына тигеніне мәз. Шананың алдыңғы жағына шоқиып отырып алып ілгеріге жіті қадалады. Алғашқыда делбені жинақы ұстамақ болып, бір - екі рет тартыңқырап еді, қара бие ышқынып ытқи жөнелді. Әбден дағдыланып жатыққан жануар емес пе, болар - болмас белгінің өзіне еленбеп, жолдың таптауырын қарына тұяқтарын кірш - кірш қадайды. Бала қолын босатқанда барып бұрынғы желісіне қайта ауысты.

Манағыдай емес, боран ептеп көтеріліп келеді. Жапалақтап қар да бірге борап тұр. Бірақ Даниярдың сескенер сыңайы жоқ. Атасы талай - талай ақ борандар туралы аңыздай әңгіме айтушы еді. Солар есіне түседі. Баяғыда осы атасы екі ауылдың арасында үш күн адасыпты. Тіпті ат құлағы көрінбейтін жынды боран толастамай үш күн түтеген. Ол кезде салт жүреді ғой. Ал сол боранның күштілігі сондай ердің үстіндегі адамға аттың құлағы көрінбейді екен. Жан - жағынан қасқыр да қамалапты. «Тәйірі онда өзіміз көкжал едік қой, айғайды салып отырып жаландаған қасқырларды жарып өткенмін» деген атасы.

«Мына боран да күшейіп кетсе сондай болар ма екен» деп ойлайды Данияр.

Атасы ояна келгенде боранның үдеп бара жатқанын байқады. Жалма - жан тұлыпты серпіп жіберіп алдына қарап еді немересі қаздиып отыр манағы калпы. «Ой, айналайын - ай», деп күбір етті де, «Данияр!» деп дауыстады.

- Ол не, ата?

- Адасқан жоқсын, ба. Боран үдеп барады ғой.

- Адасқаным жоқ, ата, - деп ол қорабаңдап қалтасына қол апарды. Компасына қарамақ болып қорбаңдады. Атасы сонысын көзі шалып:

- Компасіңді қойшы, қолың тоңады, - деді.

- Жаңа қара бие оңға бұрылатын жолға түсіп кеткен екен. Компасқа қарап солға бұрдым. Біздің ауыл солтүстік жақта ғой, ата.

- Не дейді?

- Солға бұрылатын жолға түстім. Қара бие оңға кетіп барады екен.

- Қап, балам - ай, бүлдірдің - ау. Осы уақытқа дейін қара бие адасып көрген жоқ еді. Мен адассам да, бұл адаспайды. Жылқы баласы боранда жолды өзі табады. Көп ұзадық па, кәне бұрыл, - деп атасы өкіне бастады. - Қап, қалғып кеткенімді қарашы.

- Көп ұзаған жоқпыз. Ата, осы бетіміз дұрыс емес пе, біздің ауыл солтүстікте еді ғой. Міне

компас дұрыс көрсетіп тұр, - дейді немересі де ақталып.

- Солға бұрылған жол. Үлгі ауылына барады. Ол әлі он шақырым. Ал біздің Айтуарға баратын жол оңға бұрылуы тиіс. Кәне сен менің койныма кір, делбені енді маған бер, боран күшейіп кетпей тұрғанда ауылды табайық, - деп Қожакен, шанаы кері бұра бастады.

Баланың кателескенін қара бие сезіп келеді екен. Манадан бері аяғы кері тартып, жортағынан жаңылып, басын қайта - қайта шайқап, жүгенін сылдырлатып арындаңқырап еді. Кері бұрылуы мұң екен жаясы бүлкілдеп есіле тартты. Өзіне таныс жолға түскенше асығып желдірте ызғытқаны атасы мен немересін көңілдендіріп жіберді.

Боран төңіректі тұтастырып әкетті. Айнала дүние алай - дүлей ұйытқып тұр. Қар ұшқындарын үйіріп әкеп бетке де соғады. Жеңіл шананы ұшырта ытқытқан қара биенің жүрдек желісі де боранды күшейте түскен тәрізді.

- Ата, адаспаймыз ба? - деп Данияр Қожекеңе карайды.

- Көмпісің бар емес пе, адаспаймыз, - деп атасы күледі.

- Бар, - деп қорбаңдады немересі.

- Қозғалма, жарайды. Адаспаймыз, - деп Қожекең көңілді үн қатқан соң Данияр күшейіп

бара жатқан бораннан онша сескене қойған жоқ. Тек бүкіл бет - аузын қармен сабалап, көзін аштырмай тұншықтыра жаздағанда ептеп үрейленді.

Қара биенің жүрісінде де боран әлегі біліне бастаған сияқты. Әлгі әзірде өздері жүріп өткен жолды әп - сәтте қар кептеп тастағанын қайтерсіз. Шананың сырғуында да салмақ бар. Кейде алқымы оппаға кептеліп қалғаны сезіледі. Осының бәрін қалтқысыз ұққан атасының да даусы бәсеңсіп барады.

Бір кезде қара биенің өзі кеуделеп оппаға түсті де кетті. Бауырына дейін қарға кептеліп малталақтап қалды.

- Сайға түсіп кеттік пе, ей. Сайға қайдан тап болдық, - деп Қожекең өз - өзінен сөйленіп ақырын шанадан түсті. Делбені білегіне орап алыпты.

- Тр - р - р. Данияр, сен қозғалма.

- Ата, адастық па?

- Жоқ.

- Енді қайда түсіп кеттік. Мен компасыма қарайыңшы.

- Таста, балам. Қозғалмай жат, - деді де Қожекең енді адасқандарын біліп сақтық қамын жасай бастады. Алдымен шананы жақтауынан көтеріп, табанын түзетіп қойды. Даниярды жан - жағын қымтап орнықтырды. Делбені білегіне

мықтап бекіткен қалпы қара биенің қасына келіп, қолғабымен тамағынан, жағынан қағып - қағып қойды. Жануар оқыранып иесіне бұрылып басын шұлғыды.

- Е, бейшара - ай, мұз қатып қалған екен ғой. Бәсе, байғұсым - ай, жолдан не қылып шығып кетті десем. Қожекең ірі мүсінді мықты биесінің бүкіл қабағына жалбырап қатып қалған мұздақтарды қағып түсірді де, шанадан бір уыс шөп алып екі бөліп жүгеннің екі жағына көзге қалкан қылып байлап тастады.

- Ал, енді ештеме етпейді. - Ол биені жетелеп оппадан шығарды да, жер ыңғайын шамалағандай жан - жағына қарап, төменге тінтіне жол сорабын іздеп байқады. Әлгі екі ортада боран бәрін тып - тыйпыл қылыпты. Төңірек түгел уілдеп ойнақ салады. Аз ойланып тұрды да, қара биені дорбиған қолғабымен мойнынан қағып, кекілінен, жалынан сипап шанасына отырды.

- Ата, адастық па? - дейді Данияр.

- Білмеймін. Жолды боран басып тастапты.

- Адастық ендеше.

- Қорқасын ба?

- Қорықпаймын, ата. Үйге қашан жетеміз?

- Менің шамалауымша ауыл әлі бес шақырымдай болуы тиіс.

Қара бие аман болса бір сағатта жеткізеді.

- Баяғыда ауылға бір шақырым қалғанда адасып, таң атып, боран басылғанша үйдің төңірегінде жүрдім деп едің ғой.

- Ой баяғыда ғой. Менің бала кезімде.

- Ал қазір ше, ата?

- Қазір ондай боран жоқ.

- Боранда далада қондың ба, ата?

- Талай қондым.

- Бала күніңде ме?

- Сендей кезімде.

- Тоңған жоқсың ба?

- Тоңдық, бірақ шыдадық. Қарды терең қылып қазып әкем екеуміз қар астында жатқанбыз.

Кожекеннің көңілі мазасы данып келеді. Мынадай боранда кішкене баламен далада адасу оңай нәрсе емес. Даниярдың тынымсыз сұрақтары да сол күдігін күшейте түседі. Боран қара биенің жүрісін де шабандатты. Шана бауырымен қар сызып келеді. Қожекең секіріп түсті де, тұлыбын шешіп шанаға тастады. Өзі делбені ұстаған қалпы қатарласып оппалайды.

- Әлгі екі арада қалғып кеткенімді қарашы, ә? - дейді өзіне - өзі өкініп.

Бұлар осылай ұзақ жүрді. Боран ұлып тұр. Түк көрсетпей түтейді. Қара бие де болдырса керек, белі созыла тартып аяңға көшті. Қожакең ендігі ерікті биесіне берген. Жоба тауып келе жатқан сол.

Айналаны бағдарлап болар емес. Ара - арасында тоқтап тыныстап алады. Бірақ тер қатып қалар деп ұзақ тұрмайды. Тағы ілгері қозғалады. Ал, Данияр сөзден қалыпты. «Қап, тоңып қалды - ау, қарны ашты - ау» деп атасы іштей бәйек болып келеді.

Кенет кара бие кілт бұрылып, шана аударылып қала жаздады. «Тр - р - р - р. Бұған не болды. Е, мана көзіне мұз катқанда жануар жаңылып кеткен - ай сірә. Айырма жолға енді жеттік - ау деймін». Атасы етек - жеңін жұлқылаған күшті желге жонын беріп, төмен үңіледі. Жол сорабын іздейді. Бірақ түк аңғара алмады. «Шүу, жануар» деп тағы қозғалды. Даланың ақ бораны құтырына ышқынады.

- Данияр, тоңдын, ба? - деді бір кезде атасы. Шанаға еңкейіп, немересінің қолын іздеп тауып алып алақанына қысты. Кішкентай қолы жып - жылы екен.

- Ата, қасқыр көрінбей ме? – дейді.

- Байлаулы қасқырың бар ма еді.

- Боранда қасқыр құтырады деуші едің ғой.

Атасы не айтарын білмеді. Өзі де қажи бастаса керек, «баламысың деген осы - ау» деп күбірледі де қойды. Данияр тағы да орнында қопаңдап компасын іздеп жатыр.

- Ата, дұрыс келеміз! - деді бір кезде.

Даниярдың айтқаны рас болып шықты. Қара бие қақпаның дәл алдына келіп тоқтағанда барып бұлар аман - есен ауылға жеткенін білді. Боран толас табар қалпы жоқ, кайта қаһарланып алып, үй - үйдің арасын тұтастырып жіберіпті. Түк көрінбейді.

Бұлар үсті - бастары қарға көміліп, шұбатылып үйге кіргенде мұндағылар түгел қуанысып қалды.

- Бармысыңдар?

- Қорқып отыр едік.

- Қалай жеттіңдер? - десіп жатыр бәрі.

- Менің Даниярым тұрғанда маған адасып не болыпты. Мұндай боранның талайын көргенбіз, - деп атасы даусын көтере сөйлеп шешініп жатыр.

- Құлыным, тоңып қалған жоқсын, ба? Адастыңдар ғой өзі, - деп әжесі Даниярды шешіндіруде. Баланың, албыртқан екі бетінен кезек сүйеді.

- Менің компасым бар, адасқамыз жоқ, - дейді Данияр.

- Қандай компас? - деп бесіншіде оқитын Серік жақындай түсті. Данияр тонының қалтасынан қара компасты алып көрсетті.

- Мә саған! - деп Серік күліп жіберді. - Ата, сендерді адастырған мына компас екен ғой. Бұл сынық компас.

- Қайдан білейін, мен көмпіске карады дейсін, бе.

- Сынық емес, солтүстікті көрсетіп тұр! - дейді Данияр.

- Стрелкасы қозғалмайды ғой.

- Кәне.

- Міне көрші.

- Рас, - деді Данияр. Басқа ештеме айта алмады. Өзінің аңғалдығына өкінді. Қара биенің дағдысынан жаңылмас зеректігін жаңа түсінді. Атасына қарай алмады. Қара биені дұрыс жолдан бұрып жіберген өзі еді. Сол қателігін енді ұқты. Үлкендердің айтқан ақылы әрдайым дұрыс екенін ұйытқыған ақ боран тағы да тағандай түскендей болды. Данияр үндемеді. Атасы әңгімені ағытқан. Разы райлы.

- Шіркін менің Даниярым атасына тартқан екен, - дейді мұртын ширатып. - Ақ бораның ұлып тұрғанда қыңқ етпеді - ау. Өзім қорқып едім, адастық қой деп. Мұның, ойында ештеме жоқ. Тіпті қасқырды сұрайды. - Қожекең карк - карк күледі. - Жаным - ау қасқырды байлап қойдың ба десем де болмайды. Бізді бүлдірген осының көмпісі болды. Өзің енді соны тасташы. Атаң казақ «ат - ер қанаты» деп тегін айтпаған ғой. Көрдің ғой қара биенің қандай қанат болғанын. Адасқан жеріннен алып келген жоқ па. Машинаға

мінсең де атты ұмытпа. Даланың ұлы емес пе, ат құлағында ойнап өскені дұрыс.

- Өй, сен лепіріп кеттің ғой. Адасып келіп тұрып, тойдан келген сияқты сөйлейді. Мүмкін той жасарсың - дейді әжесі.

- Е, несі бар. Той жасасаң да артық емес. Немерең ақ боранды жарып аман келді. Одан артық не қуаныш керек!

- Дала менің құлынымның алтын бесігі емес пе. Әкесі де жайлауда жүргенде далада туған, өзі де далада дүние есігін ашты. Даланың еркесі емес пе, айналайыным сол! - дейді де әжесі құшақтамақ болып Даниярды бауырына тартса, ол ұялшақтап қашқалақтайды.

Данияр енді достарын көргенше асықты. Ақ боранда ай далада адасқандарын таңертең кетіп кештете зорға жеткендерін айқысы келеді. Енді ол бір қызық хикаяны бастан кешкен кішкентай батыр сияқты еді...

Қос басында

Қанат ауылда туып, өсіп келе жатса да диқандардың дала қосында әлі күнге бір болып көрген жоқ еді. Әкесі Жұмабек комбайыншы. Күзгі орақ кезінде күні - түні үй бетін көрмей далада болады. Жаңбыр жауғанда ғана анда - санда бір келіп кететіні бар. Ал басқа күндері қауырт қарбаластың ең ортасында. Таңның атысы, күннің батысы комбайннан бір түспейді деп естиді, бірақ Қанат әкесінің егін шапқанын көрген емес. Ал көруге құмар. Жайқалған қалың егінді қақ жарып жосылтып бара жатқан әкесінің комбайнын көрсе ғой. Маңдайшасында қызыл жалау желбірейтін шығар. Ол орақта озып жүрген мықтылардың бірі. Күнде кешке радиодан «Бүгін кім алда» деген хабар берілетін. Сонда ең бірінші етіп Қанаттың әкесінің есімін атайды.

- Папама барамын, - деп қоятын ондайда.

- Кіммен барасың? - дейді мамасы.

- Өзім барамын. Қырманға барып машинаға мінемін де тартамын.

- Сені ешкім де апармайды. Үйде отыр. Машинаның астына түсіп каласың, - деп мамасы үй маңынан ұзатпайтын. Ал Қанат теңіздей толқыған егінді, қаптаған қалың комбайндарды, дән тасып ағылған машиналарды тамашалауға қызығады - ақ. Әттең, мамасы босатпай тұр.

Сол сұранған сапардың сәті бүгін түсті. Мана пионер вожатый бесінші кластың пионерлері түстен кейін диқандардың дала қосына баратынын хабарлады. Бұларды сағат үште мектеп алдында арнайы автобус тоспақшы. Қанат үйге ұшып жетті де, портфелін қоя салып, қайтадан кетпекке жиналды.

- Қайда асықтың? - мамасының бұл сұрауына жүгіріп бара жатып жауып қатты.

- Папама барамын.

- Немен барасың? Жалғыз ба? Тоқта деймін.

- Пионер вожатый апарады. Қос басында боламыз, - деп Қанат аптығып, сондай бір алып ұшқан қуанышпен тақ - тақ етеді. Мамасы оған қызыға қарап қалыпты.

- Жай барасыңдар ма?

- «Дән» операциясы.

- Онысы несі?

- Ысырапты тексереміз.

- Қандай ысырап?

- Комбайнның соңында масақ қала ма, жоқ па. Соны тексереміз.

- Папаңды тексереді екенсің ғой, - деп мамасы күлді.

Ол Қанаттың үйден қалай тез шығып кеткенін де аңғармай қалды. Терезеден көз салып еді, баласы емпеленде жүгіріп барады екен.

Балалардың көбі қос басында бұрын болмапты.. Совхоздың жаңа автобусы мектеп алдынан қозғалып кеткенде бәрінің де қуанышы қойнына сыймады. Олардың көз алдында қайнаған еңбек, керемет қызу өмір елестеген еді. Тасыған дән, сапырылысқан халық, соқтығыса жаздап сығылысқан машина, комбайн көреміз деп ойлады балалар.

Жасыл желегі сыңсыған қалың ағаштың қойнауында қатар тізілген екі вагоншаның қасына келіп автобус тоқтағанда айнала төңірек тым - тырыс бола қалды. Қыбыр еткен жан жоқ. Жым - жырт. Бір вагоншаның төбесінде қызыл жалау желбірейді.

- Міне дала қосына да келдік. Түсіңдер! - деді пионер вожатый. Балалар таңырқағандай жүзбен түсіп жатыр.

- Комбайндар қайда?

- Диқандар жоқ қой.

- Қос қайда? - десіп бір - біріне сыбырласады.

- Бір мезетте вагоншаның бірінің есігі ашылып, Сәкен ағай шыға келді. Ол осы бригададағы есепші еді.

- Балалар, келіп қалдыңдар ма. Кәне, шуламаңдар. Комбайншылар ұйықтап жатыр. Біздің қызыл мүйіске кіріңдер, - деп ол жаңағы өзі шыққан вагоншаның есігін айқара ашты.

Балалар енді ақырын басып, сыбырлай сөйлесіп вагоншаға кіріп жатыр. Қатар - қатар орындықтарға жайғасты. Іші жайлы да жарасымды. Мұнтаздай тап - таза. Мұндағы дүниелердің, бәрі де тағанды тәртіппен орналасыпты.

- Баяғы замандағыдай қос тігіп, яки күрке көтеріп әуре болып жатпаймыз. Диқанның қосы осы. Доңғалақ үстіндегі екі вагонша комбайндардың соңынан көшіп жүреді. Ана вагоншада түнде жұмыс істеген екінші сменнің комбайншылары ұйықтап жатыр, - деп есепші балаларға жай - жапсарды қоңыр үнмен байыпты түсіндіреді. - Мана парторг айтқан. Егін жиналған танапты тексереді екенсіңдер ғой. Өте дұрыс. Мен де сендерді тосып отырмын. Алдымен қонақ - кәде жасайық. Мультфильм көріп алыңдар.

Балалар мәз болысып бір - біріне қарады. Есепші ағай вагонша терезелерінің қалың қара матадан жасалған тұтқыштарын түсіріп, кино көрсетуге кірісті. Одан соң түрлі түсті телевизор жүргізілді. Шахмат, дойбы тақталары құрылды. Балалар соның бәрін ерекше сүйсініп қызықтады. Бұл вагоншада қызыл мүйіс пен асхана орналасқан екен.

- Балалар, негізгі шаруамызды, пионерлік ісімізді ұмытпайық, - деді орнынан көтерілген пионер вожатый. Осы кезде рациямен қызыл

- жасыл шамдары жыпылықтап, әлде бір белгілер беріп жатты. Есепші ағай жалма - жан микрофонды қолына алып аузына тосты.

- Екінші тыңдап тұр, екінші тыңдап тұр. - Микрофон күтір - күтір етті де арғы жақтан дауыс естілді.

- Мен үшіншімін, мен үшіншімін. Балалар келді ме?

- Келді.

- Ендеше дала қосын жақсылап көрсет, таныстыр. Өздері тыныксын. Волейбол, футбол ойнасын. Доптарды бер.

- Кино көрді, шахмат, дойбы ойнады. Футбол мен волейболға уақыттары жоқ. Шаруалары бар.

- Білемін. Онда оныншы танапқа алып кел.

Рацияның шамдары да сөнді. Сәкен ағай микрофонды орнына қойып балаларға бұрылды.

- Бригадиріміз ғой. Комбайндардың қасында тұр екен. Сендерді қазір егіні жиналған танапқа әкел деді.

Балалар орындарынан тұра бастады.

- Дала қосы ұнай ма? - деді есепші.

- Өте жақсы.

- Жатақхана да жақсы ма, аға?

- Бұдан да жақсы. Көрсетер едім, комбайншылардың ұйқысын... - деп келе жатыр еді ол, балалар бірден түсінді.

- Оятпайық, аға.

- Ендеше жатақхананы сыртынан көріңдер.
- Қалай оңды. Кинодағыдай сияқты.
- Сұрақтарың бар ма? - деді Сәкен ағай.
- Қанаттың папасы қайда? - деді бір бала.
- Ол қазір комбайнда. Қазір танапқа барғанда көресіңдер. Дала қосының көркіне таңданған балалар автобуска отырғанда тағы бір сұрақ туындады.
- Электр жарығы қайдан келеді, аға?
- Әне бағандарды көрмедіңдер ме?
- Ал, қалай көшесіздер.
- Жыл сайын, көктемде, күзде көшіп баратын осындай екі тұрақты қонысқа электр желісі тартылған. Ал қалған жерде пайдаланатын электр движогіміз бар, - деп әлгі сұрақты да түсіндірді есепші ағай. Балалардың аңғарымпаздығына ол да разы сияқты.

Автобус егінді алқаптарды аралап келіп, сабан шөмелелері жыпырлаған танапқа тоқтады. Нағыз қауырт қарбалас осында екен. Сондықтанда шаң шұбалтқан күрең комбайндар қатар - қатар көсілген құшақ жетпес дестелерді қылғыта жұтып барады. Танаптардың басында, орта тұсында комбайндар бункерлерінің толуын тосып жүк машиналары тізілген. Ерсілі - қарсылы құйғытып жеңіл машиналар да жүр. «Анау дирек-

тор, анау парторг, бригадир әне» деп есепші бәрін машиналарының түсінен таниды.

- Автоклуб келіп қалыпты. Үлкен оқиға бар ғой. Бұлар неге жиналып жатыр? - деп Сәкен ағай орнынан көтеріліп балаларды да еленДетті. Автобус жеңіл машиналардың қасына тоқтады.

Бірінші келе жатқан «Нива» комбайны танаптың басына шығып бұрылып тоқтағанда тұрғандардың бәрі солай қарай ұмтылды.

- Құттықтаймыз!

- Ура!

- Тамаша жеңіс!

- Космонавтар құттықтауға келді! - дескен үндер естіледі. Комбайннан түсіп келе жатқан Қанаттың папасы Жұмабек еді. Бәрі соның қолын қысып жатыр.

- Қанаттың папасы.

- Ура! Қанат, папаңды қара! - деп автобуста отырған балалар да шулап қоя берді. Бұл оқиғаның мәнісін есепші Сәкен ағай тез түсіндірді.

- Қанат, папаң қанша астық бастырғаның білесің ба? - деді ол. Қанат ұялып басын шайқады.

- Оның жарамады. Күнде радиодан хабарлап жатады ғой. Ендеше біліп қой, сенің папаң он бес мың центнер астық бастырды. Оны мұндағы сендер түгілі, Москвадағы жұлдызды

қалашықтағы космонавтар біліп отыр. Анау әне космонавтардың папаңа құттықтау телеграммасы болар. - Балалар қуанып қалды.

- Рас па?

- Москвадан ба?

- Рас, әне парторг телеграмманы тапсырып жатыр. Ауыл артистері де құттықтауға келіпті, не ән - күйді де шалқытып жіберді ғой. Уақытты алмайын деп шапшаңдатып жатыр, - деп Сәкен ағай балаларға бәрін баяндап берді. Шынында да солай болды. Балалар автобустан түскенше комбайндар да орындарынан қозғалып кетті. Қанат папасын көре де алмай қалды.. Барлық оқиға сондай шапшаң да жедел өте шықты.

- Комбайндарды көп тоқтатуға болмайды. Әр минут қымбат, - деп бұлардың қасына совхоз директоры бастаған үлкендер келді. - Ал балалар, бізге көмектесесіңдер ме? Дұрыс - ақ. Жұмабектің баласы да осында екен - ау. Сені құттықтайық. Әкеңнің ерлігін Москва біліп отыр. Ал енді сен әкең жинаған жерді тексеріп шық. - Тұрғандар балалардың көмекке келгеніне разы раймен күлісті.

- Іске кірісіңдер! - деп парторг та бұларды құптады. Балалар есепші мен пионер вожатыйдың бастауымен комбайндар жүріп өткен жерді біраз шарлады. Еңкейіп, тіпті қадалып шашау қалған масақтарды іздеді. Ерсілі - қарсылы жүгірісті.

Бірақ қайда караса да тап - таза жинаған шебер қолдың ізі сайрап жатты.

- Таптым!Таптым! - деп кенет балалардың бірі шыр ете түсті. Бәрі жүгіріп солай қарай ұмтылысты. Қанаттың жүрегі дір етті. Ол да жетіп барды.

- Міне, - деп әлгі бала басы соғылып сағасында ғана қауызы жарылмаған бес - алты дән қалған масақты көрсетті.

- Ол жарты масақ.

- Ол есептелмейді.

- Есептеледі.

- Бригадирден сұрайық. – Балалар таласып кетті. Қанат қана үндемейді. Неге екені белгісіз, өз - өзінен қызарақтайды. Ақыры бәрі бригадирге жүгіңді.

- Қай жерден таптың? - деді бригадир. Балалар аңыра қараған соң сұрағын нақтылай түсті. - Аңыздан ба, шөмеледен бе?

- Аңыздан.

- Ендеше комбайншының кінәсі болмауы да мүмкін. Дұрыс соғылмаған масақ шөмеледен шығады. Мына масақ орғанда жатканың доңғалағына соғылуы мүмкін. Бес - он гектар аланда жарты масақ қана ұшып түссе, комбайншы осал болмағаны деп есептей беріңдер.Сендер бір бет диктанттан неше қате кетіресіңдер? - Балалар үндемеді. Бригадир ағай да сөзін айқынырақ етіп

сабақтады. - Бір беттен бір үтір ғана кетсе бес қоюға бол ма?

- Болады.

- Ендеше мына танаптағы жұмыстың бағасы да бес. - Пионерлер күліп жіберді. Әсіресе Қанаттың көзі ұшқын ата қалыпты.

- Аға, комбайншы осы жерден Москвамен сөйлесе ала ма, - деді ол. Бәрі Қанатқа жалт қарады.

- Комбайнда телефон жоқ.

- Қалай сөйлеседі?

- Комбайнда да рация бар шығар. - Әр қилы сұрақтар жауып кетті. Есепші Сәкен ағай күлімсіреп Қанаттың маңдайынан сипады.

- Қанаттың сұрағы дұрыс, - деді ол. Балалар тына қалып, есепші ағайға бұрылды. - Москвадан телеграмма келген соң папасы оған жауап беруі керек қой. Жаңа ол кісі жауап телеграмманы да комбайн үстінде тұрып жазып жіберді. Почта қызметкері оны алып та кетті. Ал комбайнда телефон да, рация да жоқ. Қажет болса комбайншы қазір ауылға барып табан аузында Москвамен сөйлесе алады. Телефон трубкасын көтерсе болды, орақта жүрген диқан екенін айтса Москваны бірден қосады. Қазір диқанның өзі де, сөзі де алтын, барлық құрмет - қошамет соған арналады. Енді түсіндіңдер ме? Дән алтын, дәнді өсірген адам да алтын.

- Түсіндік.
- Тағы келеміз! - десті балалар.

Автобус ауылға қарай беттегенде Қанат қалай қуанды десеңізші. Ол астықты алқапта бүгінгі көргендерін мамасына жеткізгенше асықты.

- Нағашы атаң шақырады, ауылға айтқа барамыз, - деп папасының айтуы мұң екен үшінші класта оқитын Дәулет шексіз қуанды. Айт болатын күнді асыға тосып, бірге ойнайтын достарына мақтана хабарлады.

Асыға тосқан күн де жетті - ау. Дәулет папасы мен мамасына еріп жақында өздері сатып алған аппақ «Жигулимен» ауылға тартты. Ауыл алыста, қалың ағаштың ортасында. Көктем келіп, жер түлеп, көк көтеріліп қалған кез болатын. Бүкіл төңірек жап - жасыл, жайқын нұрмен жайнап тұр.

- Даланы сағындық қой кішкене тоқташы. Таза ауа жұтайық, көкке табанымызды тигізейік, жер жарықтық бусанып жатыр екен, - деп мамасы машинаны тоқтатқызды да үшеуі есіктерді айқара ашып тастап сыртқа шықты, дала лебі қандай тап - таза, кәусар десеңізші. Бүкіл бет - жүзінді, қойны - қоншыңды аймалап сүйіп жатқан сияқты. Рахат сондай.

- Даланың исі, ауылдың исі келіп тұр. Жұпар - ау шіркін, - деді папасы. Дәулет те дәл бір иіс белгісі келгендей танауын көтеріп, желпінген самалға бетін тосады.

Бұлар ауылға келгенде орталық тұстағы мешіттің маңы қара - құра халыққа толып кетті. Айт қызығы басталып кеткенге ұқсайды.

- Кешігіп қалған жоқпыз ба? Тезірек барайық, - десіп папасы мен мамасы ыңғайсыздана бастады.

Қызыл шатырлы үлкен үйдің алдында тұрған нағашы атасы мен әжесі де Дәулетті қуана қарсы алып, бетінен сүйіп, мешітке қарай жетелей жөнелді.

- Тез жүріңдер. Айттық, - десіп жатыр.

Бұрынғы балалар бақшасының кең үш бөлмесіне орналасқан мешітке біраз жұрт жиналып қалған екен. Тып - тыныш. Молданың ғана даусы естіледі. Намаз оқылып бітті. Келгендер садақаларын жәшікке тастап, аят оқытып жатыр. Сақал - шашы ағарған москал молда аятты қысқа қайырып, қайта - қайта оқып, тездетіп қол жайғызады.

Бір кезде жұрт аяғы сейіліп, мешіт төрінде ақсақалдар ғана қалғанда молла қаладан келген қонақтарға назар аударып амандық сұрасып жатты.

- Мына кішкентай батыр да атасына айтқа келген екен ғой. Айтың құтты болсын, - деп тілегін айтты да жиен балаға мейірмен қарады, - Жиен де құран оқитын шығар. Қазір балаларға да оқытып жатыр ғой. Бізді бала кезімізде әкеміз үйреткен. Осы балалардай кезімізде жатарда біраз тіл сындарып, қайт - қайта оқып жататынбыз. – Молла жиен баладан жауап күтпей сөзін жалғастыра берді. Құранның не екенін білмейтін де шығар

бұлар дегендей кейіппен жанында отырғандарға бұрылды.

Дәулет папасының қасында кілем үстінде тізерлеп отыра кеткен еді. Қозғалақтап орнығып алды да папасына қарады. Ал әкесі жан қалтасынан кішкене тебетейді суырып алып баласының басына кигізді. Дәулет бетін бір сипады да, «биссімелла» деп бастап жөнелді. Отырғандар елең етіп тына қалды. Молла таңырқағанын білдірмей салмақтана түсті.

Қаладағы мешіттен дәріс алып жүрген Дәулет соңғы кезең ұзақ аяттардың өзін суылдатып оқитын деңгейге жетіп қалған. Дауыс мақамы да сүйкімді. Жас үні сондай жағымды. Құлаққа құйылып, көкірекке төгіліп жатқандай. Мүдірісі жоқ, мүлтіксіз, мінсіз. Отырғандар жап - жас баланың аузынан айтылған құдай сөзіне балқып кеткендей еді. Дәулет өзі білетін ең ұзақ аятты жарты сағаттай оқыды. Жұрт сезіп отыр. Молланың манағы аяттары мынаның жанында тақы - тұқыл бірдеме сияқты. «Алла сақтасын, күпірлік келтірмейікші, ол да өз әлінше шын ниетімен оқыды ғой. Ал шынын айтсақ мына бала нағыз оқудың ортасынан келген. Осылай болу керек қой. Айналайын - ай, алланың нұры жаусын», - десіп күбірлегендей болады отырғандар ішінен.

Дәулет құранды оқып болып, бата қайырған соң молла бірінші болып жүзі жылып балаға қарады да:

- Алланың нұры жаусын, айналайын. Келші маңдайыңнан сүйейін. Өркенің өссін. Оқудың шапағаты осы. Біздікі қаражаяу әрекет, сенікі нағыз оқу. Айтта қасымда бол, - деді.

Үш күн құрбан айтында ауыл молласы Дәулетті қасынан тастамады. Бүкіл ауыл балалары да қызығып Дәулеттің соңынан қалмай айттап жүрді. «Үлкен молла осы» деп үлкендерден естігендерін бір - біріне сыбырлап қояды.

Жеті қарағай

Күнде ұйқысынан ояна сала ойын базарына шапқылай жөнелетін Жомарт бүгін орнынан тұрар - тұрмаста:

- Папа! – деп айғай салды. Бұл кезде әкесі далаға шығып кеткен еді. – Папам қайда? Папа! – Жомарт еркелікке басып тағы да қыңқылдады. Ешкім үн қатпаған соң жүгіріп терезеге барды. Папасы терезе түбіндегі топырақты қопсытып, жасыл бүршігі жаңада балауызданып бусана бастаған жас ағаштарды баптап, күтіп жүр екен. Қуанып кетіп, жалма - жал киіне бастады. Кеше оған папасы бүгін үйдің алдында жайқалған алты қарағайға тағы біреу қосып, жаңа көшет отырғызатынын айтқан еді. Әне қара - қошқыл тамыры тарам - тарам қобыраған балапан қарағайды қазулы ұя - шұңқырдың қасына жан-тайта сұлатып та қойыпты. Жанында ернеуінен шүпілдей толған шелек және тұр.

Қуанған Жомарт жүгіріп үйден ата жөнелді. Қорада шешесіне соқтығып қала жаздады.

- Құлыншағым - ау, байқасаңшы.

- Мама, мені неге оятпадың. Папам ... – деп өзінің кеш тұрғанына бұртиыңқырап қалды.

- Жомарт, қолым тимей жатыр, ана кішкене шелегіңмен құбырдан су әкеліп берші, - деді мамасы.

- Қанша әкелейін? – деді Жомарт ілезде жадырай түсті.

- Бір шелек жетеді.

- Жоқ, мама, жеті шелек әкелемін. – Жомарт жалма - жан кішкене топатайын іліп алып жүгіре жөнелді. Өзі тағы айғайлап барады. – Мама, қозыларға жеті топатайдан су беремін, үгіршіктерге жеті реттен су құямын... Жеті рет, жеті рет... Мен жетідемін. – Баланың қуанышында шек жоқ сияқты. Шешесі мәз болып күліп ұлының соңынан қарап тұр. Тіпті сонау алыста тұрып, ту сыртынан құшырлана иіскегендей еміренеді.

Жомарттың папасы үйдің алдындағы шағын бауға жыл сайын майдың басында бір балапан қарағай қосуды әдетке айналдырған. Әне, жасыл қанатын жайсаң жайып алты түп жас қарағай бірінен соң бірі иық тіресіп, тамырын тереңге тартып иық қаулап келеді. Жомарт дүниеге келгеннен бері әкесі баласының туған күніне белгі болсын деп бір түптен қарағай отырғызушы еді. Енді міне, жетінші қарағай да өз өмірін мына мекеннің сәні болып жалғастырады. Жомарт әкесінің алдына алқына жетіп маңдайынан иіскетті де, секіріп - секіріп алып, көшедегі құбырға қарай тартты. Ол айтқандай - ақ мамасына жеті рет су әкелді, қозыларына да жеті топтатай су беріп, қияр көшеттеріне жетіден су құйды.

- Менің құлыным қолқанат болып өсіп қалған екен ғой, - деп мамасы да құшағынан жібермей маңдайынан жеті рет сүйді.

Досыңды шақыр

Көктем туып, жер қызып, айнала дүние бусанып жатқан шақ. Диқан жұрты қыраңға шығып, күні - түні егіс дүбірімен дамыл таппайды. Ауыл ішінде де қауырт қам - қарекет көбейіп кеткен - ді. Қай үйде болсын бау - бақшаның бабын сайлап, жер құндағын құнттап жатқан жанталас аңғарылады. Ақылбектің атасы да таңертеңнен бері үлкен бақшаның бір бұрышынан қияр себетін жер әзірлеп жүр. Күрекпен топырағын қопсытты, оны тырмалап әбден тегістеді, көң төкті. Содан соң барып немересін іздеді. Екінші класта оқитын Ақылбек үйде отыр екен.

- Ақылбек, құлыншағым, ана қиярды себу керек, күн қызып кетпей тұрғанда қимылдайық, менің белім бүктіретін емес. Сен бір досыңды тауып келсең екеулеп сеуіп тастар едіңдер. Мен де қарақшы болып қастарыңда жүрейін, - деді атасы.

- Кімді дейсің, ата?

- Бір досыңды шақыр деймін.

Ақылбек аңырап қалды. Бірге оқитын балаларды ойша екшеп тұрған тәрізді.

Атасы одан әрі сөзін сабақтай берді.

- Досыңды әкел деймін, түсіндің бе? Адамның жаны сүйетін бір досы болады. Бала күннен басталады достық. Осындайда көмектесіп, септесіп жіберсе жарасып жатпай ма?! Баяғыда бала

күнімізде бір - бірімізді көре алмасақ тұра алмайтын достарымыз болушы еді, шіркін - ай. Қайран дүние - ай!

- Олар казір қайда, ата?

- Өтті ғой көбі. Атаң да міне сексеннен асты.

- Сексен екідесің.

- Бар енді. Досыңды әкел. Жұмысты бітірейік.

Ақылбек үйден ұзап шығып, ойланып келеді. Бірге ойнап жүрген тетелес балалардың қайсына барып өтініш айтарын өзі де білмейді. Ойы тоқтар емес. Сәкен, Серікбай, Болат, Еркін... бәрін санап шықты да, жолдан Боранбайға бұрылды.

- Біздің үйге барайықшы, - депді ол ертегілер оқып отырған Боранбайға.

- Ойнаймыз ба?

- Анада саған Алматыдан атам әкелген апорт беріп едім ғой.

- Оны не қыл дейсің?

- Қияр себуге көмектесші.

- Есеннің үйіне барамын. Ол мені велик тебуге шақырған. Велик тебеміз, доп ойнаймыз. Сенің добың да жоқ қой. Одан да велик тебуге бізге кел. Ауылдың шетіндегі тақырға шығамыз.

- Атам ұрысады.

- Ақылбек ақырын басып ілгері тартты. Боранбайдың әлгі айтқандары да қызықтырып барады. Велосипедпен жарысып, доп қуған да жақсы. Ол жерге ауылдың бүкіл балалары жина-

лады. У - шу, ду - ду. Бірақ Ақылбек атасының тапсырмасын ұмытқан емес. Тағы бір досының үйіне келе жатыр. Ол досы – Есен еді.

Үлкен кірпіш үйдің көк қақпасының алдына келе бергенде кеше Есенді де өкпелетіп алғаны есіне түсті.

Сабақ бітіп балалар үйлеріне қайтуға асығыс жиналып жатқан болатын.

- Тез үйге жетейік! – деді балалардың бірі бар дауыспен.

- Не болды?

- Бір қызық бар ма?

- Телевизордан қызық кино көрсете ме? – десіп екінші класс оқушыларының бәрі әлгі балаға қарады.

- «Ұстатпайтын кекшілдерді» көрсетеді.

- Ура!

- Үйге жүгірдік.

- Тез жетейік! – Балалар у - шу болып жанталасып есікке қарай жүгірді. Есен ғана желкесін қасып, жаутаңдап әркімге бір қызыға қарады. Ол бүгін кезекші еді. Оқушылардың күнделіктерін, дәптерлерін жинайды, әйтеуір кешігеді.

- Ақылбек, тоқтай тұршы бірге барайық, - деп қиналды ол.

- Көп боласың ба әлі?

- Бес минут.

- Охо, оған дейін кинонын жартысы өтіп кетеді.

- Бірге барйықшы. Келесіде мен де сені тосамын.

- Жоқ, мен кеттім.

- Жарайды ендеше, сен де маған жалынарсың.

- Жалынбаймын, - деді де Ақылбек тыпыңдап тартты.

Осы оқиғаны көз алдынан елестетіп өткен сайын оның Есен үйінің есігін ашуға батылы бармады. «Ғазез келер мүмкін! Жоқ, ол кеше ауырып кеткен. Күн әлі еркін қызған жоқ деп оны атасы жібермейді. Енді кім?» Осы сұрақ Ақылбектің ойын он саққа жүгіртті. Бірақ нық жауабы табылмай - ақ қойды. Ол үйіне қайта оралғанда есік алдында атасы тосып отыр екен.

- Жалғыз келдің ғой, Ақылбек? – деп сұраулы пішінмен бұрыла қарады.

- Балалар жоқ, - деп міңгірледі немересі.

- Біреуі де жоқ па?

- Жоқ.

- Бәрі бірдей қайда кетіпті?

- Велик тебуге, ауыл сыртындағы тақырға кетіпті.

- Досжанның баласы Есен үйінде жүр еді ғой.

- Ол келмейді.

- Боранбай досың ше? Осы үйге жылтиып келе беруші еді ғой.

- Ол да келмейді.

- Е, оларға не болған. Айналайын - ау қол ұшын беретін бір досыңның болмағаны қалай? Қызық екен. Әлде өзің жай жүрмей төбелесіп бәрін бездірген шығарсың?

Ақылбек үндемеді. Атасы аң - таң. Немересінің бір баланы ертіп келе алмағанына қапаланып, басын шайқады.

- Шаруасы түскір қайда қашар дейсің. Қиярды екеуміз де егерміз. Бірақ мынауың жаман екен: ертең - ақ жігіт болып жортып кеткелі тұрсың, әлі тым болмаса қамшыңды көтеріп әперетін бір досың болмағаны қалай? Пай - пай! Жарамайды.

Екеуі де тым - тырыс. Ақылбек атасының қасына келіп отырған. Қарттың әжімді жүзіне жыпылық - жыпылық қарап қойып, айтар сөзін күтулі. Атасы ой құшағында сияқты. Сақал - мұртын саусақтарымен салалап тарап, сылап - сипай береді. Реңінде ренішті рай бар.

- Солай де, Ақылбек, құлыншақ. Досыңның бірін таба алмағаның ба? Досың бар ма өзі? Біреуін аташы.

- Есен.

- Ол неге келмеді?

- Тағы да.

- Боранбай.

- Ол неге келмеді?

Атасы канша қаужалап сұраса да Ақылбек жардымды ештеңе айтпай отыр еді, бір кезде өзінен - өзі шешілді.

- Маған велик сатып әпересің бе, ата?

- Онысы несі?

- Велосипед.

- Иә, сонда не болады?

- Сонда достарым көбейеді.

- Иә, оларды өздері келмеген соң велосипедпен алып келесің бе?

- Велигім болса балалардың бәрі осы жерге жиналар еді. Велик сатып әперші, ата?

- Великті сатып алғандай достықты да сатып алуға бола ма, балам - ай.

- Балалар өздері келеді.

- Балалар велосипед іздеп келмей досын іздеп келсе ғой.

- Келеді, ата.

- Бәрі өзіңнен, құлыншағым. Өзің осал болған соң достарың да осал болғаны. Осыны бір бүйіріңе түйіп қойшы.

- Бүйірге түйгені қалай, ата?

- Әрдайым осыны ұмытпа дегенім ғой.

- Жарайды, ата, - деп Ақылбек мардымсып қойды. – Қиярды енді өзіміз отырғызамыз ба?

- Енді қайтеміз. Великті, сенің достарыңды тоссақ көктем өтіп кетпей ме? Менің белім де жазылар, ертең кірісерміз.Сенің сабағың қалай осы?

Сен нашар оқыған соң достарың сенен қашатын шығар. Баяғыда мектепте екілері үймелеген баланы құбыжық сиякты көріп, қасында отырудан қашқақтайтын. Солай болып жүрме өзің.

Атасы көңілсіз қалпы, даусы бәсеңдеп немересіне қарады. Ақылбек те ашық үн ката алмады. Тура қарамай жан - жағына бұлталақтаумен болды.

- Шыныңды айтшы. Екің бар ма? - деді атасы.

- Біреу ғана, - деп немересінің басы төмен салбырап кетті.

- Бәсе, өзің осалсың - ау дегенім дұрыс болмаса игі еді. Сабақта да, істе де былжырап жүрген баланы достары ұната ма?

Осыны айтты да атасы Ақылбектің басынан сипап, ойға батқан бойы біраз тұрды.

- Қайрат бар ма сенде? – деп ол немересінің жүзіне барлай қарады.

- Бар, - деп кемсеңдеді Ақылбек.

- Ендеше неге жыламсырайсың?

- Ата, велик керегі жоқ.

- Неге айнып қалдың? Соған жыламсырадың ба?

- Былжыр дедің.

Атасы еріксіз күліп жіберді.

- Намыс та, қайрат та бар болатын түрі бар сенде, айналайын. Соны көріп тұрмын, - деп қария Ақылбектің маңдайынан иіскеді. Бала көзінде жылтылдаған бір тамшы жасты шапшаң сүртіп жіберді.

Атасы канша қаужалап сұраса да Ақылбек жардымды ештеңе айтпай отыр еді, бір кезде өзінен - өзі шешілді.

- Маған велик сатып әпересің бе, ата?

- Онысы несі?

- Велосипед.

- Иә, сонда не болады?

- Сонда достарым көбейеді.

- Иә, оларды өздері келмеген соң велосипедпен алып келесің бе?

- Велигім болса балалардың бәрі осы жерге жиналар еді. Велик сатып әперші, ата?

- Великті сатып алғандай достықты да сатып алуға бола ма, балам - ай.

- Балалар өздері келеді.

- Балалар велосипед іздеп келмей досын іздеп келсе ғой.

- Келеді, ата.

- Бәрі өзіннен, құлыншағым. Өзің осал болған соң достарың да осал болғаны. Осыны бір бүйіріне түйіп қойшы.

- Бүйірге түйгені қалай, ата?

- Әрдайым осыны ұмытпа дегенім ғой.

- Жарайды, ата, - деп Ақылбек мардымсып қойды. – Қиярды енді өзіміз отырғызамыз ба?

- Енді қайтеміз. Великті, сенің достарыңды тоссақ көктем өтіп кетпей ме? Менің белім де жазылар, ертең кірісерміз.Сенің сабағың қалай осы?

Сен нашар оқыған соң достарың сенен қашатын шығар. Баяғыда мектепте екілері үймелеген баланы құбыжық сиякты көріп, қасында отырудан қашқақтайтын. Солай болып жүрме өзің.

Атасы көңілсіз қалпы, даусы бәсеңдеп немересіне қарады. Ақылбек те ашық үн ката алмады. Тура карамай жан - жағына бұлталақтаумен болды.

- Шыныңды айтшы. Екің бар ма? - деді атасы.

- Біреу ғана, - деп немересінің басы төмен салбырап кетті.

- Бәсе, өзің осалсың - ау дегенім дұрыс болмаса игі еді. Сабақта да, істе де былжырап жүрген баланы достары ұната ма?

Осыны айтты да атасы Ақылбектің басынан сипап, ойға батқан бойы біраз тұрды.

- Қайрат бар ма сенде? – деп ол немересінің жүзіне барлай қарады.

- Бар, - деп кемсеңдеді Ақылбек.

- Ендеше неге жыламсырайсың?

- Ата, велик керегі жоқ.

- Неге айнып қалдың? Соған жыламсырадың ба?

- Былжыр дедің.

Атасы еріксіз күліп жіберді.

- Намыс та, қайрат та бар болатын түрі бар сенде, айналайын. Соны көріп тұрмын, - деп қария Ақылбектің маңдайынан иіскеді. Бала көзінде жылтылдаған бір тамшы жасты шапшаң сүртіп жіберді.

Базаршы бала

Айдос жексенбі сайын ылғи ерте тұрады. Бүгін де жұрттан бұрын оянып, тез киініп есік алдына аулаға шыққанда атасы ғана қолына бірдеме ұстап қалқалақтап жүрді. «Өй, құлыным, тұрып қалдың ба? Неге жата тұрмадың, бүгін демалыс қой», - деп емірене қарап бұған қарай жақындады. Қасына келіп басынан иіскеді.

- Неге ерте тұрдың? Ерте тұрған адамға ырыс бітеді деуші еді бұрынғылар. Шіркіндер біліп айтады екен ғой. Менің құлыным ырысты болады, - деді атасы масайраған жүзбен.

- Ырыс не, ата?

- Байлық. Бай болады дегені ғой.

- Бай болмаймын, ата. Байлар жаман.

- Неге?

- Құл ұстайды. Кедейлерді жылатады.

- Ондай жаман бай, шіріген бай болмай - ақ қой.

- Базарға бармаймыз ба, ата? – Қабағы кіртиіп, көзі былшықтанып тұрған немересі аузы қомпаңдап еркеліктің де иісін аңғартады.

- Асық па әлі.. Алдымен киярымызды, сәбізімізді, жуамызды әзірлеп алайық.

- Күн қызып кетпей ме?

- Бүгін желкем екен. Базар алыс емес, біз несіне асығамыз. Алыстан келетіндер асыға берсін, бізге міне қол ұшында тиіп тұрған жоқ па?

Бір аттасақ базарға кіріп барамыз, - деп атасы ақ сақалы желкілдеп қарқ - қарқ күлді.

- Бір аттағанда жетпейміз, ата. Бір аттағанда үйден де, мына ауладан да шыға алмаймыз, - деп, Айдос атасының онша асыға қоймағанына қоңқылдайды.

- Сен жүйрік емессің бе? Тез жетеміз.

- Қашан барамыз? Мен қияр жұлайын ба?

- Жүр онда бақшаға барайық.

Атасы немересін ертіп үйдің іргесіндегі бақшаға кірді. Бұлар қалада өздерінің ағаштан салған үйінде тұратын. Кең ауласы бар. Ауланың арғы түкпірінен шағын бақша басталады. Онда аздап жеміс ағаштары, көбінесе көкөніс өседі. Атасы мен әкесі көктем шыға қияр, сәбіз, жуа отырғызып, соларды күтіп - баптаумен әлектенеді. Айдос та солардың жанынан қалмай арамшөбін жұлып топырағын қопсытып тұқжыңдауды жақсы көреді. Ерінбейді әсте. Қашан да қызыға кіріседі. «Атасына тартқан менің құлыным, ерінбейді, ерте тұрады» деп әжесі де құрақ ұшып жүргені.

Күз келіп, көкөніс пісіп толыса бастағанда осындай күзде атасы үй - ішінің дастарханынан артылған қияр, сәбіз, жуасын базардың жаймасына апаратын - ды. «Еңбек емес пе, маңдай термен келген жердің сүті ғой бұл, рәсуә болмасын», - деп ол шүкіршілік ниетінен адаспайды. «Көди - сөдидің саудалағаның жараса ма, қойшы осы», - деп әуеліде кемпірі де ытырынған. Балалары да

жаратпады. «Айдосты ертпей - ақ қойшы, жап - жас басынан қылқиып базарда отырғаны жараспас» , - деп олар басын шайқасты. «Ұрлық қылып қолымның арам кірін сатып жатсам түгел ұрысындар, онда арқамнан таспа жонсаңдар да ризамын, ал адал еңбегімді пұлға айналдырсам несі айып? Арбалап тасып жатсам ұрысқандарың жарайды онда, ал дорбалап жүрген еңбегіме тіл тигізбесеңдер қайтеді? Қазір сауда да мәртебелі нәрсеге айналып келеді. Тек көңілің де, қолың да таза болсын», - деп атасы да ырық бере қоймады. Бұл сөзге бәрі де тосылған - ды. Ешкім де қарсы дау айта алмады. Содан бері атасы қасына Айдосты ертіп екі сөмкемен кей жексенбіде базаршылап келеді. «Осының ақшасына саған лесепет әперемін» деп немересін қуантып мәз етеді.

Атасы мен немересі көк базарға келіп жаймаға орналасқанда күн әжептеуір көтеріліп қалған. Шекені қыздыра бастады. Халық ығы - жығы. Қатар - қатар ұзыннан - ұзақ созылған жаймалардың арасы сығылысқан адамдар нөпір. Ақырын жылжып ерсілі - қарсылы сапырылысады. Жомарт күздің бар байлығын осы базар ажарынан да тануға болатындай. Жеміс - жидектің, көкөністің алуан түрі жанардың жауын алады. Қызыл, сары, қошқыл түстер самсап бірімен - бірі таласады.

Атасы жаймаға етектей үлкен қалың ақ қағазды әспеттеп төседі де, соның үстіне өз дүниелерін

жүйелеп қоя бастады. Әдейі іріктеп таңдапты. Қиярлары жаңада нәрін толтырып, дәмін түзеп келе жатқан уызды шағында үзіліпті: қанық жасыл, екі ұшы ғана ақшыл, сап - сары сәбіздері топ - толық, тап - таза, жуалары да суға шыланып жаңа ғана түбінен жұлынғаны көрініп тұр. «Жақсыларын жұларсың, жұртқа ұсынғанда ұялмайтын болайық. Біреудің ақ - адал тапқан - таянғанын сақал саудасына салғандай қылмайық. Құдайы жоқ екен деп жүрмесін», - деп атасы қайта - қайта қадағалаған. «Сақал саудасы деген не, ата?» деп сонда Айдос аңыра аңтарылған. Атасы мырс етті де, түсіндіре бастады: «Менің сақалыма қарап, е, мына кісі алдамас – деп алушы маған қарай ұмтылуы мүмкін, сонда менің дүнием алдамшы бірдеме болып жатса, сол ұят бәрінен. «Сәбізін емес, сақалын саудаға салып тұр ма мынау» деп мені балағаттап кетуі ғажап емес. Ондайлар да толып жатыр. Сақал саудасы деп соны меңзегенім ғой». Атасының айтқанын орындап немересі де бақшадан кілең көзге түсер оңдыларын теріп жинаған. Міне, Айдос көршіңлеріне қарағанда өздерінің әкелгендері әрлі көрінгеніне іштей қуанады. Бұлардан баға сұраушылар да көп.

Айдос атасының сыртында тұр.

- Құдайға аян, бір өтірігі жоқ, өзімнен артылған соң базарға әкеліп тұрмын. Ақ - адал дүнием шіріп далада қалмасын, өзім сияқты бір момынға

рызық болсын дегенім ғой, - деп қиярға қол созған өзі тетелес бір қарияға бар шынын айтып жатыр.

- Көріп тұрмын. Жақсы өсіріпсің, - дейді анау.

Біраздан соң атасы Айдосты оңаша қалдырып, ұзын жайманың алыстағы екінші шетінде тұрған ескі досына шаруасымен кетті. «Құлыным, өзің саудала, сен де үйрен, мұндайдың да артықтығы жоқ», - деп қана тапсырды. Басқа ештеме айтпады.

Айдос атасының орнына тұрып, жан - жағына алақтап қарай береді. Таныстардың біреуі кез-деспесе екен деп те қыпылықтайды. Атасының қасында тұрғанда қаперінде ештеме жоқ болатын. Әншейін базар қызығын тамашалаған қалпымен өткен - кеткеннің киіміне де, жүрісіне де бей - жай көз салатын. Енді міне сауда орнының иесі болып, кіп - кішкене қолымен созылмалы безбенді ұстап тұр.

- Қиярың қанша тұрады? – дегендерге бірден жауап бере алмай қалады. Тілі күрмелгендей үндемейді.

- Қанша? – деп екінші қайталағанда ғана:

- Он сом, - дейді басы салбырап. Жұрт мұның қылығына таңырқайды.

- Өзін біреу жәбірлеп кеткен бе?

- Неге үндемейді?

- Базаршы балалар пысық болушы еді ғой.

- Әне аналарды қарашы, иненің көзінен өтіп тұрған жоқ па? – десіп кейбіреулер Айдостың

қылығын әр саққа жүгіртіп жатты. Ал атасының орнына бірінші рет қалған немересі өзімен екінші класта оқитын достарының біреуі кездесіп, келемеждей ме деп сасқалақтаған еді.

- Оу, біздің Айдосты қара, амансың ба, қиярың қаншадан? – деген өзінің мұғалімінің үні дәл қасынан саңқ еткенде бала селк ете түсті. Соны байқаған мұғалім күлімсіреді.

- Шошығаның не, Айдос?

Бала мүлде тұқжаңдап, төменшектей берді.

- Қиярың қаншадан? Жақсы екен, өзің өсірдің бе?

- Ия, өзім өсірдім, атам екеуміз, - деп бұл тұста бала бір тыныс алғандай болды.

- Қанша?

- Бір сом.

- Өй, оның не?

Бала тіпті үнсіз.

- Ұялып тұрған екенсің ғой. Ұялма, бұл атаңның еңбегі. Қарт кісіге көмектескенің дұрыс. Атаң қайда?

- Ана шетке танысына кетті, - деп бала жүгіре жөнелді.

- Айдос, атаңды шақырмай - ақ қой. Әңгімесін бұзба, - деп мұғалім баланың соңынан дауыстаса да көз жазып қалды. Енді өзі абыржып ыңғайсызданды. Амалсыздан бөгелуіне тура келді. Біреудің дүниесін иесіз тастап кету де қиын. Жан - жағына көз салып таңырқап тұр.

Бір шамада емпеңдеп қария да көрінді. Айдос соңында. Тасаланып атасының артына ығыса береді.

- Сәлем бердік, ақсақал, - деді мұғалім. – Әңгімеңізді бұздым ба, мен шақыртқан жоқ едім. Мына Айдос аузымды ашқанша жүгіріп кетті.

- Е, оқасы жоқ, өзім де келе жатыр едім. Немерем екеуміздің еңбегімізден дәм татыңыз, - деп қария қос қолдап уыстап қиярдан сөмкесіне салып бермек болып ұмтылды.

- Жоқ, ақсақал – деп мұғалім азар да безер бас тартты. – дәмін бақшаңызға кіргенде татармын. Базардың берекесін алмайық. Сауда қызсын.

- Ойбай - ау, енді қайтейін. Тым болмаса...

- Рахмет, ақсақал.

- Мына немеремнің оқуы қалай?

- Оқуы жақсы. Бірақ базарда есепке жүйрік емес екен, мектепте жақсы сияқты еді. Қиярдың бір килосы бір сом деп қарап тұр.

Атасы қарқылдап күлді. Мұғалім де ақырын жымияды.

- Өй, жасық неме, несіне ұяласың, - деп атасы немересіне қарайды. Айдос екі қолын қайда қоярға білмей тырнақтарын шұқылайды.

- Айдос, сен жасық емес едің ғой? – Мұғалім балаға қарап басын шайқады. «Мұның не?» дегендей кейіпте.

- Сасып қалдым, ағай, - деді Айдос даусы баяу шығып.

- Базарда саса ма екен. Есепке мықты емес пе едің? Кілең бес емес пе?

- Бәрі, бес, төртім жоқ, - деп мұғалімге қараған Айдостың жүзі жадырай бастады.

- Қазір бүкіл өмірің базар болып кетті. Табалдырықтан аттасаң базар, ұялма. Тек жұртты алдама, алдауға үйренбе, жұрттың кәдесіне жара, керегін тауып бер. Кішкентай күніңнен соны үйрен деп ақылымды аямаймын. – Қария мұғалімге өз көкірегінде тұрған ойларын жеткізіп жатыр.

- Айдос ақылды бала, ақсақал. Ешкімді алдамайды, мен оған сенемін, көсмектесуге тез жүгіреді, - деп мұғалім Айдосқа көз салды аңдаусыз. Баланың жүзі жайнап кетті.

Атасы мен мұғалім базар нарқы жайлы тағы біраз әңгіме шертіп жадырасып қалды.

- Атаңа көмектескенің өте жақсы, бірақ есептен жаңылма, - деді кетерінде мұғалім Айдосқа. Бала басын изеді.

Жылы пештің жанына жақын жайғасып, жайлы жұмсақ орындықта жіп иіріп отырған Нағима апай стол үстіне кітап, дәптерлерін жайып тастап шұқшиып жатқан Асылбекке анда - санда көз қырын салып қояды. Екінші класта оқитын қенжесі мұрны пысылдап, дәптерге бір, кітапқа бір жалтақтап ұзын кірпіктерін қағып - қағып жібереді. Бір шақ, ойланып қалады. Кішкентай қолындағы қаламсабы да ұп - ұзын сияқты. Өзінде үн - түн жоқ. Үйге берілген тапсырмаларды тез тындырып, тәптештеп тастап, тымпия қоймақ қалпы барма дерсіз. Шешесі баласына сүйсіне қарап отыр.

- Осы көршінің қызы қалай оқиды? - деді Нағима апай бір мезетте Асылбектің дәптерлерін жиыстырып жатқанына көзі түсіп.

- Қай қызы, апа? - деді баласы міңгірлеп.

- Сенімен оқитын, аты кім еді?

- Қайсысы? - деп Асылбек тағы қайталады.

- Ә, аты жаңа есіме түсті ғой. Гүлнәрді айтамын.

- Оқиды.

- Оқитынын білемін ғой, балам - ау. Қалай оқиды?

- Жаман емес шығар.

Шешесі таңырқап баласына бұрыла қарады. Мынаның сөзінде де, үнінде де бір шикілік бар - ау сірә? Неге міңгірлейді?» деген сұраулар сам-сап тұр жүзінде. Сөйткенше болған жоқ, Асылбек орнынан атып тұрып, жалма - жан пальтосы мен малақайын ала далаға қарай жүгірді. Босағада жатқан сусіңді пимасын да аяғына зорға іле салып, сүрініп - жығыла ұмтылды.

- Қайда кеттің? - деген шешесінің даусына да қараған жоқ.

- Тапсырмаларды орындадым. Ойнаймын, - деп есікті жаба беріп мыңқ етті.

Нағима апай баласының бұл қылығына аз - маз аң - таң болып отырды да, терезеге қарады. «Әйнектен біреу қол бұлғады ма, бұл неге тұра жүгірді? Әйтеуір сабағын оқып болды ғой» деді де ол тағы да көңілі жайланып ұршығын үйіре берді.

Біраздан соң барып есік ашылды. Келген көршінің қызы Гүлнәр еді.

- Жоғары шық, айналайын, - деп жатыр Асылбектің шешесі

- Асылбек қайда, апа?

- Ойнауға кетті. Жай жүрсің бе?

- Керек еді. Үйге берген тапсырмаларды білейін деп едім.

- Отыра тұр. Қазір келер, өзіннің оқуың қалай?

- Жақсы.

- Онда жарады. Ал біздің Асылбек қалай?

- Оқыса жаман емес, - деді де Гүлнәр шығып кетті.

Кішкентай көршінің бір ауыз сөзі шешенің көкірегіне күдік көлеңкесін түсіріп кеткен еді. «Оқыса жаман емес дегені қалай? Сұрап үлгере алмадым - ау» деп мазасызданды.

Шешесі осылай аландап отырғанда тағы да есік ашылып, үйге баласы кірді.

- Гүлнәр не деді? - Тіпті өзінің даусы бұзылып тұр.

- Сені сұрады, - деп Нағима апай баласының қипыжықтаған түріне тапжылмай тура қарай қалды.

- Тағы не айтты?

- Ештеме айтпады.

- Өсекші, - деді кішкентай Асылбек ерні бұртиып.

- Тек, балам, олай деме. Біреуді артынан жамандама, оның не? Не болды өзіңе? Екеуің шекісіп қалдындар ма?

- Жоқ.

- Ендеше бұдан былай ондай жаман сөзге аузың бармасын. Қыз балаға олай айтушы болма. Нағыз ұят сөз. Мен ғана естиін, басқа біреу естімесін. Осы жерде қалсын, білдің бе? Қандай оңды бала, қарашы өзің. Ал сен сыртынан жаман сөз айтасың, жарамайды, жаным. Бұл сөзің ол түгілі менің жүрегіме қадалады. Кімнен үйрендің?

- Ол саған мені жамандады. Мен білемін, - деп күмілжиді баласы.

- Оны қайдан білдің?

- Білемін.

- Сені жамандайтындай өзің бірдеме бүлдірдің бе?

- Жоқ.

- Балам - ау, біз оның әке - шешесімен бәлен жыл бірге көрші болып, әй - шәй дескен жоқпыз. Балалары да жақсы. Сен бұдан былай әлгіндей жаман сөзге үйір болма. Егер ести қалса Гүлнәр жылайды, әке - шешесі ренжиді.

Баласы үндемеді. «Қыңыр мінез бар ма, қалай өзі? Бұрын қалай байқамағанмын» дегендей түрмен қарайды шешесі.

Кенет есік ашылып, бір құшақ суық ауаны ала кіріп Гүлнәр бірден Асылбекке сыбырлады.

- Жүр біздің үйге барып берілген тапсырмаларды орындайық.

- Жоғары шық, Гүлнәр, - деп Нағима апай да бәйек болып жатыр. Асылбек бір ауыз сөз айтпастан киінді де, кітап, дәптерлерін алып Гүлнәрдің соңынан томпаңдап жөнелді. Нағима апай балалардың тез табысқанына таңырқап тағы да терезеге үңілді. Гүлнәр алда, Асылбек соңында - екеуі жаңа жауған қарды оппалап көшенің арғы жағындағы көрші үйге қарай томпаңдап барады. «Бірдемеге таласып қалды ма екен, ренжіскендері несі?» дегі Нағима апай ұзақ ойланды.

Ал, Асылбектің жаңағы бұртындауының сыры басқа болатын. Кеше сабақтан кейін мұғалім балаларды алып қалып, оқуы төмендеп кеткендермен әңгімелесті. Солардың арасында Асылбек те бар еді.

- Тапсырмаларды неге дұрыс орындамайсың? Асығыс шимайлай саласың, ойланбайсың, есепке нашарлап кеттің, - деп мұғалім тәтей Асылбектің қасына келіп жұмсақ үнмен ақырын сұраған. Бала төмен тұқырған қалпы тіс жарған жоқ. Тіпті бір ауыз сөз айтпады.

- Көп ойнайсың ба? - деді мұғалім, Асылбек басын салбыратып мелшиді де тұрды.

- Көп ұйықтайсың ба?

Ол қолымен партаның қақпағын шұқылай береді.

- Бұрын жақсы едің, енді төмендеп кеттің. Енді саған Гүлнәр көмектесетін болады. Үйлерің жақын, тапсырмаларды бірге орындаңдар. Әсіресе есепке көмектессін.

Осылай Гүлнәрға арнайы тапсырма берілген болатын.

Гүлнәр кішкентай болса да ақылды бала еді. Ол жақсы оқығанына тіпті де масаттанбайтын. Қайта көршідегі үйде тұратын Асылбектің күнделігіне екілік қонжиып жатқанда өзінен - өзі ұялатын. Ағайыны сияқты болған көршісі ғой. «Міне, мынау былай ғой, осыны түсінбейсің бе?» деп үзілісте қасына барып шама - шарқынша

түсіндіреді. Асылбек кейде оған намыстанып жүрді.

Мана осы үйге Гүлнәр бірінші рет келгенде Асылбек оны терезеден аңғарып қалып, шешесіне білдірмей қораға қашып кеткен еді. Енді міне екіншіде бұлтарар жері қалмады. Әйтеуір Гүлнәр сабақ туралы шешесіне ештеме айтпаған соң соған қуанып ере жөнелгенді.

Екі бала кешке дейін тапжылмастан сабақ оқыды. Есептерін де шығарды, ана тілінен берілген тақпақты да жаттады. Содан кейін ғана екеуі шана тебуге шықты.

Кешке үйіне келгенде Асылбек кінәлі адамдай самарқау шешініп, диванға отырды да, портфелін шұқылап ақтара берді. Шешесі көзілдірігінің астымен ақырын барлайды. Бала манағы ағат сөйлегеніне қапынған қалыпта.

- Апа, Гүлнәр өсекші емес, - деді бір кезде.

- Ендеше сен де өтірікші емессің, - деді Нағима апай ұлына тура қарап.

- Мен өтірік айттым ба? - деп Асылбек алғашында түсінбей қалды.

- Мана өтірік айттың ғой, мені алдағың келді.

- Апа, енді өйтпеймін.

- Ана Гулнәрды қарашы, қандай ақылды. Сен ғой оны бекер, жамандадың. Өзің ұятқа қала жаздадың. Не айтсаң да, ойланып айт, балам. Екі ортада өзің өтірікші бола жаздадың. Көршінің жақсы болғаны қандай жақсы, қарашы?

Жаңа шаңғы

Қыс күні бүгін тіпті тамаша. Таңертеңнен бері аспан шайдай ашық. Кеше кештен бері жапалақтап жауған көбік қар бүкіл төңіректі ақ мамыққа бөлеп, көз шағылыстырып тұр. Аяз демі де жұмсақ. Сапар терезеге қайта - қайта үңіліп, тез киінді де тысқа шықты. Ол әкесі қаладан әкелген жаңа шаңғысын мына ақша қарда құйғытып, жосылтып - жосылтып алуға асыққан еді.

Сапар әкесіне көптен бері қыңқылдап жүрген - ді. Ермек менен ылғи озып кетеді, менің шаңғым ескі, жарысқанда қалып қоямын», - деп аузы дүрдиіп компаңдаған.

- Шаңғыдан қалғаның ештеме етпес, сабақтан қалып қойма! - деп әкесі ақыл айтып, ондайда арқасынан қағып жұбатып қоятын.

- Шаңғы эперсең сабақтан да, шаңғыдан да қалмаймын! - деп Сапар ыңырсуын үдетіп кетті.

- Оныңды да көрейік, сенің тілегінді орындайын, сен менің тілегімді орындайтын бол, жарай ма? - деп әкесі баласына шаңғы сатып эперген. Бояуы жалтыраған шағын ғана шаңғы. Сапардың өзіне шап - шақ. Таяқтары да бойына дәл. Бала көзі күлімдеп қуанып кеткен.

- Тілегім орындала ма? - деп тағы сұрады әкесі.

- Қандай тілек? - деді Сапар анықтап алғысы келіп.

- Әкенің балаға қазір қоятын бір - ақ тілегі бар: жақсы оқисың ба?

- Жақсы оқимын, әке! - деп Сапар серт бергендей болған. Енді міне, сол Сапар жаңа шаңғының қызығына масайрап далаға жүгіре шықты. Қорада тұрған шаңғысын есік алдына шығарып, аяғына мықтап байлады да, ұлпа қарда әуелі екі із өрнектеп ілгері тартып кетті. Ол Ермектің үйіне қарай асықты.

Ермек те мұны тосып отырғандай үйінен тез далаға шығып, аяғына шаңғысын байлады да:

- Сапар, алға түс, жаңа шаңғының жүрісін көрейік, - деді. Бұл сөзге иығы көтеріліп қалған Сапар бұрылып алып, өздері үйренген Есіл өзенінің аңғарына қарай тартты. Екеуі әбден шаршағанша шаңғы қызығына батып, қайта - қайта жарысты.

Жарысты бастай беретін Сапар. Бұған дейін ылғи артта калып жүрген ол жаңа шаңғының кереметін көрсеткісі келеді - ақ. Қолындағы шаңғы таяғымен ақ қардың үстіне түзу сызық тартады да, әуелі Ермекті сол жерге тұрғызады. Шаңғысының қайқы басын сызыққа дәл келтіріп, біраз сығалап, шегіндіріп алады.

- Түзу тұр, сен бұрын кетіп жүрсің, - деп ол қабағын кіржитіп те қояды. Ермек ондайда даула-

сып жатпайды, мұрнын бір тартады да, шаңғысын кейін жылжытады. Содан соң барып Сапар әлгі сызықтың өлшеуіне өзі тұрады. Екеуі дәл бір үлкен жарыста жүлдеге бәс тігісіп жатқандай ұзақ сайланып, қолғаптарын шешіп, алақандарына түкірісіп - түкірісіп алады. Малақайларының құлақтарын артқа түріп байлап тастайды.

- Бір, екі... - деп Сапар санамалап демін тартып барып, соңында айғайлап жібереді. - Үш!

Сол кезде екеуінің шаңғылары көбік қарға малтығып, тарп - тарп етіп жанталасып бара жатады. Ермек тағы да бой бермейді. Салған жерден суырылып алға шығады. Сапар қаншама құлаш сермеп, таяқпен тырбанып, аяқпен көсілтсе де болатын емес. Белгіленген межеге Ермек бұрын жетеді де, озып кетеді.

- Кейін қарай қайта жарысайық, - дейді Сапар ызалана түсіп.

Ермек тіпті саспайды.

- Кел, сен сана тағы да, - дейді де екі беті оттай жанып қызара түскен қалпы шаңғысымен сайланып тұра қалады.

- Бір, екі... үш! - Сапардың даусы кілт үзілгенде балалар тағы да жарыса жөнеледі. Сапар біразға дейін Ермектің ізін басып, далақтаған бойы ұлпа қарды бұрқылдатып барады да тағы да кейіндей береді. Жаңа шаңғы жеңіл сырғанап, қарды сусылдатып барып суырылып алға шықпай

- ақ қойды. Енді ол жаңа шаңғысына ренжи бастады.

Ермектің ескі шаңғысы жүйрік. Табанын қаздың майымен сылап үлпілдетіп қойған сияқты. Екеуі бір тоқтағанда Сапар шаңғысын аяғынан шешіп алып, табанының мөрін байқады, үстіндегі жазуларын оқыды.

- Бурабайдан шығыпты, - деді міңгірлеп.

- Ендеше нағыз жүйріктің өзі! - деді Ермек білгішсініп.

- Оны қайдан білесің?

- Менің мына ескі шаңғым да Бурабайдан шыққан.

- Ендеше табаны қисық емес пе өзі, ауыр сияқты, - деп Сапар шаңғыны әрі - бері аударып қарады.

- Бәрі дұп - дұрыс.

- Ендеше сен аяғыңа байлап көрші.

Екеуі шаңғыларын ауыстырып тағы да жарысты. Сонда да Ермек дес берер емес. Оза береді.

Әбден дымы құрып, намысқа булыққан Сапар бір кезде бұрылып алып үйіне карай бір - ақ тартты. Алда кетіп бара жатқан Ермек кейін бұрылып бір қарағанда Сапардың ұзап кеткенін бір - ақ аңғарды. Ол да шаңғысын шапшаң сырғытып үшінші класта бірге оқитын досының соңынан қуалады.

- Сапар, неге өкпеледің?. Сенің шаңғың жаңа ғой, әлі табаны тапталған жоқ. Өкпелемесейші, - деп жалынып келеді. Сапар үнсіз ғана баяу қозғалады.

- Ертең сен озатын шығарсың, Сапар, өкпелемесейші.

- Үйге берген тапсырманы орындаймын.

- Ендеше мен де үйге барамын.

Екеуі де үйлеріне қарай беттеді. Жаңа шаңғы осылай алғашқы күні Сапарды жадырата қойған жоқ. Кешке қарай ол күндегідей телевизордың алдында үңілмей өзіне арналған бұрышта портфелін ақтарып сабаққа әзірленіп отырды. Қысқы аяз сорған екі беті ду - ду етеді.

Әкесі де баланың көңілін алаңдатқысы келмесе керек, кеш бойы көгілдір экран қызығын тамашалап отырды. Тек жатарда ғана Сапардың қасына келіп арқасынан қақты, маңдайынан иіскеді.

- Жаңа шаңғы қалай, жүйрік пе? - деді әкесі. - Ермекпен жарыстың ба бүгін? Жаңа шаңғы жеңіл ме екен?

Сапар аузы бұртиып төмен қарады. Басы салбырай берді.

- Жарыстың ба деймін? Қалай екен? - деп әкесі мәз болып тұр.

Баласы бірдеме айтқысы келіп күмілжігендей көрінді.

- Не дейсің?

- Шаңғы жаман. Басқа шаңғы әпер.

- Ермекпен жарыстың ба өзі?

- Мынау шаңғы жаман! - деді де Сапар қорсылдап жылап қоя берді. Әкесі мән - жайды енді түсінді.

- Ойбой, айналайын балам - ау, ызақор екенсің ғой. Жылағаны несі? Жаман бала жылайды. Жарысқанда қалып қойса жаман баланың жылайтын әдеті емес пе. Оны білесің бе? Жақсы боламын деген бала жыламайды, жолдасынан үйренеді. Алға ұмтылады. Оны білесің бе? Соны айтшы?

- Білемін, - деп енді Сапар көзінің жасын қолының сыртымен сүртіп күлкіге көше бастады.

- Е, бәсе, - деп әкесі де жадырады. - Бәсе, осылай қайрат көрсетші бір. Мен жылап тұрып жасып қала ма деп едім, жылап тұрып жадырап кеттің ғой, айналайын. Бұл да жақсы қасиет.

Сапар ештеме бүкпестен бүгінгі шаңғы жарысының бүге - шігесін, Ермектін, алға түсіп кете бергенін әкесіне айтып берді. Ермектің соңынан қуалап жалынғанын да жасырмады. Әкесі баласының шыншылдығына сүйсінді. Қорада тұрған жаңа шаңғыны алдырды. Сапар екеуі ұзақ саралап шаңғыны әрлі - бері аударып қарасты. Көп кеңесті...

Жаңбырдан соң

Күз жақындағанда бұл өңірдің табиғаты тіпті түрленіп кетеді. Көз ұшында көрінетін алаптың, бәрі теңіз тәрізді жайқалған егін болады. Шет - шегі жоқ сияқты болып көкжиекке дейін көсіліп созыла береді. Ұзақ күн дала кезіп қанша жүрсең де аспанмен астасқан егін бір таусылмайды. Жолдың дал жиегінде жардай тіреліп тұрғаны қандай тамаша. Расында да жар сияқты көрінеді. Жалғыз арба ғана өтетін даланың қара жолы. Қос қапталда кісі бойындай егін. Сабақтары майысып, нудай ұйысып жол жиегіне төне түскенде жардың тік қабағын елестетеді. Киіздей тұтасып толқын ойнап кеткені көз қызықтырады.

- Қалай керемет! - деді Серік қасында отырған Қуанышқа қарап. Екеуі мол қылып шөп салған жайдақ арбаның үстінде жұмсақ тербеліп келеді. Делбені Серік ұстаған. Ара - тұра ақырын қаға түсіп тортөбелді тепеңдетіп қояды. Жер саз. Соңғы екі күн бойы жаңбыр толассыз төгіп, жер - көкті селдетіп кетіп еді. Жолдың кей жерлері көлкіген су. Арба күпшегіне дейін көміліп, суды кешіп өтеді, Тортөбел де жоны терге жылтырап, батпақтап келеді. Серік жазғы каникул бойы әкесіне көмектесіп жүрген - ді. Әкесі ауылдан он километр жердегі дала қосында күзетші. Осындай жаңбырлы күндері онда ешкім қалмайтын.

Механизаторлардың бәрі үйлеріне кетіп, әкесі жалғыз болатын. Серік тортөбелді арбаға жегіп осылай қоска келіп, тамақ әкеліп кетеді. Бүгін ол өзінің бесінші класта бірге оқитын досы Қуанышты ала келген. Екеуі дала қосында біраз ойнап, тракторлардың кабиналарында армансыз отырып, көп - көп әңгімелер соғып, енді үйге оралып келе жатыр еді.

- «Айналайындар, егінді басып жүрмеңдер. Бір талын да баспаңдар. Сазға малынсаңдар да тура жолдың ортасымен тартындар. Егінге бұрыла көрмеңдер. Көздің ағы мен қарасындай қорғап отырған киелі нәрсеміз емес пе. Байқаңдар, балалық қылмаңдар. Тортөбел әзер болса бір терлер, сазды кешіп тарта беріңдер, - деп ауылға аттанарда әкесі қадағалап қатты тапсырған - ды. Балалар сол тапсырманы тапжылтпай орындайды.

- Серік, осы керемет егіннен канша астық алынады? - деді Қуаныш та қызыққан кейіппен.

- Кәне, көрейік, - деп Серік мойнын созып орнынан көтерілді. Дәл бір егіннің шығымын айнытпай анықтайтын агроном сияқты шола карайды.

- Тап - таза, - деді де басқа ештеме айта алмады.

- Қап - қалың. Бір қылтанақ арамшөп жоқ. Охо... - дейді Қуаныш та орнынан көтерілген қалпы. - Қанша астық алады?

- Білмеймін, - деп Серік шынын айтты.

- Осылай жүре берсек. Жүре берсек егіннің шетіне шыға аламыз ба? - Қуаныш тағы бір қызық сұрақ қойды.

- Жетеміз.

- Неше күнде?

- Бүгін - ак.

- Қайдан жетесің. Біздің егіннің арғы жағында Меңгесердің егіні басталмай ма?

- Олай есептесең егіннің иіегіне шыға алмайсың.

- Шығып көрсе деймін. Шеті бар ма?

- Жоқ.

- Бар.

- Айта қойшы ендеше.

- Осылай тарта берсе, тарта берсе жазық бітіп тауға тірелмей ме?

- Қандай тауға?

- Алатауға.

- Охо дегенің. Білмедің. Ойлана түс. Географияны еске түсір. Алатауға дейін қайда,

- Оған дейін? - Қуаныш ойланып қалды.

- Көкшетау кайда, Қарағандының таулары қайда? - деп Серік бұл арада біраз білетінін аңғартты.

Осы кезде бұлардың артынан келе жатқан жүк машинасы көрінді. Олай - бұлай бұлғаландап, доңғалақтары шыркөбелек айналып, зорға жылжып келеді. Гүжілдеген даусының өзі кеудесін

әрең сүйретіп малтақтаған мүшкіл жайын аңғартады.

- Бұрыл, машина келе жатыр? - деді Қуаныш сасқалақтап.

- Қайда бұрылайын, егінді басайын ба? - деп Серік те артына бұрылып бір қарады да қойды. Делбені қаттырақ қағып тортөбелді ептеп ширата түсті.

Машина дәл арбаның артына тұмсығын тіреп ентелеп келіп қалды. Пепілдете бастады.

- Бұрылсайшы, - дейді шыжалақтаған Қуаныш.

- Қайда бұрыламын, өзі де көріп келе жатыр ғой. Жолдың бір кең жеріне жетейік, - деп Серік те міз бақпайды. Сасар түрі жоқ.

- Бұрылсақ қайтеді?

- Егінді басамыз ба?

- Кішкентай ғана басса...

- Бір талын да баспаймыз. Әкемнін, айтқаны сол. Бұл нан емес пе. Нанды аяқпен тебуге, басуға болмайды.

- Машина өте алмайды ғой.

- Қазір кішкенеден соң өтеді. Әне кең жерге жетеміз ғой. Бұлардың осы әңгімесін естігенде шофер де сигналды басты. Балалар жалт қарап еді, ол қолын көтеріп тоқтауға белгі беріп келе жатыр екен. Делбені тартып, балалар атты тоқтатты.

- Мінекей, диқанның балалары екендеріңді таныттыңдар. Арттарыңнан машина емес,

танкі келсе де бұрылатын түрлерің жоқ қой. Жарайсындар, әкелеріннің еңбегін қадірлеп бидайды баспағандарың ұнайды маған, - деп шофер даңғазалана сөйлеп кабинасынан күле түсті. - Кімнің баласысыңдар? Ана делбе ұстаған кімнің баласы?

- Сәкеннің.

- Сен ше?

- Болаттың.

- Бәсе, екеуіннің де әкелерің диқан ғой. Білемін.

- Мына жердің бидайын менің әкем сепкен, көктемде сеялкаға отырған, - деді Серік.

- Көріп тұрмын, әкеннің қолын танып тұрмын. Бұрын комбайншы, тракторшы болып дүрілдетіп еді. Ауырып жүр деп еді, қазір денсаулығы қалай?

- Жақсы, аға.

- Жарайды онда. Ал, кәнекей, арбаларынды көтеріп былай ығыстырайық. Мен ептеп өтіп кетейін. Бидайдың бір талын басып кетсем менің де мыйым солқылдап жүреді күні бойы. Сондай мінезім бар. Баяғыда әкем тұраған нанның қоқымын қалдырмай, тәтті болады деп сыпырып жегізуші еді. Содан бері бидайды көрсем үстінен аттап өте алмаймын, - деп шофер әңгіменің шет - жағасын ағытып, аңқылдап сөйлеп балалардың қылығына шын көңілмен разы болғанын білдіреді. Ол бұлшық еттері шодырайған жуан білектерін жалаңаштап жеңін түріп жіберді де, арбаны артқы

белдіктен алып, әуп деп көтеріп жолдың дәл жиегіне егіннің сабақтарына жанастыра жылжытып қойды.

- Аға, осы егінді бойлап жүре берсе шеті қашан таусылады? - деп Серік әлгі өздерін ойландырған сұрақты көлденең тосты. Шофер де мойнын созып тап - таза егінді шола қарады.

- Рас, шегі жоқ сияқты. Біріне бірі жалғаса береді гой. Қарағандының қатпарлы тауларына тіреліп барып бір үзіледі де, әрі қарай әр жерде жоғалғанмен Алатаудың бектеріне барып бір - ақ жетпей ме?! - деп шофер балаларға мақтанышпен бұрылды.

- Сонда мұхиттан үлкен бе? - дейді Қуаныш.

Үлкен болмағанмен, мұхитқа жақын. Осы егіннің шегін бір көру үшін, мен айтайын сендерге, - деп шофер ойланып барып сөзін жалғастырды, - машинамен екі күн токтамай жүру керек.

- Атпен ше?

- Атпен он күн керек шығар. Ал кеттім, балалар, - деп ол машинаға ырғып мініп машинасына от алдырды. Ақырын жылжып, қастарынан еппен өтіп кетті.

Серіктің көкірегі жылып жанары нұрланып қалды. Жаңағы шофердің әкесі туралы айтқаны жанына жаға кетті. Толқыған егіннен көз алмады.

- Тағы да машина, - деді артына жалтақтап отырған Қуаныш. - Анау кеңірек жерге жетсек өзіміз де тоқтап жол береміз, - деп Серік манағыдай қалпымен онша қысыла қойған жоқ. Төрт тұяғымен бірдей жалп - жалп кесек атып батпақтап келе жатқан тортөбелді онша қыстамады. Еркіне жіберген. Әлгі машина да арбаның дәл артына тұмсығын тақап, қайта - қайта ұзақ пепілдетті де, балалар бұрыла қоймаған соң жалт беріп егіннің үстімен періп өтті. Екпіндеген қалпымен қалың нәубетті жапырып, жайратты да жүре берді.

- Аха - а - а - а - й, - деп Серік басындағы кепкасын көтеріп сұмдық көргендей айғайды салды. Баланың онысын шофер тыңдаған да жоқ. Айдалада ешкімнің әмірі жүрмейді дегендей артқы жалпақ доңғалақтарымен сазды аспанға атып, шалшықтарды періп - ұрып шу - ақ тартты.

- Бұзық екен, - деп аузы бұртиған Серіктің танауы делдиіп кетті.

- Қиратып кетті ғой, - деп Қуаныш та егіннің үстімен өткен машинаның ізіне қарады. Екеуі атты тоқтатып арбадан түсті. Жаңа ғана кеуденен келіп біп - биік болып тұнып тұрған егінді қоғадай жапырып, сазға кіргізе таптап жосылған қап - қара екі із сау тәнге түскен таңба тәрізді. Опырып, ойрандап өткені балалардың да жүрегін шымырлатты. Екеуінің де көздері бақырайып,

не істерлерін білмей қалыпты. Серік еңкейіп бидайдың жығылған сабақтарын көтеріп көріп еді, дән байланып қатқыл тартқан кезі емес пе, сынып кетіпті, қанша түзетсе де жығыла береді.

- Машинаның номерін көрдің бе? - деп Серік досына бұрылды.

Сазбен баттасып қалыпты, көрінбеді.

- Әнекей, біздің ауылға қарай бұрылды.

- Атты айда, тез жетейік. - Балалар жүгірісіп арбаға ырғып мінді де, делбені жұлқылап тортөбелдің тер шыпшыған жалпақ жонына қағып - қағып жіберді. Доңғалақтары сазға баттасқан арбаны әрең сүйреп созыла тартқан тортөбел бүлкектен аса алмады. Мықшың - мықшың етеді. Балалар біраз жерге ұзап кеткенше арттарына қараумен болды. Қос доңғалақтын жалпайған ізі киіздей егінді пышақпен кескендей кертіп кетіпті.

Бұлар ауылға келгенде әлгі машина кеңсенің алдында тұр екен. Екеуі асығып жеткенмен енді не істерлерін білмеді. Бір - біріне жаутаңдап қарайды. Үндеспейді. Ілбіп келіп кеңседен оқшаулау тұрған бағанаға барып маңдай тіреді. Екеуі арбаның үстінде отыр. Машина маңында ешкім көрінбейді.

- Кімге айтамыз? - дейді Қуаныш.

- Мұғалімге барайық, - деп Серік манағыдай емес күмілжи бастапты. Кеңсенің маңынан кеткілері келеді. Үлкен кісілерге тура қарауға

арба үстінде де ұялады өздері. Әлгінде далада арба үстінде де батыл сияқты еді. Енді аса үндей алмайды да. Ақырын ғана аттың басын бұрып мектепке карай беттемек болғанда машинаның шофері сөйленіп кеңседен шыға келді. Қасында бастықсымақ біреу бар.

- Жол жаман масқара. Егінді баспаймыз деп батпаққа белшеден баттық. Егіндеріңіз тамаша екен. Көз қызығады, - деп әлгі шофер тамсанып қояды. Сірә рульде өзі жүрген мамандардың бірі болар. Сөз ыңғайы солай. Ол алақанында машинаның кілтін ойнатып тұрды да, арбадан балаларға көзі түсіп айғай салды.

- Сендер мында келіндерші. Не қылып жүрсіндер өзі? Жай тұрсыңдар ма? Жол ережесін білесіңдер ме? Мен сендерді үйретейін, кәне келіндерші. - Ол сұқ саусағын ербендетіп балаларды қасына шақырды. Серік пен Қуаныш арбадан түсіп бастарын салбыратқан қалпы жақын келді.

- Әй,сендер жолдан неге бұрылмайсыңдар? Қырсықтаусындар ғой деймін, - деп ол балаларды қырына ала бастады.

- Егінді қалай басамыз? - деді Серік.

- Бұрылатын жер жоқ, - дейді Қуаныш та досына жақындай түсіп.

- Сонда мен сендердің төбелеріннен өтуім керек пе, әй? Қарашадай болып қиқарсыңдар - ау деймін. Машина келе жатқанда не қылсаң да

бұрыл. Секіріп өте алмаймын ғой, - деп әлгінің даусы гүжілдеп барады. Кеңседен шыққан совхоз директоры бері қарай бұрыла беріп, бұлардын сөзіне елең етіп қалды.

- Немене, балалар егінді басқан ба? - деп ол жақындай түсіп бастары салбыраған Серік пен Қуаныштан көз алмады, - кінәлі балалар сияқты жүндері жығылып қалыпты ғой. Солай болар, ә? Атпен, арбамен егіннің бір талын басып өтсеңдер, онда мен мұғалімдеріңе айтамын. Сен Сәкеннің баласы емессің бе?

- Иә, - деді Серік.

- Әнекей, әкең қандай комбайншы еді, - - деп директор да жауырындары жабысып, иықтары түскен мына қалпына қарап балаларды кінәлі санап ақыл айтуға оралып еді.

- Мен де айтып жатырмын. Өздерін әкелеріне айтып сойғызып алсам да жарар еді, - деп шофер тіпті өзеуреп кетті. Осы тұста Қуаныштың көзінен жас ыршып, төмен карай сорғалай жөнелді.

- Бұларың не, жылайма екен? - деп директор төмен еңкейіп, екеуін арқасынан қақты. Ертең үлкен жігіт боласыңдар. Кішкене күнінде жылауық бала өскенде жасық болады. Оны білесіңдер ме? Кәне тура қарашы. Әкеңе де, мұғалімге де ештеңе айтпайық. Бірақ бұдан былай егінді баспайтын бол.

- Біз егінді басқамыз жоқ, - деді Серік батыл үнмен.

- Енді неге жылайсыңдар?

- Мынау ағай машинамен егінді таптап кетті. Өзі кінәлі. Енді бізге ұрсып тұр, - деп аузы қопаңдап зорға айтты.

- Не дейді? - директор жүзі суып шоферға қарады.

- Бұрыла алмай, өте алмай... жол тар болып... - деп анау сасқалақтайын деді.

- Сонда егінді баса ма екен?

- Мыналар жол бермей.

- Жоқ жолдас, бұл тәртіпсіздігің үшін жауап бересің. Онда сенімен артынан сөйлесеміз, - деп директор қатқыл үнмен келте қайырды да, балаларға бұрылды. - Кеңсеге жай келдіңдер ме?

- Мына машинанын, номерін көрейік деп...

- Мұғалімге айтайық деп...

- Дұрыс, дұрыс оларың - деп директор балаларға сүйсінгенін аңғартты. - Егінді қорғап жүр екенсіндер ғой. Міне бұларың жарайды. Нағыз жігіт болайын деп тұр екенсіңдер. - Ал жылағандарың жарамайды. Егінді жылап жүріп корғай алмайсыңдар ғой. - Осыны айтты да балаларға қызыға карап тұрып күлімсіреді. Разы болып басын шайқады. Өз сөзіне түзету кіргізді. - Жылап жүрсе де егінді қорғайтын түрлері бар...

Балалар арбаға мініп, тортөбелді үйге қарай бұрды. Бір - біріне күлімсіреп қарады.

- Неге жыладың? - деді Серік Қуанышқа. Ол иығын көтерді. Көзінен жас қалай ағып кеткенін өзі де білмейтін еді.

Боранды түнде

Ермек пысық бала еді. Ат құлағында ойнайды дерліктей өнері де бар. Әсіресе жазғы каникул күндерінде таңның атысы, күннің батысы ер үсінде жүреді. Әкесі совхоздың пішен қоймасында күзетші болып істейтін. Пішендеме дегеніңіз ауылдың сыртында оқшау тұста мал қораларымен іргелес белгіленген үлкен алаң. Төрт бұрышында төрт баған тұрады. Басқа қоршау шарбақтары жоқ. Совхоздың бұл істі қолға алып тағандап тастаймыз дегеніне де үш - төрт жыл болып барады. Бір - екі арба сырғауылдар да әкеліп әбігерленді де, ақыры одан әрі ілгері баса алмады. Енді міне қатар - қатар үйілген он шақты ұзын маяларды Ермектің әкесі қалың кар түсіп қысқа кіргенше күзетіп шығады. Ала жаздай, қоңыр күз бойы ауылдың малы маза бермей маялардың бүйіріне тұмсығын тығып тесіп тастайтыны бір қырсық.

Мұндайда Ермек тықыршып тұрады. Әкесінің атына міне салады да пішен қоймасына қарай шаба жөнеледі.

- Ана Қойшыбайдың ала сиыры маза бермеді - ау. Арам қатқыр қанша айдап салсаң да артыннан бірге еріп маяға қайта келеді. Иесі шіркін көрмей ме екен, әлде көрсе де көрмей жүре бере ме? - деп әкесі тілін тістеп ызаланып басын шайқап тұрады.

Әсіресе мал өрістен қайтқан кешкі мезгілде сиырлардың шөп маясына «шабуылы» өршелене түседі. Қанша иелері қайырып әкетіп қоралағанша мүйізін шайқап ұмтыла беретінін қайтесіз. Ондайда Ермек ат үстінен түспейді. Қолындағы ұзын қамшысын ысқырта үйіріп сиырларды жон арқадан шықпыртып қуалап жүргені.

Оқуға кіргеннен бері Ермек іңір қараңғысында ғана атпен шоқытып барып шөп маяларын айнала шолып шығып оралуды әдетке айналдырды. Бұл уақытта әкесі кешкі астың үстінде дастархан басында отырады.

Бүгін күн суытыңқырап терістіктен ызғар соғып тұрған. Анда - санда қар ұшқындап қонып, қыр астында қыс келе жатқанынан хабар жеткізеді. Аспан асты тұтасқан қою бұлт. Қатпар - қатпар болып қабағы түксие түседі. «Қар түсетін шығар, мезгілі жетті ғой» деп әкесі таңертеңнен бері терезеге үңілген сайын күбірлеп кояды.

Күн бұлтты балған осы ымырт тез үйіріліп, көз байланып келе жатты. Сабағын пысықтап болған Ермек кітаптарын портфеліне сала бергенде әкесі күндегі міндетін еске салды.

- Шөпті бір қарап келші. Әлгі Қойшыбайдың ала сиыры тағы да тұрған шығар. Өздері әдейі жібереді. Отықсын, дейді ғой. Сықпыртып - сықпыртып тұрып алысқа айдап салшы. Кім

біледі түнде бригадир шөпті мал жеп жатыр деп бақырып жүрер, - деп ол баса ескертті.

- Үстіңе бірдеме ки, тоңасың, күн суық, - деп шешесі соңынан айғайлап жүгіріп, ерікке қоймай палтосын қолына ұстатты.

Ермек әкесі мініп жүрген торы аттың жүрісін ұнатады. Үсті сондай тынышты. Солқылдатпайды да, ішті түйіп тастамайды да. Желе жөнелгенде кейбір аттар сияқты ордандап, бүкіл кеудесі қолқылдап мазаны алмайды, ақырын ғана шайқалып тайпала тартады. Ал тақымды қыса түссе шоқалақтап ауыздығын шайнай бастайды. Сонда да үсті жұмсақ.

Қараңғылық дендеп келе жатқанмен әлі айнала төңіректі түгел жұта қойған жоқ. Көшелердің, үйлердің нобайы айқын танылады. Торының тұяғы жерді дүңк - дүңк еткізіп, Ермек ауыл сыртына шыға бергенде бетке қар ұшқындарының соққанын байқады. Тізгінді қысыңқырай ұстап ұбақ - шұбақ болып қарауытқан маяларға қарай келе жортып келеді.

Бергі шеттегі маяның бүйірінде тұмсығын кіргізіп, әбден еміп тұрған ала сиыр анадайдан көзге шалынды. Ермек ызаға булығып кетіп, қолындағы қамшының сабын қыса түсіп, үйіруге ыңғайланды. Атын шоқытып келген екпінмен кеуделеп келіп, ала сиырды қақ жамбастан шықпыртып өтті. Қайырылып келгенше ана жа-

нуар да әукесін сабалақтата тұяғын сартылдатып ышқына ытқып барады екен. Үйреншікті әдетімен алғашында қамшыдан қашып өңкеленді де, баланың шығарып салмасы шығар дегендей аяқға көше беріп еді. Осы тұста қамшы қыр арқаға тағы да сарт етті.

- Тоймайды екен бір, күн сайын шөпке түседі де тұрады, сұғанағын қарашы. - деп Ермек торы атын тебініп ала сиырды сүмеңдетіп өкшелей жөнелді. Қамшыны үйіріп - үйіріп соғады. Ала сиыр жалтарып ауылға қарай қия тартып көрген - ді. Бала онысына көнбеді. Тістеніп алып, қамшымен бауырынан бір тартты.

- Тура тарт. Сен сұғанақты адастырып тастайын! - деп Ермек ызаға булығып ала сиырды тарсылдатып қуа берді. Тура орман жақты бетке ұстады. Әкесінің айтқан ақылымен біраз ұзатып салмақшы.

А - а... а... былай, былай тарт! Мен сені адастырып қызық қылайын! - деп бала әлгі алған бетінен қайтатын емес. Ала сиырдың жонынан қамшысын айырмай тура төпелетіп келеді. Айнала төңірек түгел қараңғыланып кетті. Жапалақтап жауған қар бетке ұра бастады. Ермек біраз жерге жеткенде артына қарап еді ештеме көре алмады. Осы кезде ғана үрейленіп, атының тізгінін тежеді. Торы ат та ішін тартып оқыранды. Оның бұл қылығын Ермек түсінбеді. «Боран бастал-

ды қайтайық» деген белгісі ме екен? Ауыздығын шайнап, кейін қарай бұрылып тыпыршыды. Әкесі бұл атты жуырда ғана мініске алған. Мінезі әлі беймәлім. Бұрынғы аттардың қылығын Ермек жазбай танитын. Дегенмен де ат тегін оқыранбайтынын ол жақсы біледі. Әйтеуір бір тосын жағдайда осылай тартыншақтап ышқынып тұрады. Бала тақымын қысып ала сиырды тағы өкшелегісі келіп көріп еді, аты онша елпілдемеді. Басын кекжендетіп кейін бұра берді. Енді Ермек мүлде жуасып қалды. Демін де ақырын алып тың тыңдады. Айнала тым тырыс. Жел ғана гулеп, күшейіп келеді. Жапалақтаған қар бетке соғып көз аштырмайды. Ауыл жаққа қарап еді, жылтыраған шамдар да көрінбейді.

Бала сасайын деді. Қалай қарай жүрерін білмеді. Аты манадан бері бір орында тықыршып, айналшықтап тұр. Енді ауыл жақ бетті ажырату қиын. Ала сиырға ашынған ызасы су сепкендей сейіліпті. Енді бойын қорқыныш билей бастады. Өзіне өзі өкініп тұр. «Ала сиырды қайдан қуалап едім, үйіне неге айдап, апармадым? Үй иесі рахметін айтатын еді ғой? Қап! Ендігі телевизор көріп үйде отыратын едім. «Мультфильмнен» қалдым. Төңіректі тұмшалаған қап - қараңғы түн құшағына қадала үңіліп, бір сәт жылтыраған саңалау іздесе де таппады. Тастай қараңғы. Оның үстіне қар жапалақтап тынбайды.

Ол осылай біраз тұрып қалды. Тақымын қысса болды, торы ат ытқып - ақ кеткелі тыным таппайды. Тізгінді босатпады. Қорқынышты. Адасып кетуі ықтимал - ақ. Денесі де тоңази бастады. Әйтеуір шешесінің ақылымен пальтосын алғанына қуанды. Боран үдей түскен тәрізді. Алыстан үуілдеген әлдебір дыбыстар жетеді. Қасқырдың ұлығанына ұқсайтын сияқты болғаны баланы тіпті сескендірді.

«Не істесем екен, ә? Қалай қарай тартсам?» - деп ойланып тұрғанда ту сыртынан ыңыранған дыбыс естілді. Ә дегенде шошып кетіп еді. Екінші рет қайталанғанда барып жүрегі орнықты. Ыңырсып тұрған ала сиыр екен. Тосқауылдан өте алмай дәл жанында тұр. Баланың халін ол да түсінетін сиякты. Қызық - ау өзі. Моп - момақан қалпы атқа таяп келіпті? Мелшиіп тұр. Қараңғыдан ештеме ажырата алмап еді. Дыбыс шыққан соң еңкейіп үңілгенде ала сиырдың сұлбасын таныды. Ермек енді үндемеді. Манағы ызасы әлдеқашан тараған. Сиырды қуған жоқ. Қайта ес болып қасында тұрғанына қуанады. Жануардың тұяқтары сырт - сырт етті. Қозғалғысы келіп тұр - ау шамасы.

- Әукім... әукім... енді қумаймын, - деді Ермек ақырын. Даусы жұмсақ шықты. Соны сезген ала сиыр ыңыранып дәл қасына келді де, атты жанап өте берді. Ат та бұрылып алып сиырдың соңынан

тартты. Ермектің басқа амалы жоқ еді. Ол да тізгінді бос жіберді. «Мал адаспайды, қандай күшті борандарда үйді тауып келеді», - деп үлкендердің айтып отырғанын талай естіген. Мана ала сиырды адастырамын деп қуаласа, енді өзі сол жануардың соңында келеді.

Ақырын аяндап бұлар ұзақ жүрді. Ызаға булығып шапқылай беріп едәуір жерге шалғай шығып кетіпті. Боран да басылған жоқ. Теңіректі тұмшалап түтеп түр. Әйтеуір онша суық емес. Ермек тізгінді бос тастап, ала сиыр мен торы аттың аяңына көніп келеді. Бір кезде ақырын ыңыранған дыбыс естілді де, ат тоқтады. Ермек қараңғыға қанша үңілгенмен айналадан ештеме аңғара алмады. Ала сиыр мүйізін шайқап қақпаны тарсылдатқанда барып ауылға жеткенін біліп қуанып кетті.

- Бұл кім, ей? - деген үн шықты арғы жақтан. Қақпа да ашылды. Іле әлгі әйел даусы дабырлай жөнелді. - Ех, айнала сабылып жүрсек сиыр өзі келді ғой. Бәсе, қайда жоғалды дейсің.

- Ой, сыртында атты біреу тұр ғой. Мынау Ермек емес пе? Ермек? - деп Қойшыбай жақындады.

- Мен, аға, - деді міңгірлеп Ермек.

- Айналайын рахмет, сиырды айдап әкелдің бе? Жарадың. Өзі де бір үйде тұрмайтын жануар - ау. Шөп маяларына кетіп коя береді. Айдап

әкелгенің жарады. Енді жібермеспіз, ие боламыз. Бізді ұялттың - ау, шырағым. Біз ғой сиыр жоқ деп үйде әншейін отырмыз. Қанша айтқанмен мектептің өнегесі ғой бұл. Шөпке түскен сиырды шықпыртып - шықпыртып далаға айдап тастасаң да түк демейміз ғой. Үйге алып келіпті. Мынадай боранда далада, қалмасын деген ғой. Рахмет, ай-налайын, - деп Қойшыбай разы болғаны сонша тіпті сиырын қораға енгізіп алып, әлі сөйленіп жүр. Ермек тіс жармады, үнсіз ғана атын тебінді. Торы ат үйіне карай бұрылып тартты. Өз қылығына Ермек те ұялып келеді. Жоқ жерден рахмет естіді.

- Ермек, ай Ермек! - деген әкесінің құрақ ұшқан даусы естілді бір кезде. Үрей жұтқаны беп - белгілі. «Айдап сал» деп кайдан ғана айттым екен, - деп өкінішпен жер соққаны тарғылданған даусынан танылады. «Ермек, әй Ермек» деп жар салып әрі кетіп барады. Әбден шаршағаны сезіледі. Соны аңғарған Ермек те айғай салды.

- Папа, мен мұндамын.

- Құлыным, бармысың! - деп шешесінің жы-лармандай үздіккен үні дәл қасынан естілді. Қар жапалақтаған қап - қараңғы түнде бірін - бірі көре алмай тұр екен. Енді дауыстары жақындай түсті.

- Ермек, келдің бе?

- Құлыным, қайдасың? - дескен екі дауыс қатар шықты. Әкесі мен шешесі манадан бері шарқ ұрып жүргенін бала да білді.

- Сен кеткелі үш сағаттан асты ғой, қайдасың?

- Мультфильм өтіп кетті ме?

- Мультфильмді айтты ғой. Өзің бармысың?

- Келдім ғой.

- Қайда жүрсің? Мына әкеңде ес болсайшы. Жеті түнде боранда сені жіберіп, - деп шешесі аптығып жатыр. Әкесі өз кінәсін түсінгендей үндемеді. Үшеуі үйге қарай аяндады. Ермек ала сиырдың өзін адастырмай алып келгенін айтқан жоқ. Ұялғанн шығар. Бірақ ала сиырдың боранда түнде адаспағанына таңырқап келеді.

Қызыл машина

Кішкене ғана ауылда жаңалық жата ма. Әсеттің папасы жеңіл машина сатып алғанын жұрттын бәрі бірден естіді. Үшінші класта қоңырау соғылған соң балалар түгел орнынан табылған - ды. Тек Әсеттің орны ғана бос тұрды.

- Әсет қайда? Оны кім біледі? - деп мұғалім ағай журналдан басын көтеріп балаларға қарап еді олар жамырап қоя берді.

- Оның папасы машина сатып алды.

- Қызыл машина.

- Керемет әдемі.

- Әсет машинадан түспейді, - десіп қызыға дабырласады.

- Қызық екен? - деп мұғалім ағай басын шайқады.

- Қалаға екі рет барып келді.

- Машинасы «Жигули». Жүйрік.

- Кеше Әсет рульде отыр. - Балалар көрген - білгендерін жарыса жеткізеді. Мұғалім ағай қабағы түйіліп, ештеме дей алмалы.

- Сабақты ұмытқаны қалай? - деді де балалардан жауап тосқандай болды. «Ертең сендер де сөйтесіңдер ме әкелерің машина алса» дегендей жүзбен ұзақ қарады.

- Білмейміз, ағай.

- Әкесі жібермейтін шығар? - деді бір - екі бала.

- Әкесі неге жібермейді? - деп мұғалім иығын көтерді.

- Қалаға барғанда машинаны күзетіп ішінде отырады ғой.

- Машинаны Әсет өзі жүргіземін дейді.

- Иә саған, онысы өтірік. - Балалар әңгімені әрі өршітіп, бір - бірімен таласып та қалып жатыр.

- Біреуің үйіне барып Әсетті шақырып келіңдер. Сабаққа келсін, - деді мұғалім.

- Мен барайын.

- Мені жіберіңіз, - десіп балалар қатарласа қол көтереді. Мұғалім шеткі партада отырған Қанатты жұмсап жіберді.

Үзілісте қоңырау соғылғанда бояуы жарқыраған су жаңа қызыл «Жигули» мектептің алдына келіп тоқтаған еді. Машинадан түскен кеспелтек денелі бригадир Бәкен баптанып барып артқы есікті ашты да, Әсет пен Қанатты сыртқа шығарды. Сонан соң еңкейіп жүйрігінің бауыр тұсын әншейін бір шолып өтті. Бұл кезде балалар да мектептен далаға жарыса ұмтылған еді. Бәрі ілезде машинаны қоршап алып, тамашалап тұр. Үшінші кластың мұғалімі де осы жерге келді.

- Әсет - ау, сені жоғалттық кой? - деді ол жүзін жасырып бұрылып кеткен балаға қадалып. Бригадир Бәкен гүж ете түсті.

- Бір жүгірмек аламын деп.

- Жүгірмек деп жүдемеңіз, тұлпар деңіз. Қайырлы, құтты болсын, игілігіңізге мініңіз, - деп жатыр мұғалім тілектес үнмен.

- Соған мына Әсетті бүгінге босатсаңыз? - деп папасы бәсең үнмен ұялыңқырап тілегін айтты.

- Қызық екен, - деп мұғалім мына тәмам балалардын алдында не айтарын білмей күмілжіп қалды.

- Осыған атап алған ат қой... Енді бір күнге...

- Сабаққа кеше келмеді, тағы міне... Балалардаң қалып қояды ғой.

- Қуып жетеді. Қуып жетер, - дейді папасы да тапжылмай.

- Қалай қуып жетеді? - деп мұғалім Әсетке сұрақ қоя қарап еді балалар күліп жіберді.

- «Жигулимен» қуып жетеді, - деп қалды біреуі. Басқалар да іліп - қағып оны қостайды.

- Екіліктер етегінен жібере ме?

- Екіліктің бесеуіне мініп қумаса біз жеткізбейміз.

Әсеттің әкесі де әлгі ағат сөзіне қызарақтап қалды.

- Қап, балалардың сыны дұрыс. Әсет қалсын, - деді бригадир Бәкен.

- Жоқ сізбен бірге барсын, - деді мұғалім ренішті қабақпен.

- Неге?

- Дұрыс киінбепті де, портфелі де жоқ, сабаққа әзірленбепті. Машинада отырған сияқты, осы қалпы партада да қол қусырып, қалғып - шұлғып отыра ма? Қыдырып келіп партада қонақ сияқты отыруға болмайды.

- Қап, қинадыңыз - ау.

- Өзі не дейді? Әсет, өзің айтшы? - Мұғалім Әсетке бұрылып жақын келді. Баланың құлағынна дейін қызарып кетті. Үстіндегі киімдері де расында да ойынға саларлары. Ж.аңа машинаның буына пісіп далақтап жүрген кейпі көрінеді. Үн шығармай ернін жымқыра береді. Мана таңертең көшеде қызыл «Жигули» заулап бара жатқанда әйнегін ашып «мені көрдіңдер ме» дегендей балаларға дамылсыз қол бұлғаған еді. Енді жер шұқылайды.

- Кәне, Әсет, сені тосып тұрмыз? - деді мұғалім.

- Сабаққа барамын.

- Папаң сұрап тұр ғой.

- Машинамен қыдырғым келмейді.

- Ойлан. Барғың келсе бар, папаң сұраған соң босатайық сабақтан.

- Есеп шығарудан кейін қалып қоямын, - деп Әсет зорға үн қатты. Оның шыны сол еді.

- Ойбай, онда мен сөмкеңді әкелейін, - деп бригадир Бәкен машинасына қарай сүріне - қабына ұмтылды. Етженді екі беті алабұртып

мұғалімге қайта - кайта бас изей береді. Онысы кешірім сұрағаны болатын.

Қызыл машина даусы шығар - шықпас гүр ете түсті де, орнынан лып етіп қозғалып, ілездің арасында бригадир Бәкен баласының сөмкесін салақтатып оралды.

- Сіз енді Әсетке ұрыспаңыз, - деп сабаққа асыққан мұғалімді де жібермей қойды ол.

Сол күні де, келесі күндері де Әсеттің әбден зықысы шықты. Мұғалімнің бірде - бір тапсырмасын орындамапты, бірде - бір сұраққа жауап та бере алмады. Ағайы алғашында мандайынан сипағандай майда үнмен жетелеп көріп еді, тіпті үнін шығармаған сон күнделігіне «екіліктерді» тізе бастады.

- Саған не болған, Әсет? - деп жалынғандай сұрады мұғалім.

Бала жауап қатпайды. Басын салбыратып, саусағымен партаны шұқылай береді.

- Ал балалар, сендер айтыңдаршы, Әсетке не болды, сабағын неге оқымайды? - деп мұғалім енді бірде түгел класқа карады.

- Қызыл машинасымен қыдырады.

- Машинадан қалмайды.

- Сабақ оқымайды, - деп балалар шу ете түсті.

- Ал онда өзінен сұрайықшы: оқу артық па, машина артық па? Қайсы жақсы? - деп мұғалім

оның қасына келіп жүзіне қадала қарады. - Кәне айта қойшы?

- Оқу жақсы, - деп ол естілер - естілместей күбірледі.

- Онда мынаған келісейік: енді машинаға мініп алып қыдыруды қой, сабағыңа отыр. Осы айтқанды орындайсың ба? - Мұғалім Әсеттің дәл құлағының түбіне келіп, әр сөзін шегелеп айтты.

- Жарайды.

- Балалар, естіңіндер ғой.

- Естідік.

- Қаттырақ айтпай ма?

- Уәдесіне сенеміз ғой, - деп мұғалім тағы класты шолды. Оқушылар түгел қостады.

- Сенеміз.

- Енді машинамен қыдырғанын көрсек сізге айтамыз, ағай, - десіп дуылдасады.

- Келістік осылай, - деп мұғалім соңғы сөзін айтты...

Ал Әсет судай жаңа қызыл машинаны көрмесе тұра алмайтындай болды. Үйге келе сала сөмкесін лақтыра сала жүгіріп далаға шығады да, тіпті қораның ішінде қараңғы жерде тұрса да «Жигулиге» отырып алады. «Саған алдым, өскенде сен мінесің» деп әкесі де қызықтырып қойып еді. Енді міне жарқыраған әдемі машинаның ішінде отырғысы келеді де тұрады.

Арада үш - төрт күн өткенде Әсет қызыл машинаға мінемін деп тағы да сабақтан кешікті.

- Әсет қайда? - деп еді мұғалім, балалар тағы да ду - ду етті.

- Қыдырып жүрген шығар.

- Мана машинаның ішінде көрдім, ағай.

Мұғалім енді ойланып қалды. Ашуланған да, ренжіген де жоқ. Үнсіз ойланды. Балалар да тып - тыныш бола қалған. Бәрінің де Әсетті ойлап отырғаны рас. Мұғалім не айтар екен? Балалар не дейді? Ал Әсет бұл кезде сөмкесін сүйретіп, жығылып - сүрініп келе жатыр еді... Тағы да сабақтан кешікті...

Кішкентай «Запорожец» ауылға қарай шапшаң зырлап келе жатыр еді, дәл қарсыда ұзыннан созылған қайыңды шоқтың тұсына таяна бергенде жаңбырдың ірі - ірі тамшылары терезені қат - қат соға бастады. Рульде отырған алып денелі сары жігіт аспанға қабақ тастап қойып асыққандай болады.

- Қап, мына қара бұлттың қақпанынан құтылып кетейін бе деп ойлап едім. Болмады - ау, алдымызды орап алды. - Ол таза қазақ тілінде ашық сөйлеп, қасындағы балаларға да көз тастап демеу іздеп қояды. Қасындағы кішкене Болат та мына сөзден қауіптеніп, қабағы кіржие түсті. Ал артта отырған Қуаныш таңырқаған кейіпте. Үнсіз. Көк көзді, сары шашты орыс жігітінің қазақша суылдап отырғаны оған қызық көрінеді. Мана Болат үйінің қасына ойнауға келгенде осы қоңыз сияқты кішкене машинаны мына жігіт айнала шұқылап, жолға әзірлеп жатқанды. Біраздан соң барып, доңғалақтарды бәтеңкесімен бір - бір тепкілеп алды да, екі балаға қарап:

- Қалаға баратын жұмысым бар еді, бір сағатта ораламыз, жүгіріндер қыдыртып қайтайын, - деді ол. Болат пен Қуаныш бір - біріне жымындасып, жалма - жан машинаға жайғасқан. Содан міне оралып келе жатқан беттері осы. «Мынау менің

ағам, аты - Вася» деп жолда Болат бір түрлі мақтанышты жүзбен Қуанышқа қарап құлағына сыбырлаған.

Бір мезетте жаңбыр үдетіп, машинаның алдыңғы әйнегінен су шүмектеп саулай бастады. Бара - бара селдетіп, айнала төңірек тұтасып түк көрінбей кеткендей болды.

- Қара жаңбыр соқты - ау! - деді Болаттың ағасы - Тоқтамаса болмас.

- Жаңбыр қара бола ма? - деді Болат таңырқап.

- Қазақтардан естігенмін. Мінекей қара бұлт жер мен көкті жауып, жаңбырын төпелеп түк көрсетпей тастаған жоқ па? Осқылаған қара жаңбыр осы шығар. Мінезі шатақ емес пе? Қараңдаршы. Қап - қара болып түйіліп тұрған жоқ па?!

Балалар машинаның әйнегінен сыртқа қарап еді, расында да түк көрінбеді. Машинаның тебесінен біреу шелектеп су құйып тұрған тәрізді. Айналадан лақылдаған сел төгіліп жатыр.

- Ақ жаңбыр да бола ма? - деді Болат ағасына,

- Күннің көзі шығып тұрғанда жаңбыр жауғанын көргендерің бар ма?

- Көрдік.

- Білеміз.

- Міне сонда жаңбырдың тамшылары күннің көзіне шағылысып, күмістей жылтырап, аппақ болып жарқылдап жатады ғой. Ақ жаңбыр сол бо-

лар. Ауыл арасында мен солай естігенмін, - деп Вася ағай сүйкімді қоңыр үнмен балаларға жымия жылы қарап әңгіме сабақтайды. Рульді ұстаған қолдары да ірі, саусақтарының өзі білеудей - білеудей. «Рас, рас» дегендей балалар ықыласты кейіппен үнсіз тындайды.

Қара жаңбыр төпелеп - төпелеп алып, түнерген бұлт төбеден ауғанда арты ашылып, жер - дүние де жадырай бастады. Енді қараса бұлар көлкіген судың ортасында қалыпты. Арнасы кең жолдың өне бойы көл - дария.

- Енді ауылға қалай жеттік? - деп Вася ағай балаларға күлімсірей қарады. Олар кездері жыпылықтап машинаның ішінен жан - жаққа бұрылып қопандасты.

- Қорықпандар, мына кішкене қоңыздың кеудесі аман болсын, ал тарттық! - деп ол моторға от алдырды да, машина орнынан қозғалып жүріп кетті. - Жолдың табаны су сіңіп жібімей тұрғанда біраз жерге жетіп қалайық.

«Запорожец» моторы гүж - гүж етіп, кілкіген суды кешіп келеді. Әзірше көп жерден екпінмен өтіп, табаны тайғанақтамай төпелейді. Вася ағайдың әлгі айтқаны рас. тақта жол сазға иленбей тұрғанда тоқтамайтын түрі бар. Тек қана ой - шұқырларды айыру қиын. Түгел су жайлап кеткен. Ондай тұстарда машина тоңқ - тоңқ етіп

ішті солқылдатады. Әйтеуір іркілмейді, ақырын - ақырын ілгері тарта береді.

Бір мезетте артта отырған Қуаныш оң жағына жантая шалқасынан түсті де, машина солай қарай шоңқайды да қалды. Вася ағай да, Болат та арттарына қарады. Қуаныш басын есікке соғып алса керек, көзінен жас ытып кетті. Бір қолымен басын ұстап түзеліп тұрып жатыр.

- Жеттік, міне, - деп Вася ағай моторды сөндірді. Төңірек тып - тыныш бола қалды. Бауырынан бастап төбесіне дейін батпаққа баттасқан қоңыз машина шоңқиып судың ортасында тұр. Вася ағай азырақ ойлана түсті де, бір амалын тапқандай отырған орнында бәтеңкесін шешіп, шалбарының балағын тізесіне дейін түріне бастады.

- Ал, екеуің рульді мықтап ұстаңдар, қоңызымыз тоңқаңдап ала қашпасын. Оң жақ артқы доңғалақ шұқырға түсіп кеткен екен, мен шығарып көрейін, - деді ол. Есікті ашып сыртқа шыққалы ыңғайланып жатыр.

- Біз түсейік пе?

- Түсейік, ауыр боламыз, - десті балалар.

- Түспей - ақ қойыңдар. Сазға былғанасыңдар. Алдына қарай сырғысаңдар жетіп жатыр. Екеуің жиналып екі пұт боласыңдар ма? - деп Вася ағай әзіл айтып күлді.

- Асып түсеміз.

- Үш пұттан асамыз, - десті балалар.

- Жарайды ендеше, көрейік қазір, - деді де Вася ағай сыртқа шығып, жалаң аяғымен шалшық суды шалпылдатып жүрді де «Запорожецті» артқы жағынан ырғап тұрып доңғалағын шұңқырдан шығарып жіберді. «Әуп, әуп», деген даусы ғана естілді. Балалар бір - біріне қарап күліп жіберді.

- Машинаны көтеріп лақтырды, - деп алдымен Болат қуанып жанары жайнай түсті.

- Рас, рас, машинаны көтерді, - деп оны Қуаныш та қостады. Екеуі де Вася ағайдан көз алмайды. Ал ол маңқиған қалпы қорбаңдап қолының батпағын жуып жатыр.

Біраздан соң бұлар тағы да қара жаңбырдың жолды жарылқаған сарқынды суын кешіп ауылға қарай қозғалды. Балалар манағыдай емес, әйнекке үңіле түсіп, бір - біріне бірдемелерді нұсқап көрсетеді.

Вася ағай ауыл көшесіне кірген соң алдымен Қуанышты түсірмек болып үлкен қарағай үйдің алдына тоқтады. Есік алдында үйіріліп бір топ адам тұр екен, машинасының әйнегін төмен түсіріп олармен амандасты.

- Мына жаңбырда қалай жеттің, шырағым - ау. Машинаң трактор шығар өзі? - деді Қуаныштың әкесі.

- Біз батпаймыз, - деп қана жымиды Вася ағай.

- Жарайсың, азаматым - ай, - деп сүйсінгенін жасырмады Қуаныштың әкесі.

- Ол батпайды, - деп Қуаныш та әкесінің құлағына сыбырлады.

- Балуан емес пе. Ана қоңыздай машинаны көтеріп лактыратын шығар, - деп әкесі де көтеріле сөйледі.

- Ол балуан ба? - деп баласы ынтыға түседі.

- Балуан. Республиканың чемпионы.

- Болаттың ағасы ма?

- Иә, ағасы.

- Өзі орыс, па, әке?

- Орыс.

- Болат та орыс па сонда?

- Жоқ, қазақ, орыстың жиені ол. Ал Вася саған да бөтен емес, туысың.

- Қандай туыс?

- Болаттың ағасы болған соң сенің де ағаң.

- Әке, Вася ағай машинаны көтерді бүгін, Болат та балуан боламын деді.

- Е, ағасына тартса болар.

- Мен де балуан боламын.

- Боларсың. Вася ағаң екені өтірік емес, бірдемесі саған да жұғар. Сол күннен бері Қуаныш балуан болуды армандап жүр.

Ақ тоқаш

Ауылдан қалаға келген кішкене Дидар көп қабатты үйлердің ауласында өзі тетелес балалармен ойнап жүріп әбден уйренісіп алған соң мақтана бастады. Керемет болып жайқалып өскен егінін айтты. Үйдің іргесінен басталатын қалың орманды да тамсана дәттеді. Өзі әлі мектепке барған жоқ. Енді ғана дайындалып, кітап, дәптерлерін сайлап жүрген. Сөйлегені де кызық. Тап - таза қазақ тілінде тақылдай жөнелгенде қаланың балалары күлкіден езулерін жимай мәре - сәре болысады.

- Ормандарың қалың ба? - дейді балалардың бірі.

- Керемет қалың, - деді Дидар дәл қазір бұтақтарды сырғандай қолын сермеп.

- Егіндерің көп пе?

- О - о - о. Көз жетпейді. Көп, көп,

- Неше миллиард? - деп қыстырылды бір бала есептен хабары барын аңғартып.

Бұл арада Дидар аңырып қалды. Не айтарын білмеді. Керемет егінді тағы айтқысы келді. Бірақ аузына сөз түспеді.

- Бізде ақ тоқаш бар, - деді ол сасқанынан. - Ауылдан әкелдік. Мамам пісірді. Керемет тәтті.

- Рас па?

- Ауылдан әкелдіңдер ме? - десіп қала балалары қызыға қаумаласып, Дидарға сұрақтарды жаудыра бастады.

- Мен қазір көрсетейін, керемет тәтті, - деп Дидар жалт бұрылып үйге қарай жүгіре жөнелді. Мамасынан ақ тоқаштар сұрап әкеліп жаңа достарына көрсетпек. Дидар тез оралды. Мамасы тостағанға бес - алты ақ тоқаш салып беріпті. Жұп - жұмсақ ақ тоқаштар қандай тәтті еді. Балалар қызық көріп еппен үзіп, бөлісіп жеп жатыр.

- Ауыл наны!

- Тыңнан келген тоқаш па? - десіп мақтаныштарын да жарыстырады.

- Мамам пісірді! - дейді Дидар даусын көтеріп. Оның осы үнін жақтырмағандай қиқарлау келген пұшық мұрын Асқар кекжің етті.

- Тоқашың тәтті емес.

- Не дейсің?

- Тоқашың тәтті емес, ал керек болса.

- Мамам пісірген тәтті.

- Тоқашың тәтті емес, маман пісірсе мақтанба! - деп Асқар да тақылдап болатын емес.

- Мамам пісірген, тәтті деймін! - Дидардың аузы бұртиып, иығы компаңдап қалды.

- Тоқашың тәтті емес, білдің бе!

- Сен өзің жамансың! - деп Дидар кенет батыл үнмен айбат көрсетті.

- Кім жаман?

- Сен.

- Сенің тоқашың тәтті емес ендеше. Ал керек болса!

- Мамам пісірген тоқаш тәтті! - деп Дидар да ығатын ыңғай көрсетпейді.

- Әй, бұл тыңнан келген тоқаш қой.

- Тыңды білесің бе өзің, - десіп балалар қаумаласып Асқарды бастырмалата бастады.

- Сен тыңнан келдің бе? Рас па? - деп енді қиқар Асқардың да үні жұмсара түсті. - Тыңның тоқашын тағы да көрейінші. - Ол ақ тоқаштан тағы үзіп алып аузына салып жатыр.

- Тәтті ме? - деді бар бала. Асқар әуелі үндей қоймап еді, артынан барып басын изеді.

- Мамам пісірген! - деп Дидар да мақтанып тоқашын балаларға тағы ұсынды.

Жер дегдіп, қылтиып қырбықтанып көк те көріне бастады. Шөптің кішкентай көк жапырағын алғаш көргенде Дәурен қуанып кетті.

- Көктем келді, шөп көктепті! – деп алақайлап үйге жүгіріп кірді ол.

- Оны қайдан білдің – деді әжесі.

- Шөп көктепті. Шөп көктегенде көктем келмей ме?

- Жоқ. Бұл әлі көктемнің хабаршысы. Нағыз көктем найқалып әлі жеткен жоқ, - деді әжесі немересіне табиғат тамашасын түсіндіріп. Дәурен тіпті қызыға түседі.

- Әже, әнеугүні құстар келгенде не дедің? Оны да көктем хабаршысы деп едің ғой?

- Иә, құстар да көктем хабаршысы. Олар да ерте келіп, көктем деген кереметтің жете алмай жолда жүргенін хабарлайды.

- Қалай хабарлайды, әже?

- Құстар аспанда қалықтап ұшып, қанатын кең сермейді. Бұл олардың күн жылынды, келе жатқан көктемді мен де көрейінші деп шөп те көтеріледі. Көк шықса көктемнің тіпті жақын қалғаны, - деп әжесі Дәуренді тағы да ынтықтырады.

- Сонда керемет көктем қашан келеді? – деп немересі де тағатсызданып сұрақтарды көбейте берді.

- Ол күнді өзім айтамын, - деді әжесі.

Кішкентай Дәурен сол керемет көктем келетін күнді қандай асыға тосты десеңізші. Күнде таңертең тұрып әуелі аспанда қалықтаған құстарға көз салады, түкті кілемдей дүркірей көтеріліп келе жатқан көкмайсаға қызығады, соңсоң әжесіне келеді. Ал әжесі әлі үндемейді. Ол да көктем келетін күнді тынымсыз тосқан тәрізді.

Бұл күні Дәурен алақарақтан шошып оянды. Ояна келсе қаптаған мотор үні тұтаса гүрілдеп бүкіл көшені көшіргендей еді. Ағаш үйдің өзі дір - дір еткендей болып бүкіл төңірек солқылдайды. Дәурен жалма - жан жүгіріп терезеге ұмтылды. Қараса, расында да, ауылдың көшесін қалың гүрілге толтырып тракторлар көші өтіп барады екен. Соңдарында тіркеген сеялкалары, желбіреген қызыл жалаулары да көрінеді. Сонау қырқаға қарай лап қойып жөңкілеп барады. әжесі де есік алдында кәрі жүзі күлімсіреп, басындағы орамалының ұшымен жасаураған көззін сүртіп тұр екен. Бір шақта бірдемесін ұмытқандай жалт беріп үйге қарай жүгірді. Сүріне - қабына есік ашып, айғайлап келеді.

- Дәурен, құлыным тұр. Керемет көктем келді. Көктем келді!

Әжесінің дауысы да бір түрлі қызық естілді. Қуанғаны дауысының дірілінен - ақ танылып тұр.

- Кәне, көктем, кәне, әже? – деп немересі де терезенің ернеуінен ұстап айнала үңіледі. Жер қайыстырған тракторлардан, жүздері тотыққан диқандардан басқа ешкім көрінбеді.

- Әне, егіншілер дабылы соғылса керемет көктемнің келгені деп біл. Егінші атаң мұртынан күліп, жер жарықтықтың қара қыртыс құндағын дәнге бөлеп келе жатқан жоқ па?! Керемет көктемнің келгені ғой.

Қуанған Дәурен де көшені шарлап жүгіре жөнелді. Ауыл үсті бүгін шынында да әбігер болып, қырқаға көз сала береді. Көңілі сол жақта. Керемет көктемнің соңынан қуғысы келетін сияқты.

Оспанның ерлігі

Күздің соңғы күндері жауын - шашынды болып, дикан қауымына жайсыз болып тұр. Кешегі сілбіген ақ жауынның арты жапалақ - жапалақ қарға айналып, таңертеңнен бері бүкіл адырға қыс көрпесін кестелеп тастады. Жылы үйде жаны рақат тауып, жайланып отырған кішкене Оспан күн ұзаққа терезеден көз алмады. Қолындағы кітабына анда - санда көз қырын салып қойып, жаттауға берген өлеңді суылдатып соғады. Бір мезетте:

- Папам! – деп қуанып кетіп орнынан атып тұрды. Ауылдың ана шетінен дән саулайтын ұзын мойыны ырғайдай болып ырғала зырлап дала кемесі - әкесінің комбайны келе жатыр.

Айғайлағаның не? Папаң да жетісіп келе жатыр деймісің. – Пешті отпен қыздырып, нан илеп жүрген мамасы да терезеге үңілді. Қабағында кейістік үйіріліп тұр. – Апыр - ай, егін не болды?

Алып комбайнын дәл терезенің түбіне тоқтатып, үйге кірген папасы Самұраттың да жүзі сынық. Малақайын шешіп, босағаға іле салып, Оспан ұсынған орындыққа отыра кетті.

- Бүгін тағы да тоқтадық, - деді ол кейістікпен. – Мына саз аттатпайды.

- Енді не болды? Есіл еңбек, қайран қалың ырзық - ай, - деді шешесіне де.

Оспанның папасы су жаңа комбайнмен шалғысын жарқылдатып алғаш ораққа түскенде осы үйдің бар жаны қандай қуанды десеңізші. Бірінші күндері тіпті балалары әкесін көре алмай қапыда қалып жүрді. Самұрат түнді аударып келіп, таң атпай тұрып кетеді.

- Папам қайда? – дейді балалары.

- Папаң батыр болайын деп жүр, - дейді шешесі күлімсіреп.

- Папам батыр болса, мен де батыр боламын, - дейді екінші класта оқитын кішкентай Оспан. Бір күні түнде жаңбыр жауып, папасы үйде біраз бөгеліп қалды. Сонда Оспан әкесімен бірге комбайнды баптап, біліктерді әбден шиыршықталып, шырмалып қалған сабаннан тазалап шықты.

- Құлынымның табанды болатын түрі бар, - деп Самұрат сол күні ұлын мадақтай сөйледі. – Бүгін бір жосылтып келейін. Оспан тазалаған комбайн қалай екен?!

Айтқандай Самұрат сол жосылтқаннан бір тоқтамай үш күн бойы үйне соқпады. Қос басында біраз мызғып алып, дәл бір баяғының батырларынша темір тұлпармен ызғытып тарта беріпті. Төртінші күні комбайнын есік алдына әкеліп тоқтатып, өзі стол басында тамақ ішіп отырып қалғып кетті. Папасы үйде отырғанда Оспан есіктен ақырын шығып кетіп, тағы да тырмысып - тырбаңдап жүріп комбайнды тазалап қойыпты. Соңғы күндері жаңбыр бір айға айнала толас тап-

пай, міне, арты қарға ұласты. Қаншама егін қар астында қалар қаупі бар. әкесінің де, шешесінің де кейіп жүргені осы болатын.

- Миллиард бола ма биыл? – Шешесінің бұл сұрағына әкесінің жауабы сенімді.

- Е, осыншама астықты қар астында қалдырады дедің бе? Миллиарды мұрттан күліп жүріп қамбаға құярмыз. Бірақ күн бұлқынуына мұрша берсінші.

- Папа, жаңбырда егін жинайтын машина болса, - деді Оспан папасының жіғерлі келбетіне қызыға түсіп, қиялға берілген қалпы.

- Оны сендер жасайсыңдар.

- Папа, егінді жаңбырда жинаса қайтеді?

- Су болған соң сабанның арасында қып - қызыл дән кетеді. Бала ойланып қалды. Дәл бір қазір жаңа комбайн ойлап табатын тәрізді.

- Мен комбайнды тазалайын, папа?

- Жоқ, үйде отыр. Тоңасың.

- Тоңбаймын. Тоңсам үйге кіріп жылынып аламын.

- Сабағыңды оқыдың ба?

- Бәрін де оқыдым. – Оспан папасы істеп берген кішкене темір қалақшаларды алып, комбайнды саздан тазаламақ болып шығып кетті.

- Менің құлыным тазалаған тұлпардың тұяғын тот шалмайды. Кәне, көрейікші, - деп ертеңінде кешке жер дегди бастағанда - ақ Самұрат комбайнына от алдырып, жорық жасауылындай түн қатып тартып кетті.

Қасиетті жалау

Күндегідей ерте оянатын алты жасар Берік шапшаң киініп, далаға жүгіре жөнелді. Ол есіктен атып шыққан қалпы біраз ойқастап барып артына бұрылып қарап еді, көзі бақырайып шарасынан шығып кете жаздады. Кеше ғана үйдің төбесінде тұрған әдемі қызыл жалауша бүгін ғайып болыпты. Тіпті таяқшасы да қалмай зым - зия жоғалған.

- Мама! – деп айғайлаған Берік тосын хабарды жеткізгенше асығып үйіне қарай зымырады. Есікті аша сала ентіге самбырлады:

- Мама, жалау жоқ!

Беріктің жыларман болатын да жөні бар. Кеше таңертең осы үйдің алдына бригада есепшісі келіп, мамасын бүкіл үй ішімен бірге сыртқа шақырды.

- Сіздің үйдің төбесіне қызыл жалау қадайын деп едім. Бригада есепшісі қолындағы кішкентай жалаушаны өзгеше мақтанышпен желбіретіп көрсетті.

- Ненің құрметіне? – деп мамасы да бұл жоралғының сырын іші сезіп тұрса да дауыстап сұрады. Сірә, балалар білсін дегені болса керек.

- Мына Беріктің папасы егін орағында алдына жан салмай жүр. Орақтың ері деп үйіне қызыл жалауша қадаймыз. Диқанның ерлігін бүкіл жұрт білсін! – деп бригада есепшісі көтеріңкі

сөйлеп, мына үй жандарының бәрінің жүзіне шырай жүгіртті. Әсіресе, Беріктің қуанғанын айтсаңызшы.

- Папам бәрінен озды, біздің үйде той! – деп ол мәре - сәре.

Қуанышы кешке дейін басылмай елпілдеп жүгірді. Оның үстіне мектептен өзі де бір бес алып оралды.

Енді, міне, сол жалауы жоғалыпты. Ол есікті сарт еткізіп жапты да, жүгіріп көшеге шықты. Айнала үй - үйдің төбесін тінткілейді. Кенет көзі шарадай жанып жүгіре жөнелді. Кешегі жалауша бірінші класта оқитын Дулаттың үйінің төбесінде тұр. Берік ентелеп келген бойы Дулатқа қоя берді.

- Біздің жалауды неге ұрладың?

- Ұрлағаным жоқ, ол біздікі, - деп Дулат өзінен бір жас үлкен Берікке қаймыға жауап берді.

- Бұл папамның жалауы. Папама орақта озғаны үшін берген. өзім аламын, ұрлықшы! – деп Берік бас - көз жоқ сатымен өрмелеп жалауға жармасты.

- Мен ұрлағам жоқ. Есепші өзі әкелді. Ол біздің үйде, - деп Дулат та шырылдап жатыр. Осы кезде Берік жалауша сабына іліккен қолын тартып ала қойды. Бригада есепшісі үйден шығып келе жатыр екен. Дулат оны көргенде Беріктің өзіне әлімжетік қылғанын айтып шағынғандай жылам-сырай жөнелді.

- Ә, мынау қай балақай десем, өзіміздің Берік екен ғой. Айналайын, Берік, мұндай қасиетті жалауды сен сияқты әлі жеткеннің бәрі тартып ала бермейді. Бұл жалау еңбекте, орақ жарысында озған адамның үйінде желбіреп тұрады. Кеше сенің папаң озса, бүгін Дулаттың папасы бірінші орынға шықты. Оған сен ренжіме. Мүмкін, ертең сенің папаң озар? – деп есепші баланың көңілін жұбатып екеуіне де күлімсірей қарап жұмсақ сөйледі. Берік те өз қателігін мойындап, үй төбесіне қызыға қарап қалыпты.

Өкініш

Жаңа оқу жылы басталардан бұрын дайындық тобына барған Болат алғаш рет «Әліппе» ұстайтынына қуанып, алып - ұшып жүрді. Таңертең тұра сала әжесін мазалап, мектепке барғанша асығады.

- Болат, жуындың ба? – деген әжесінің даусын естігеннен - ақ бүкіл ойыншықтарын ысырып тастап, тап бір үлкен шаруаға жиналған жандай бола қалатына бар. Жалма - жан ақ сабынды көпірте жуынып, таза киімдерін тез - тез ауыстырып жатады. Ара - арасында:

- Әже, көйлек.

- Әже, шұлық, - деп аузын компандатып қояды. әжесі белі бүгілген қалпы бүкшеңдеп жүріп - ақ немересінің айтқанын екі етпейді. Бәрін тындырады. Болат та үйден шығарда әжесінің мойнынан қапсыра құшақтап, бетінен сүйіп жатқаны.

Мектеп маңы да небір қызыққа толы. Кілең бірінші класқа баратын балаларды үйіріп алған мұғалима тәтей түрлі - түрлі әңгімелер айтып береді.

- Ал, балалар, енді сендерді тыңдайық, - деді ортада тұрған мұғалима монтиған момақан жүзді балғындарға күле қарап. – Кім қандай тақпақ біледі? Білетіндер қолын көтерсін.

Балалар бірінен соң бірі білетін тақпақтарын айтып шықты. Болат та сүйікті әжесі туралы екі ауыз тақпақты тақылдатып берді.

Әңгімеден әңгіме туындап, Болат балаларға әжесін керемет жақсы көретінін айтып салды. Оның әжесі тамаша адам екен. Кішкене Болат әжесінің қойнында жатады, жазда әжесімен бірге қыдырып, Алматыға барып келіпті. Екі сөзінің бірі әжесі жайлы:

Балалардың бәрі де Болаттың әжесіне қызықты.

- Неше жаста? – деп сұрады бірі.

- Сексенде.

- Әженді жақсы көреді екенсің. Болат айналайын, ол кісінің аты кім? – деді мұғалима.

- Болат сәл ойланып тұрып бір - ақ сөз айтты:

- Әжем.

- Әженің аты болады ғой.

- Менің әжемнің аты жоқ. Оны бүкіл ауыл әже дейді, - деді Болат қызарақтап. Балалар нанарын, нанбасын да білмей түгел таңырқасқан. Олар рас па дегендей мұғалимаға қарайды.

Болат осы күні мектептен өкініп қайтты. Бәрінен де күнде құшағында аунап жататын сүйікті әжесінің атын білмегені қызық болды. Ол мектептен шыға сала үйге дейін жүгірді.

Қымбат сыйлық

Ертемен төсегінен тұрған Болат көзін уқалап жан - жағына қарап еді, мамасы бірінші кезекке жұмысқа кетіп қалыпты. Ал папасы ас бөлмеде тамақ әзірлеп жүр екен.

- Кәне, Болат, жуын, тамаққа кел. Мен де асығыспын, - деді папасы стол басына отырып жатып. Тез - тез жуынып, шапшаң киінген Болат та орындыққа келіп жайғасты.

- Ертең мамаңның туған күні. Оны білесің бе? – деді папасы.

- Білемін. Календарьда жазулы.

- Ендеше мамаң сол күні қуанып жүрсін, сен төрт пен беске оқы, жарай ма?

- Жарайды.

Қысылғанынан айтып салғанымен, Болаттың күнделігінде үштік бағалар біраз бар еді. Папасы жұмысқа кеткен соң, ол үйде жалғыз қалып іле сабағына отырды. Далаға ойынға да шықпады. Бұрын мектепке барарда кежегесі кейін тартып тұрушы еді, бұл жолы тіпті елпілдей жөнелді. Сабақтың бәрін оқып, тапсырманы тәртіпке келтірген сияқты.

Қоңырау соғылып, алғашқы сабақ басталды. Мұғалім ағай сабаққа кіріп, столға журналды қойып жатыр еді, алдыңғы партада отыратын кішкене Болат іле қолын көтеріп ұстазына тура

қарады. Бұрын ол үйге берілген тапсырманы орындай алмай сабақ басталғанда сасқалақтап, тұқжындап қалушы еді. Баланың бүгінгі елгезектігіне таңырқаған мұғалім:

- Болат, не айтасың? – деді.

- Ағай, сабақ айтайын. Мен айтайыншы тапсырманы.

- Жарайсың онда. Кішкене сабыр ет. – Мұғалім күлімсіреді. Жүзінде жұмсақ рай, разылық бар.

- Кәне, үйге берілген тапсырманы кім айтады? – деп еді мұғалім, Болат іле қолын көтерді.

Мектептен шыққанда Болаттың қуанышында шек жоқ болатын. Ол бүгін екі «төрттік» алды. Үйге құстай ұшты. Бүгін Болаттың мамасы қандай қуанады десеңізші.

Ол осылай шаттанып келе жатып, үйінің алдындағы үлкен күртіктен секірмекші болғанда омақаса құлап, портфелінің құлағын үзіп алды. Көзінен жас шығып кетті. Ол үйне кіре алмай, есік алдында біраз жылап тұрды. Көршідегі Есләмбек ағай келіп жөн сұрамағанда, әлі де тұра беретін еді.

- Балам, саған не болды?

- Бүгін мамамды қуантайын деп едім, ол енді маған ұрсады. Портфелімнің құлағын үзіп алдым, - деп бала кемсеңдеді. Есләмбек қарт Болатты үйне ертіп барып, портфелінің құлағын тігіп, тіпті су жаңадай етіп бергенде бала тағы да жайраңдап

сала берді. Ол тіпті картқа рахмет айтуды да ұмытып, үйне қарай жүгіре жөнелді. «Маманды туған күнінде қуатқаның, ең қымбат сыйлығың» деп еді папасы.

- Мама, бүгін үш жоқ, екі төрт, енді ылғи төрт пен бес болады, - деді есіктен кірмей жатып Болат. Мамасы күлім қағып қарсы алды.

Қансонар

Кеше ымырт үйіріле аспан реңі бұзылып, батыс беттен қаптал - қаптал бұлттар қопарыла көшіп келе жатқандай еді, түні бойы жел гулеп, боран бұрқырады. «Қап күн бұзылыпкетпесе жарар еді, ертең демалыста аңға шығатын. Мына Шәңке шілігінде қоян көп екен» деп Сайран жатарда терезеге үңіліңкірей түсіп, қопаңдап отырды. Мұны естіген бірінші класта оқитын інісі Ереке де:

- Аға, мені де апарасың ба? – деп қиылды. Аңға баруға қатты қызығып, құмартып - ақ тұрғаны даусынан белгілі еді. Соны аңғарған ағасы:

- Сен аяғыңды алып жүре алмайсың. Қар қалың. Оппада жүру үшін мықты кісі керек, - деді баланы жұбатқан болып. – Ертең өскесін апарамын.

- Мен де мықтымын, - деп салды Ереке намыстанып. Сайран ағасы күлді. Інісінің кешегі бір осалдығын бетіне басқысы келіп оқталғаны белгілі еді. Соны сезген бала қызарақтап қалды.

- Сенің күшіңді көрмей тұрмын - ау. Бір нәрсені ешқашан өзің біліп, айтқызбай істемейсің. Кеше есік алдының қарын күремей, ойнап кеттің.

- Аға, аңға апаршы, шаршамаймын, - деп Ереке ағасына жалынып жатып ұйықтап қалған. Мүмкін түсінде де қоян қуып елегізген шығар. әйтеуір таңерте ерте тұрды. Жалма - жан терезе алдына барып, сыртқа көз жіберді де, қуанып кетті.

- Аға, боран басылыпты! – деп айғайлап жібере жаздады. Бірақ өзін тоқтатты. Терезеге үңілген қалпы тез киініп, далаға шығып кетті.

Дала қандай тамаша десеңізші. Ақ ұлпа қар бүкіл із атаулыны сылап - сипап жасырып, жып - жылмағай етіпті. Жазылмаған ақ қағаз сияқты. Нағыз қансонар. Осындай қанжығалы күндерде ағасының атпен орман кезіп, секектеген ақ қояндарды баудай түсіргенін талай көрген. Қазір де қыығып тұр. Ереке көп ойланбады. Дәл бір шаруамен шыныққан шымыр балаша тымпыңдап барып, өзінен үлкен күректі алды да, есіктің алдындағы қарды күреуге кірісті. Екі беті албырап кетіпті.

Ағасы есік алдына шыққанда Ереке мұрнын бір тартып күлімсірей қарады.

- Оһоу, батырым - ай, шаруаны бітіріп тастапсың ғой. Маған бірдеңе қалдырмадың ба? Енді мен не істеймін?

- Енді атты жек, аға. Қораны да тазаладым, малға шөп те салдым.

Ерекеге риза болған ағасы бір ауыз сөз де айтқан жоқ, аңға әзірленіп, аттың әбзелдерін сайлай бастады.

- Мықты сөзімен де, ісімен де жеңеді. Енді, міне, мені жеңдің, бар шаруаны айтпай тындырып қойыпсың. Амалсыз аңға апарамын, - деп Сайран ағасы мылтығын алмақ болып, үйге беттеді. Бұл шақта Ерекеңнің қуанышында шек жоқ еді.

Кім озды?

Тетелес өсіп келе жатқан Бірлік пен Ерлік таңертең дастарқан басында тағы да қағысып қалды. Кешеден бері екеуі айтысып, бірін - бірі жеңе алмай жүр. Осыдан бірнеше жыл бұрын папасы бұларға қызық бір шарт қойған еді.

Бірінші майға дейінгі бір айда кімнің күнделігінде бестік көп болса, сол озып шығады, - деді біріншіде оқитын Бірлік пен екіншідегі Ерлікке. Екеуі сабаққа ынталанып - ақ берілді.

Дәл мереке күні демонстрацияға барар алдында Бірлік пен Ерлік тағы да папасынан төрелік сұрады:

- Кім озды папа?

- Екеуің қатар келесіңдер, бестіктерің бірдей, тепе - тең, - деді папасы.

- Менің төртім көп қой.

- Бес артық па, төрт артық па? - десіп екеуі тағы тайталасты.

Мынадый мереке күні озып шыққанды екеуі де жақсы көреді.

- Жарайды, таласпаңдар. Бесті ғана есепке алайық, - папасы екеуін екі қолтығына қысып, арқасынан қақты.

Тамақ ішіп болған соң орнынан бірінші болып тұрған Бірлік:

- Папа, мерекеде үйлеріннің айналасы тап - таза болып тұрсын деген. Сыпырғыш пен күрек қайда?

- Үлкен күрекке тиме, оны мен аламын, сенің оған әлің келмейді, - деп шайын тауыспай, шәшкесін төңкере салған Ерлік те асықты.

- Мен кішкене күрекпен де сенен қалмаймын. – Бірлікпен жарысып Ерлік те сыртқа жүгірді. Екеуі далаға шыққан соң, жаңағы айтысқандарын да ұмытып, бір - біріне көмектесіп, әп - сәтте үйдің айналасын сыпырып - сиырып тазалап қойды. Содан соң ғана ойынға кірісті. «Кім озды?» - деп бір - бірінен сұраған да жоқ.

Адалдық

Бірінші класта оқитын Дулат күндегі әдетімен мектептен ерте оралып, есіктен кіре сала қандай баға алғанын қуана хабарлады.

- Мама, ана тілі – төрт, математика – төрт, - деп тақ - тақ еткізіп, көңілді кейіппен шешініп жатты. Даладан қандай тап - таза болып келсе, үйде де сондай сүйкімді - ақ. Үстіндегі киімдерін рет - ретімен шешіп, папасы жасап берген арнаулы бұрышқа жайғастырды. Портфелін де өз столының қасына қойды.

Баласының осы қылығына қызыға қарап тұрған мамасы елжіреп кетсе керек:

- Балапаным, шкафта алма тұр, Гүлнәр екеуің жей қойыңдар, - деді.

Дулат қуанып кетті. Жүгіріп барып шкафты ашып еді, екі алма тұр екен. Қып - қызыл, әбден пісіп, албырап - ақ қалыпты. Біреуі үлкенірек те, ал екіншісі сәл ғана олқылау. Дулатты сонысы да ойлантып тастады. Қайсысын аларын білмеді. Үлкенін бас салуға өзінен қалқыңқы Гүлнәрдан ұялды. Папасы ылғи: «Гүлнәр біріншіден сенен үлкен, екіншіден қыз бала, таңдауды соған бер», - деп үйретіп отыратын.

Екінші класта оқитын Гүлнар да сол дағдыға арқаланып, не тәттінің үлкенін қармап қалуға тырысып жүр. Онысы Дулатты да ызаландыра-

ды. «Ылғи мен екінші таңдаймын, бірінші класта оқитын кішкене бала бірінші таңдауы керек» деп қиқалаңдап та қояды. әйтсе де әлі күнге Гүлнәрдің алдына шығып көрген жоқ. «Жарайды, қыздар жылауық болады, сол алсын», - деп жүре беретін жомарттығы да бар.

- Қайсысын алайын, мама? – деді бұл жолы Дулат. Мамасы естімеді де, үндеген жоқ.

Осы сәтте Гүлнәр да есіктен көрініп, алған бағаларын айтып жатты. Шешініп болған соң оған мамасы:

- Шкафта алма тұр, құлыным, - деді. Гүлнар жалма - жан шкафты ашып еді, бір - ақ алма тұр екен.

- Дулат үлкенін жеп қойыпты. Маған кішкентайын қалдырып, - деп қыңқылдап қомсынып жатыр.

- Дулат, бұл адалдық емес. Мен жоқ та неге таңдайсың? Кәне, айырбастайық.

- Саған үлкенін қойдым.

- Өтірік айтасың. Үлкенін жеп қойдың.

- Мен әлі жегем жоқ, қалтамда тұр.

Расында да әлгінде Дулат мамасына келіп, Гүлнәрға үлкен алманы қойғанын айтқан - ды.

- Мама, бізге мұғалім үлкен жұмыс істеген кісі үлкен үлес алады деп айтқан. Гүлнәр сәкі жуады, сүт әкеледі ғой, үлкен алманы сол жесін, - деген еді.

Ас бөлмесінде дастарқан жасап болған мамасы екінші класты биыл бітірген Дулатты шақырды.

- Кел, тамағыңды іш. – Бірақ төргі үйде жүрген бала жауап қатпай, үнсіз қалды.

- Қолыңды жудың ба? – деп екінші рет дауыстағанда да Дулат күндегідей елпілдей қоймады. Тек сәкіні сықырлатып, қозғалған дыбысы ғана естіледі.

- Мынаған не болған, бірдеңені бүлдірдің бе? – деп енді мамасы үрейленген кескінмен баласына қарай ұмтылды.

Дулат қаракөлеңке бөлмеде терезенің алдында тұқжыңдап тұр екен. Бір нәрсені бүлдіріп, кінәлі болған қалпы бар.

Осы кезде сырттан папасы аңқылдап сөйлеп кірді.

- Жер дегдіген соң комбайндар тағы аттанады. Кәне, тамағың әзір ме? Мен де қос басына тартамын, - деп қолын жуып жатыр.

- Мерекенің папасының комбайны үйінің алдында тұр ғой. Ол да баратын шығар? – деп Дулаттың мамасы терезеден сыртқа көз салды.

- Е, не деп отыр. Мынадай қауырт шақта әрбір сағат қымбат емес пе. Жаңбыр болған соң, бір мызғып алайын деп үйіне келгені ғой. Шешініп дұрыс ұйықтамағалы жарты ай болыпты. Комбайнында он жұлдыз жарқырайды.

Он мың центнер бидай бастырды. Даланың дүлдүлдері емес пе?! Шіркін, осындай көршінің атын айтқанда - ақ мерейің өсіп қалады. Қолы алтын емес пе, комбайны бір тоқтамай сағат сияқты жүріп тұрғанын қарашы. – Папасы көршісіне риза болған көңілін тіпті тауыса алмағандай сүйсіне сөйлейді.

- Мына бала тегін емес, - деп төргі үйден жұбайы Дулатты қолынан жетектеп шықты. Баланың көзі алақандай болып кетіпті.

- Саған не болды?

- Ештеңе де болған жоқ.

- Біреу ұрды ма?

- Жоқ.

- Ә, ендеше, әйтеуір бір кінәң барлығын мына түрің айтып тұр. Соны енді өз аузыңмен айтсаң қайтеді. Менің уақытым жоқ екенін білесің ғой. Қазір қос басына барамын, - деп папасы қашанғы сабырлы қалпымен өзіне жақын тартты. – Қорықпа, жасырма.

Дулат көзі жыпылықтап, жас мөлтілдей қалды.

- Папа, біз комбайнды сындырып алдық.

- Қандай комбайн?

- Мерекенің папасының комбайнын...

- Не қылдыңдар?

- Доңғалағының желі шығып кетіпті. Мен емес. Мерекенің өзі бетін бұраған.

- Қап. Манадан неге айтпадыңдар. Жарық кезде жөндеп қоятын.

- Қорықтым.

- Қорыққан кісінің кесірі екі есе жаман. Мына қырсықты қарашы. Ол ғой түнде егін жинауға шығамын деп ұйықтап жатыр. Ал сендер батырдың тұлпарының тұяғын сындырып отырсыңдар, - деді де папасы тамағын да ішпестен қайта киініп далаға шығып кетті. Ол бөлімшеде агроном болатын, бригадирдің үйіне қарай беттеп барады.

Кешікпей бригадир екеуі бір жамбасына қарай шоңқиып тұрған комбайнның қасына келіп іске кірісті. Комбайншыны оятқан да жоқ.

- Оны оятпаңдар. Оның бір сағаты емес, бір минуты қымбат бізге. Жер дегдіген соң түнде тұрып, таң атқанша егін жинайды. Оятпа, дем алсын, - деп бригадир доңғалақты желге толтырып, комбайнның бүкіл бабын өзі қарап шықты. Дулаттың папасы да қолқабыс қылып, айнала жүгіріп көмектесіп жүр. Дулат пен Мерекені де шақырып алып, оны - мұныға жұмсап қойған.

- Әй, бұлар кімге тартып қорқақ болды екен? Доңғалақтың желін шығарыпты да, қаша жөнеліпті. – Бригадир мұртын ширатып қойып, Дулаттың папасына қарады. Маңдайында шыпшыған терін сүртіп жатыр. - Әкелері қандай! Даланың батырлары емес пе!

- Білмеймін, - деп басын шайқады агроном.

- Кәмпитті көп жеген ғой. Кәмпитті көп жеген бала кәмпит сияқты езіліп, жасық болады деп естуші едім. Зады солай шығар?

- Шаруасын бітіріп, қолын шөппен сүрткен бригадир екі балаға кезек қарады.

- Бастаған қайсың?

- Мен емес, - деді Мереке де.

- Енді кім? – Екеуі де үндемеді. Бригадир ойланып қалды. Балалардың мына қылықтарына ренжіп тұрғаны байқалады.

- Ойбой, бұлар өзі қорқақ әрі жалтақ, жасық балалар екен ғой. Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек. Сонда ғана қателігіңді түзейсің. Бұларың не? Екеуің де оқушысыңдар. Оқушы диқанға кесірін емес, көмегін тигізу керек қой. Солай ма?

Кішкентай қонақ

Ауылдан қонаққа келген Қанат машинадан түсе сала, өзінің кішкене достарын іздеп кетті. Папасы мен мамасы оған қатты алаңдап, тіпті шай үстінде де тыныштық таба алмады.

- Қап, әлгі Қанат киімін ауыстырмады - ау!

- Енді ғой қап - қара болып батпаққа батып келеді.

- Алаңғасар еді, бірдеңеге ұрынбаса жарады, - десіп, екеуі де қосарлана қыпылықтап отырды. Қанат қалада өз үйінде жүргенде шынында да әрнәрсеге ұрыншақ, ерке - шолжыңдау бала еді. Мамасы таңертең тап - таза киіндіріп жіберсе, түске жетпей кір - қожалақ болып кемсеңдеп оралатыны да бар - ды. Сол әдетімен тағы да мына бөтен жерде борша - борша болып келмесіне кім кепіл. Әке - шешесі содан қысылып отыр.

- Қанатты қарап келші, шай ішсін, - деп бір баланы жіберіп еді, ол тез оралды. Әкелген жауабы да қысқа:

- Ойнап жүр, шай ішпеймін дейді.

Папасы орнынан тұрып, терезеден қарады. Айнала үңіліп, баласын іздеді. Бір мезет түрі өзгеріп, алақанымен санын сарт еткізді.

- Қап, ана тентекті қарашы, көрші шалдың арбасына мініп алыпты.

- Үстін бүлдірді - ау, - деп мамасы да байбаламдап қалды. – Жүгірсеңші, түсіріп ал арбадан.

Кетіп қалды, болары болды енді. Ендігісін баланың ақылына тапсыр, - деп папасы қайтадан орнына отырды.

Қанат келгенше папасы мен мамасы әбігерге түсті. Баласының киімдерін ауыстыруға әзірленіп, үсті - басын жумаққа су жылытты.

- Жұрттың баласын қарашы, тап - таза, тап - тұйнақтай, ал біздікі... - деп мамасы сөйлеп жүр. Папасы үндемей терезеге қарай береді.

Бір сәтте Қанат кіріп келді. Манағы қалпы, мұнтаздай тап - таза. Тек арбаға мінгенде шалбарына жабысқан бір - екі шөпті қағып тастады. Мамасы өз көзіне өзі сенбей күліп жіберді.

- Е, өздерің Қанатты текке жамандай береді екенсіндер ғой. Кәнекей, келші бері, менің жиенім жігіт емес пе?! – деп төрдегі атасы алдымен қуанды.

Той жасау керек екен, сен неғып тап - таза жүрсің? – деп папасы да қуанып қалды.

- Қонақпын ғой. Қонақ таза жүру керек, әйтпесе балалар күледі. Енді үйде де таза боламын, - деп Қанат папасының құлағына сыбырлап жатты.

Папасы да, мамасы да кішкене Қанаттың қонақ бола білетінін, оған ақыл кіргенін осы шаққа дейін аңғармапты - ау.

Әжесі бүгін ерекше аландап отыр. Оны кішкентай Амангелді де езіп, қайта - қайта қазына келе береді. Айналшықтап тұрады да, қайтадан есік алдына шығып кетеді. Кішкене ойнап жүреді де, тағы да есіктен кіріп, әжесінің қабағына қарайды. Ол кісі терезеге қарағыштайды.

- Төлеген көрінбей ме? – деп сұрап қояды.

- Жоқ, - дейді де Амангелді далаға шыға жөнеліп, көшелерді біраз шарлап келеді. Қырқаға көз салады, бірақ Төлеген ағасы көрінбейді.

Әжесі мен немересінің бұлай беймаза болуының өзіндік сыры бар еді. Амангелдінің ағасы Төлеген дәл бүгін тұңғыш рет тракторға мініп, далаға кетті. Қыс бойы курста оқып, жақында ғана тракторшының куәлігін алған - ды. Енді, міне, көктемгі егісте өз алдына темір тұлпарды тізгіндеп, білек сыбанып, азамат болып, үзеңгі тартты. Әжесі соған қуанады.

Есік алдынан «Беларусь» дүрілдеп жөнелгенде соңынан біраз қарап тұрды. Амангелді де көп жерге дейін далбаңдап жүгіріп лесті.

- Тракторы тоқтап қалған жоқ па? – деп сұрады әжесі кішкене немересі үйге оралғанда.

- Тоқтаған жоқ. Зырылдап тартты, - дейді Амангелді қуанып.

- Онда жарады. Алдынан жарылқасын.

- Тоқтаса қайтеді, әже?

- Тоқтамасын де. Тұңғыш рет трактордың рулін ұстап, алғашқы қадамын жасағанда тоқтамасын. Жақсы ырым болсын, айналайын. Бүгіннен бастап тоқтамай тракторы жүріп кетсе, ғұмыр бойы солай жүрдек болады. Бәрі алғашқы қадамға байланысты. Алғашқы қадамы нық түзу болса, түзу жолға түскені менің құлынымның, - деп әжесі Төлегеннің бірінші рет трактор жүргізіп кеткеніне өзінше мәз болып отырды.

- Әже, мен де тракторшы боламын, тракторға мінген күні бір де тоқтамаймын, - дейді Амангелді.

- Онда жарадың. Құлыным - ау, ілгері ұмтылған адам далада қалмайды. Ұмтылсаң болды. Сен тракторға мінген күні бүкіл елді шақырып той жасаймын. Келші, айналайын, маңдайыңнан иіскейін. - Әжесі немересін қасына шақырып, бауырына тартты.

- Неге әже? Той неге жасайсың?

- Сені ер жетті деп той жасаймын. Тракторға мініп, тың жерді таспадай тіліп бара жатсаң, одан артық қандай батырлық керек. Бидай өсірген, нан өсірген адам – ең құдіретті адам. Сен солардың қатарына қосылып, үлкен жігіт болсаң, неге қуанбаймын. Қуанғанымнан той жасаймын. Жұртты шақырамын. «Міне, менің Амангелдімді көріңдер, атасы, әкесі, ағасы тракторшы, енді бұл

да біздің босағаның дәстүрін жалғастырып бара жатыр. Жолыңа гүл бітсін», - деп мақтанамын ғой.

- Атамның тракторы қайда?

- Атаң соғысқа дейін тракторшы болған. Ол соғыста қайтты. Нағыз батыр болды. Түнде шабуылға шыққанда бір өзі он фашисті сұлатыпты.

- Жалғыз өзі ме, әже?

- Бір өзі. Әне сондағы ерлігіне берілген ордені үйде ілулі тұр.

- Оны кім әкелді?

- Бір майор әкеп берген.

- Папамның ордені қандай, әже?

- Папаң да әкесіне тартқан. Ол да осы өңірдегі атақты тракторшы емес пе. Ленин ордені бар.

- Оған енді қандай орден береді?

- Қайдан білейін, айналайын. Батыр атағын беретін шығар. Жұрт солай деп жүр ғой. Мынау кең байтақ даланың батыры болған да жақсы. Сен де батыр болуға ұмтыл.

- Папамның тракторы да алғашқы күні мінгенде тоқтаған жоқ па?

- Тоқтаған жоқ. Ол жиырма бес жыл бойы әлі тоқтамай келеді. Үйдің бетін де көрмейді ғой кейде. Күні - түні тракторда.

- Папам батыр болса Москваға бара ма? – деп Амангелді әжесінің қолтығына кіріп еркелей түсіп,

сұрақ беруден жалықпайды. әжесі де жалықпайды, мұндай сұрақтар жүрегіне жылы тиіп, жымия күліп қояды.

- Барады ғой. Қазір де Алматы, Москва деп ұшып жүрген жоқ па.

- Мен де барамын.

- Барасың, құлыным, әлі өскен соң талай барарсың.

Әжесінің бұл сөзі немересін күлімсіретті. Кішкентай көкірегіндегі тәтті арманды қозғап кеткендей болды. Екеуі кешке дейін Төлегеннің оралуын асыға тосты.

Ауыл көшелерінде іңір қараңғылығы үйіріле бастаған кезде есік алдына бригадирдің сары «Жигулиі» келіп тоқтады. Рульде бригадирдің өзі. Қасында – Төлеген. Есік алдына шыққан әжесі мен Амангелді әуелде бір түрлі тіксініп қалғандай болды. Тосын хабар әкелді ме, әлде Төлеген бірдеңені бүлдірді ме деп қобалжыңқырап еді. Бригадирдің жылы жүзін көрген соң, екеуі де машинаға қарай жүрді.

- Апа, сізді құттықтайын деп келдім. Мынау Төлеген немереңіздің алды ғой, - деді машинадан түскен бригадир қолын созып. – Бүгін тұңғыш рет танап тырмалауға шығып еді. Бірінші күні нормасын асыра орындады. Атасына, әкесіне тартқан екен. Қуана беріңіз. Енді тоқта, бүгінге болар десем болмайды. өзім алып келдім үйге.

- Күнім - ау, бәсе, атасының кәстөмін бір кигізіп алып едім бүгін.

- Тракторың сөніп қалған жоқ па? – дейді Амангелді.

- Жоқ. Тоқтағаным жоқ.

- Енді осылай алған бетіңнен айныма. Алғашқы қадамың қайырлы болсын, менің көңілім де тоқ. Ал үйге кіріндер, - дейді әжесі.

Төлеген әжесінің таңертеңгі қылығын жаңа түсінді. Далаға жүргелі жатқанда мұны шақырып алып, атасының шкафта тұрған ескі костюмін ерікке қоймай кигізіп көріп еді.

- Бүгін осыны ки, - деді.

- Үлкен ғой. Қолқылдап жатыр, - деді Төлеген.

- Қайтер дейсің. Кабинада жатсын кимесең.

- Қойшы, әже.

- Үстіңе өлшеп көр де, сосын шешші өзің, - деп болмаған. Сөйткені кәрі адамның жақсыға жорамалдаған ырымы екен ғой. «Атаңның жолын берсін, атаңның қуаты қолдасын» деп күбірлеп жүрген. Төлеген оны жаңа ғана түсінді.

Бұлар үйге кіре бергенде әжесі Төлегеннің үстіне уыс - уыс кәмпитті жаудырды - ай келіп. Амангелдінің аузына түсе бермейтін кәдуілгі қымбат тәттілер «Маймақ Мишка», «Солтүстіктегі Мишка», «Каракум» кәмпиттері әдемі қағаздарымен судырлап жерге топ - топ етті.

- Еңбегіңнен нұр жаусын! Шашуым ғой. Алғашқы қадамы құтты болсын! – деп әжесі сондай мәз - майрам. Амангелді қуанып кетіп жердегі кәмпиттерді жинап алып, біразын Амангелдінің қалтасына салды. Әжесі де оны ұмытқан жоқ. Бір уысты өзіне арнап қойнына тықты. Амангелдінің екі қалтасы томпиып қалды.

- Бір апта жеуіңе жетеді, - деді бригадир күлімсіреп.

- Әже мынаны қайтемін, - деді бір уақытта Амангелді. Екі қалтасына сықай толтырған конфеттерді көрсетті.

- Көршілеріннің балаларына, өз достарыңа үлестір. Олар да дәм татсын. Төлегеннің алғашқы қадамына шашудан, әжем берді деп айтып бер. Балалар да қуансын, - деп әжесі ерекше тапсырды.

Амангелді жүгіріп далаға зыта жөнелді. Қуанышы қойнына сыймайтын сияқты. Бұл қызықты достарына айтуға асыққаны түсінікті еді.

Сол түні Амангелді әжесінің төсегінде отырып, көпке дейін ұйықтамады. Әңгімесінің бас - аяғы ағасы Төлегеннен аспайды. Сол төңіректен өрби беретін сұрақтар көп.

- Әже, деймін. Ағам бәрінен, бәрінен озып шықса, жүлде бере ме?

- Береді.

- «Жигули» ме?

- Солай шығар.

- Сонда бізде екі «Жигули» бола ма? Папама біреуін берді ғой.

- Төлегенге де береді.

- Екі машинаны қайтеміз?

- Төлеген өзі мінеді. Озып шықсын де.

- Ол озады, әже. Мектепте жүгіріп жарысқанда бәрінен озған.

- Аузыңа май, айналайын.

- Ол не дегенің, әже? Түсінбедім.

- Баяғыда таршылық заманда нан да, май да болмайтын. Сонда кішкентай ғана май болса, соны балалардың аузына жағатын.

- Жаққанда не болады?

- Аузының дәмін алады, жылауын қояды.

- Май мен жемеймін.

- Сендер майға, нанға да карамайсыңдар. Мына «Мишка» ғана керек қой. Замандарың солай. Үлкен болып өсе бер, - деп әжесі немересін маңдайынан сипады. Иіскеді. – Тың деген, шіркін, береке - құт қой. Бұл жерде тракторшы болу да бақыт. Кімнен кем әне. Аспанға ұшса самолеті, жерде жүйткісе машинасы дайын.

Әжесі мен немересі біраз әңгіменің басын қайырды. Екеуі де шаршаған жоқ.

Кешке өрістен мал қайтқан кезде ауыл көшесін шаң басып, құлақ тұндырғандай азан - қазан болатын әдеті бар ғой. Бүгін де солай еді. Табын солай алыстан көрінгенде - ақ есік алдына шығып, таяғына сүйеніп тұрған Төлеп қарт айнала қарап немересі Ләззатты іздеді.

- Лаззат! әлгі Ләззат қайда? Мал келіп қалды, - деп бір - екі рет дауыс білдіріп еді, ешкім жауап қатпады. Енді есіне түсті. Мана немересін жидек теруге өзі жіберген.

Үйдің алдына бір топ кішкене қыз келген. Бәрі де үшінші класқа көшкен Ләззаттың достары.

- Орманға барайық. Жидек терейік, - деді олар Ләззатқа. Ал, Ләззат есік алдында отырған атасына қарады.

- Бара ғой, алысқа ұзамаңдар, - деді атасы.

Бірақ немересі елп етіп жүгіріп кете қойған жоқ. Бір нәрсені сұрайын деп атасының қасына келді.

- Кешке малды кім қайырады?

- Мен бар емеспін бе?

- Е, жетпістен асқанша мал бақпай не істеді дедің?

- Ата, онда әуелі қоралардың есігін ашып ал,.. – деп Ләззат кіп - кішкентай болып атасына күнде өзі тындыратын шаруасының жайын түсіндірмек

болып еді, Төлеп қарт күліп немересін арқасынан қақты.

- Бара ғой, атаң да бірдеңе білетін шығар.

Кешке мал келіп қалған соң, Төкең жуас торы биесіне мініп, бір сиыры мен бес - алты қойын қайырып алмақ боып көшеге шықты. Әрине, үлкен кісі шаруаға тындырымды болатын: қой қорасының, құс қорасының есігін ашып, бәрін орынды - орнына тез жайғай қоймақшы еді.

Қызық қылғанда атасы әлекке түсті. Алдымен құсты қорасына қарай қоғамдап еді, тіпті бет - бетімен қашты. Ерсілі - қарсылы жүгіріп, өзі құс болып ұшатындай қос қолымен олай - бұлай ербеңдеп, үркітсе де ырқына көнбеді. Сонан соң биесіне мініп, қойын басқа қойлардан бөліп алмақ болып ұмтылды. Бір мезетте бөліне берген қойлары ат үстінде ербеңдеген мұны көріп, үрке тартқаны ғой. Төкең торы биесін қаншама тебініп, әбден зықысы шыққанша омыраулатса да бес - алты қойы тіпті дүркірей шапқылап бетімен қашады.

- Қап, мына Ләззаттың қорлығы өтті - ау, - деп атасы болмаған соң биесінен түсіп, жаяу біраз далбаңдады. Бірақ сонда да болмады. Қойлары танауларын көтеріп, иіскеленіп есік алдына келеді де, бір таныс дыбысты іздеп таба алмағандай тосырқап тұрып - тұрып, Төкең орнынан қозғала берсе тұра тартады. Қария әбден сілікпесі шығып

шаршады. Қажыған соң орман жаққа көз салып, Ләззаттың келуін тосты.

Бір мезетте кішкентай Ләззат сап ете түсіп, алдымен «қыт - қыт» деп шақырып еді, оның даусын таныған құстар жан - жақтан қанатын сабалап ұшып, өз қораларына жүгірді. Құсын түгендеп, қорасының есігін жапқан Ләззат енді «мә - мә - мә...ә - ә» деп бір - екі рет дыбыс бергенде әлгі үріккен қойлар тіпті магнит тартқандай ентелей жүгіріп, қорасына сып беріп кіріп кетті. Ләззат құсын да, қойын да, сиырын да әбден үйретіп тастапты. Бәрі орынды - орнына қамалған соң, мөңіреп, қыт - қыттап Ләззатты іздей бастады. Ол да жүгіріп жүр. Іле бәріне «тәртібің үшін, тыңдағаның үшін» деп уыс - уыс жем шашты.

Кеш бойы Төкеңнің әбігер әрекетін бақылап тұрған көрші қария ақырын басып үйдің қасына келіп:

- Төке, сіз тындыра алмаған шаруаны... - дей беріп еді.

- Кіп - кішкентай қолқанатым ғой, - деп атасы риза раймен Ләззатқа қарады.

- Не деп тұрсыз, мынау нағыз үлкен қолқанат емес пе! – деп көрші қария да сүйсінген кейіппен Төкеңді түзетті. Ләззат та ұялып, күліп тұр.

Нұржан алдымен Артекке жеткенше асығып еді. Поезд үстінде телміріп терезеге қараумен болды. Көз алдында көгілдір тау, шалқар теңіз, жасыл бақ, тамаша табиғат елестеді. Кітаптардан талай оқып, кинода, суреттерден көрген әйгілі пионер лагерінің бүкіл бейнесі өзіне таныс сияқты болады да тұрады. Расында да солай екен. Вагоннан түскен соң - ақ вокзал алдындағы алаңда пионер вожатый бастаған бір топ бала автобусқа мініп Артекке қарай тартты. Жолшыбай өзі талай көз қанықтырған ақ шаңқан сәулетті үйлер қатар - қатар тізіліп құшағына сіңіре берді. Тіпті ертегідегі сияқты ғаламат суреттер алдынан ашылды.

Солардың бәрі төртінші класты үздік бітірген Нұржаннның көкірегіне көп қуаныш ұялатып айналасына күлімсіреп қарайды. Артекте алғашында тосырқағандай томсарып жүрген болатын. Іле жаңа достар да тапты. Тез танысты. Кең байтақ Отанның түкпір - түкпірінен келген балалармен кездесті. Тюмень, Орал, Камчатка, Өзбекстан, Эстония... деп олар адрестерін айтып жатты.

- Сен қайдансың? – деді бір бала Нұржанға.
- Қазақстаннанмын.
- Охо, тың төсінен екенсің ғой.
- Астықты алқаптан.

- Ура! Бізге тың туралы айтасың! – десіп пионерлер мәз болысып қалды. Тың туралы естігендері көп көрінеді. Тағы да тыңдағылары келеді. Сол тыңның ортасынан келген пионердің сөзі қызықтырды оларды.

Осыдан кейін - ақ Нұржан да ойланып қалды. «Тыңнан келген пионер» деп ерекше құрметпен қарайтын болды өзіне. Балалар да жанына үйіріле кетеді. Дән теңізі туралы, миллиард жайлы, ғаламат шайқас жөнінде білгісі келеді.

- Егін теңіз сияқты көп пе?
- Шайқас қандай болды?
- Тыңды неге планета дейді?
- Үйілген астық таудай бола ма?
- Биіктігі неше метр? – десіп балалар сан қилы сұрақтарды жаудырады. Нұржан білгенінше жауап беріп жатады. Ол бәрін біледі. Тек қана тосын сұрақтар састырып тастайды. Өзіне әбден үйреншікті нәрсенің басқаларға қызық көрінгеніне таңданады.
- Қалай шайқасады?
- Кіммен шайқасады?
- Не үшін шайқасады? – деп сұрады бір балалар. Нұржан әуелі ойланып алды. Осы сөзге бұрын өзі де мән бермеген екен.
- Табиғатпен шайқасады, - деді ол.
- Онысы қалай?

- Бізде табиғат қатал. Жаз қысқа, салқын. Жаңбыр, қар жауады. Соған қарамастан диқан астық жинап жанталасады. Қиындықпен шайқасады.

- Қар жауса да астық жинай ма?

- Жинайды.

- Жаңбырда ше?

- Менің папам комбайншы. Жаңбыр аздап жауса тоқтамайды, ал құйып кетсе басылғанша тосып тұрады.

- Қалай жинайды?

- Жинайды. Бір дәнді жерге қалдырмайды. Бір дәнде жерге қалдырмай жинап аламыз деп қармен, жаңбырмен шайқасады. Жалғыз папам емес, бәрі солай.

Балалар Нұржанның маңына топтала түсті. Тың жайлы әңгімеге ынтық ықыластарды жүздерінен білініп тұр. Қайсы болсын сұрақ беруге тырысады. Нұржан да манағыдай емес, енді өзін еркін сөзіне бастады.

- Бидайды күндіз жинай ма? – дейді балалардың бірі.

- Комбайндар күндіз де, түнде де бір тоқтамайды. Жүре береді.

- Нұржан нағыз тың түлегі тәрізді маңдайы жарқырап мығым жауап береді. Комбайндардың соңынан жатақхана, асхана жылжып отырады.

Дикандар кезек - мезек сонда дем алып ұйықтап алады да, ауысып отырады. Комбайн тоқтамайды.

- Жатақхана, асхананы да сүйреп жүре бере ме?

- Иә, үйге барып уақыт алмайды. Оларға бір минут қымбат.

- Комбайн біреу ме? – бұл сұраққа балалар түгел күлді.

- Бір комбайнмен не бітіреді. Жүз - екі жүз комбайн қаптайды.

Соғыстағы танклерді көрдің ғой кинодан. Солар сияқты шұбап тартқанда нағыз шайқас сияқты көрінеді, - деп Нұржан өзі де қызыға түседі.

- Жер қозғала ма? – деді өзбек пионері. Балалар тыныстарын тартып тына қалған. Нұржан да іркілмеді.

- Дәл жаныннан жүз комбайн өткенде жер дірілдеп тұрады.

- Охо.

- Керемет қой.

- Ал, дән тасығанда қайтеді. Онда не болады?

- Комбайннан тасыған дән саулап қырманға күні - түні құйылып жатады. Сонда таутау болып үйіліп, қырманға да сыймайды, тасып сыртында дейін төгіледі, - деді Нұржан.

- Бидай тауы алыстан көріне ме?

- Алыстан қып - қызыл болып тұрады.

- Комбайншылар түнде тоқтамай ма?

- Тоқтамайды.

Сұрақтар таусылыр емес. Нұржанның әңгімесін пионер вожатый да тыңдап тұр екен. Ол бір ұсыныс айтты.

- Балалар біз ертең тауға саяхатқа шығамыз, костер лаулатамыз. Сонда тыңнан келген пионер Нұржан біздің құрметті қонағымыз болып, Қазақстан астығы туралы әңгіме айтсын. Қазір бөгелмейік, - деп ол балаларды теңіз жағалауына қарай бастап кетті.

Бұл ұсыныс басқаларды қуантқанмен Нұржанды онша мәз еткен жоқ. Сол сәттен бастап ойланумен болды. Теңізге барып, мөлдір суға шомылғанда да, қайтар жолда да, асханада да дамылсыз ойланды да жүрді. Қандай әңгіме айтады. Бар білетінін айтып берген сияқты. Енді міне жайдан жай қысылайын деді. Ауылын еске түсірді, әкесінің егін шапқанын, жер жыртқанын көз алдына елестетті. Бәрі де күнделікті іс, әдеттегі еңбек. Ешқандай ерлік, жойқын оқиға байқалмады.

Осындай күндердің бірінде Нұржан ғажап түс көрді. Түсінде ауылында жүр екен. Әкесімен сөйлесіпті. Тіпті қызық. Бәрі дәл өңіндегідей болды. Нұржан әкесінен тың игерушілер туралы айтып беруді сұрайды, өзіне пионерлер ортасында әңгіме жасау тапсырылғанын айтты.

- Папа, не айтамын? – деді Нұржан.

- Ой, балам - ай, тың өңірінде айтатын ерлік көп қой. Бұрын мидай дала болған жерлерде сәулетті селолар орнағанын, егін өсіріліп, жатқанын айт, - деп күлді әкесі. – Қарды, сазды тізеден кешіп жүріп алтын дән өсіргенің өзі ерлік емес пе. Менің досым Есләмбек бір күзде комбайнымен жалғыз өзі жиырма екі мың центнер астық бастырды. Бұл – облыс рекорды.

- Ал өзің ше?

- Мен жиырма бір мың центнер дән бастырдым.

- Охо.

- Бұрын неге айтпағансың? – деп Нұржан өкпелегендей болды.

- Өзің сұраған жоқсын ғой. Енді қысылғанда ғана... – дей берді де әкесі ғайып болды. Нұржан оянып кетті. Орнынан күліп тұрды. Ғажап түс еді бұл. Әкесімен әңгімесін еске түсірді. Расында да бұл әңгімені ұмытып жүр екен. Әкесінің өзі даңқты комбайншылардың бірі емес пе. Ленин ордені бар. Соны да айтуына болады. Осылай ойлана - ойлана келе Нұржан тың төсіндегі туған ауылының көп жайларын еске түсірді. Өздерінің қырманға баратындарын, қырағы көз болып жол үстінде күзетке тұратындығын, пионерлердің де астық жорығына қатысатынын айтуға дайындалды.

Ол балалармен бірге тысқа шыққанында өзіне қарап тұған басқа пионерлерді көрді. Бір - біріне сыбырлайды.

- Мынау пионер тыңнан келген.

- Тың игерушінің баласы.

- Тың туралы сұрадық.

- Онда керемет екен! – дескен үндерді Нұржанның құлағы шалып қалды. Қысылғандай болды. Өзі жайлы мақтау сөздерді ұнатпайды, ыңғайсыз көрді. Ауызға алардай әлі ешқандай әңгіме де айтпағаны белгілі. Әзір дайындалып қана жүр. Соның өзінде көзге түсіп қалғанына бір түрлі ұялшақтайды.

- Ертең біздің отрядқа кел, құрметті қонақ бол, пионер вожатыйдан рұқсат сұраймыз, - деді қасына келген бір бала.

- Бізге де кел. Тың туралы айтасың, - дейді тағы біреуі.

- Тыңдағы балалардың адресін бер. Хат жазысайық, - деді үшіншісі.

Осылай Нұржан жоқ жерден Артекте әйгілі болып қалды. Жалғыз бұл емес, онымен бірге Қазақстаннан келген басқа балалар да құрметті қонаққа айналды. Балалар міне осылай алыстағы Артекте жүріп «тың» атты планетадан тараған жылуға бөленді. Енді Нұржан үйін сағына бастады. Тың төсіне дала кемесін қалқытқан әкесін көруге асықты.

Бір уыс дән

Күз қабағы түнеріңкі. Аспанды қорғасындай ауыр бұлттар торлап алыпты. Қырман басында да мына табиғаттың зілді салмағындай тұла бойды тітіркендірер сұсты салқындық лебі соғады. Әр жерде қызыл бидай үйінділерінің етегін түріп, шашылған дәндерді ағаш күрекпен, сыпырғышпен жиыстырып жүрген әйелдердің жүздері де қабарып, түтігіп кеткен тәрізді. Жанарлары жасты, реңдері солыңқы. Қимылдары да біртүрлі, күрмеулі. 1942 жыл ғой. Жер - көктің бәрі де жаралы. Сонау соғыс зобаланының зәрі де осы алыстағы ауылға да сойқан ызғар жеткізіп тұр.

Қырмандағы әйелдер ауыл жақтан келген кішкене Төлебайды көріп бір жадырап қалысты.

- Күнбөпе, балаң келген екен.

- Қырманға тұңғыш келуі ғой, қалтасын бидайға толтырыңдаршы. Ырым қылайық, астық көп болып тасып - төгіліп жатсын.

- Күнбөпе, баланың ер жеткені емес пе, міне қырманға да келіп тұр. Бүгін қырманға келсе, ертең комбайнға отырар. Уақыттың өткенін де білмейсің әлі. Соғыс бітсін де.

- Қолына күрек ұстатыңдаршы. Қару ұстатпасын ылайым, күрек ұстап өссін.

Кішкентай Төлебай мұндаай ырым - жораны қайдан білсін, тек шешесіне қарап жаутандап күлген болады.

- Құлыным - ау күректі ұста әне, - деп шешесі емірене қарап еді, үстіндегі үлкен киімдері қолбандап Төлебай ағаш күрекпен бидайды мықшындап лақтыра бастады. Әйелдер баланы бидайдың үстінде домалатып, қалтасына дән толтырып берді. Мана төсегінен тұрғанда «апа, нан» деп ыңырсып оянып еді. Көзін ашса үйде жалғыз қалып қойыпты. Қарны ашып қырманға қарай тартқан беті осы. Үйде бір түйір қуырған бидай да жоқ екен. Ыдыс аяқтардың ішін бос даңғырлатып шықты. Кеше кешке шешесі екеуі табаға бидай қуырып жеген еді. Содан да ештеме қалмапты. Енді міне әйелдер қалтасына қызыл бидайды толтырғанда Төлебайдың іші жылып жүре берді. Әйтседе бір жағынан қорықты да. Осында жұрттыңбәрі де сыртынан «Шолақ қол» атап кеткен бригадир бар. Ол біліп қалса әңгір таяқты ойнатады. Төлебай соны ойлап тұла бойы тітіркеніп кетті.

- Керегі жоқ, колхоздың бидайын алмаймын, - деп біраз қиқаңдап еді әйелдер еркіне қояр емес. «Колхоздың бидайын алмаңдар» деп кейде дәл көшенің ортасында дігерлейтін бригадир. Сол есіне түскенде денесін үскірік қарып өткендей болады.

- Бір уыс бидайды қалтаңа ырым етіп салдық. Сен ұрлап жатқан жоқсың балам - ау.

- Ертең өскенде үлкен диқан болсын дегеніміз ғой. Осылай бір түйір дәннің қадірін біліп өс, айналайын!

- Ұялма, балам. Әкелерің болса... – деп біреуі кемсеңдеді.

- Шолақ қолдан қорқасын ба әлде? – бала еріксіз басын изеді. Тұрғандардың бәрі бір - біріне қарасты.

- Қорықпа, айналайын! – деді бір қарт әйел. – ол бізге ғана ұрсады. Соғыстан қаны бұзылған адам ғой, бізге ғана қожа. Кейде қамшы үйіріп те алады. Соғыстың кесірі емес пе бәрі. Сен қорықпа, ол балаларға тимейді.

Осыдан соң барып Төлебайдың көңілі орнықты. Ол қырманда бидай үйінділерінің арасында ойнап жүрді. «Соғыс» деген әлгі сұмдық сөз баланы да батыс беткейге қарата береді.

Кешке қарай қырманшы әйелдер үйге қайтуға жиналып жатқанда Шолақ қол келіп жұртты бір дүрліктіріп тастады.

- Қалталарынды ақтармаймын, бір түйір бидай салушы болмаңдар. Бидайды майданға жөнелтеміз. Майдандағылардың қарны ашпасын. Біз елдеміз ғой. Елде бірдеме қылып күн көрерміз. Кәнекей, қалталарыңды тексертіңдер.

Бригадир қамшысын бүктеп сау қолына былғары етігінің қонышын сарт - сұрт еткізіп қояды. Сол кезде Төлебайдың да жүрегі су ете түсті. Иығында қолқылдаған үлкен костюмінің ұзын қос етегі қалтадағы бидайдың салмағынан төмен тартылып салақ - салақ етеді. Баланың екі беті дуылдап, көзі жыпылықтап қалды. Шешесінің қасына жүгіріп барып, артына тығыла берді. Күнбөпе де қыпылықтап, бригадирдің сесінен сескенген сыңаймен бір орында айналшықтап қалды. Соны қапысыз аңғарған Шолақ қолдың дауысы қатты естілді.

- Күнбөпе, неменеге тұспалып қалдың? Жүрсеңші бері, алдыма таман келші.

- Мына баласы құрғыр...

- Бесіктегі бала емес қой. Соткалдай жігіт емес пе?! Жүр бері.

Төлебай шешесінің артында тасаланып келе жатып қалтасына қол салып еді бригадир байқап қалыпты.

- Қалтаңдағы бидайды жерге шашпа, бізге бір түйірі қымбат, мында кел. – Төлебай жылап жіберді. Мұрнынан су ағып қорсылдап, былжырады.

- Әй, Күнбөпе, балаң осындай былжыр ма еді? – деп енді бригадирдің даусы мүлде өзгеріп кетті. – Бері келе ғой, мен сені ұрмаймын да, соқпаймын да, қорықпа, алдыма келші, айналайын.

Баланың жасы тиылып, жұмсақ үнге елең ете түсті. Ақырын жылжып бригадирдің алдына тоқтады.

- Төлебай, айналайын - ай, сен жігіт емессің бе? Жылай ма екен. Сендей балалар өгіз айдап, арбамен астық тасып жүр. Жылағаны несі, ей? Бүгін қырманға бірінші рет келдің бе?

- Иә.

- Онда жарайды. Бізге қырманға тұңғыш келген баланың қалтасына бидайға толтыратын жақсы ырым бар. Бүгін бидайыңа тимеймін. Ал ертеңнен бастап бір уыс бидайынды маңдай терімен тауып жейтін бол!

Төлебай аңырып, бригадирге қарады. Шолақ қол оны бауырына тартып, жылы шыраймен ақырын ғана үн қатты.

- Ұйқышыл емессің бе?

- Жоқ, - деп басын шайқады Төлебай.

- Таңертең сағат алтыда тұра аласың ба?

- Ерте тұрып биені мен әкелемін.

- Ал өгіз мүйізін шайқағанда қорықпайсың ба?

- Қызыл өгіздің мүйізінен ұстағанда үстіне бірақ мініп алғанмын.

- Мінекей, жігіт екенсің! – деп бригадир де күлді. – Ал сары сайтандар адамның қай жерінде отыратының білесің бе? – Шолақ қол тіпті әлгі әзірдегі қаһарлығын да ұмытып, балаға қуақылана

сұрақ қойды. Төлебай мұндай тұспалды әлі түсінбейтін еді.

- Ой, білмейді екесің ғой, - дегенде қысқыла бастады. – Ендеше айтайын, ұғып ал: сары сайтан адамның желкесінен басып, кейде жамбастатып жатқызып тастайтыны болады.

- Сайтан бола ма сонда, аға? – деп енді Төлебай да еркін сөйлей бастады.

- Болады, айналайын. Жалқаулықты халық сары сайтан дейді. Оңдайың жоқ па еді?

- Жоқ, аға.

- Ендеше өгіз айдайсың ба?

- Жарайды, аға.

- Ертең күн шыға шешеңмен осында бол. Өгіз айдайтын балаларға бірер уыс бидай да беріп тұрамыз. Өгізді айдай аласың ба өзі?

- Қамшым да бар, аға!

